

Мырзатай
ЖОЛДАСБЕКОВ

ҰЛЫ ДАЛА
ӘДЕБИЕТІ





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВ

ҰЛЫ ДАЛА ӘДЕБИЕТІ

Астана, 2018

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Ж 69

Пікір жазғандар:

проф.др. Ахмет Бижан Ержласун (Түркия)

академик Иса Габиббейли (Әзербайжан)

проф.др. Кадырали Қоңқобаев (Қырғызстан)

Ж 69 Жолдасбеков М.

Ұлы дала әдебиеті. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. – 416 б.

ISBN 978-601-7793-94-4

561595


Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі түрколог-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзатай Жолдасбековтың бұл кітабына елу жыл бойғы жүйелі зерттеулерінің нәтижесінде жазылған Ұлы дала әдебиетінің көне дәуірдегі арғы тегі мен даму кезеңдері, кейіннен кемелденген жауһар мұра ретінде жаһанға танылып, жанрлық түрлері байып, жаңа заманға ұласқан сөз өнеріміздің алуан қырлы дәстүр сабақтастығы туралы іргелі еңбектері енгізілді. Автор Ұлы дала әдебиетінің тасқа таңбаланған ежелгі мәтіндері, қағазға түскен орта ғасырдағы нұсқалары, сонымен бірге XX ғасыр бедерінде ауызша үлгіде дамыған төкпе ақын-жыраулық поэзияның тұңғыш табиғатын кешенді де жүйелі сараптайды.

Кеңестер Одағының кезінде-ақ қазақ әдебиетінің тарихын 12 ғасырға тереңдеткен ғалымның болашақпен үндес еңбегі бүгінгі «Мәңгілік ел» мұратын ұстанған Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің баянды болуына қызмет ете береді.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-7793-94-4

© Халықаралық түркі академиясы, 2018
© Мырзатай Жолдасбеков, 2018



МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ	4
ҰЛЫ ДАЛА ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮП-ТӨРКІНІ ЖАЙЫНДА	10
I. ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ – ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРЫ	31
Орхон ескерткіштерін зерттеудің кейбір мәселелері.....	32
Орхон ескерткіштерінің табылуы және ашылуы	36
Орхон ескерткіштерінің аударылуы.....	44
Орхон ескерткіштері (VII-VIII ғ.ғ.)	53
Орхон ескерткіштері туған дәуір, ондағы тарихи шындық.....	56
Орхон ескерткіштерінің мәтіндері (VII ғасыр)	66
II. ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ-ПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ	161
Орхон ескерткіштерінің жанрлық сипаты	162
Орхон ескерткіші және қазақ эпосы.....	168
Образдар жүйесі	186
Орхон ескерткіштеріне тән қасиеттер	193
Орхон ескерткіштерінің көркемдігі	199
Бейнелеу тәсілдері	207
III. ҚАҒАЗҒА ТАҢБАЛАНҒАН ҚАҺАРМАНДЫҚ ДАСТАНДАР	215
Қорқыт (VIII).....	216
Бұқаш жыры	222
Салор Қазан ордасының шабылуы туралы жыр.....	225
“Бамсы-Бейрек” жыры	227
Қорқыт атаның музыкалық мұрасы	236
Оғызнама (IX).....	240
IV. АУЫЗША ДӘСТҮР АРНАЛАРЫ	253
Жамбыл және оның ақындық ортасы.....	254
Жамбылдың ұстаздары.....	267
Дүлдүл Майкөт ақынның айналасы.....	278
Кенен Әзірбаев	292
V. АЛТЫН ТҮЙІН	363
Күлтегін ескерткіші ғылыми көшірмесі Қазақстанда	364
ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМША	400
ӘДЕБИЕТТЕР	413

АЛҒЫСӨЗ

Азаттықтың ақ таңы арайлап атып, сан ғасырлар бойы халқымыз аңсаған тарихи қуанышты сәтпен қауышқаннан кейін тәуелсіз республикамыздың негізін қалап, көк туын желбіреткен тұңғыш президентіміз, ұлт лидері Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жүргізіліп жатқан сан салалы реформаны жүзеге асыруға жұмыла кірісіп, егемендіктің жауапкершілігін жүрегімен сезініп, тоқсан батпан ауыр жүгін қара нардай арқалап, қоғамдық ой-санаға қозғау салатын зерделі де қайсар тұлғалардың қажеттілігі, шынын айтқанда, зәрулігі біліне бастады.

Жарты әлемді уысында ұстаған империя күйреп, қоғамдық формациялар алмасып, экономикалық-әлеуметтік дағдарыс шиеленісіп, көрші елдерде соғыс өрті, бүлік-қақтығыстар бел алып жатқанда буыны бекімеген тәуелсіздігімізді қорғап қана қоймай, алға жылжытып, мемлекетіміздің әлемдік қауымдастықтан лайықты орын алуына, Отанымыздың қайта түлеуіне күш-жігерін арнаған Президентіміздің қасынан табылып, сенімді серігі болуға жараған қазақ элитасының сол кезеңдегі ауызбірлігіне, ынтымағы мен парасатына риза боласың.

Бәріміз білетін мемлекет және қоғам қайраткері, аса көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбеков сол үркердей шоғырдан көрінген дарабоз тұлғалардың бірі ғана емес, бірегейі болды. Тәй-тәй басқан тәуелсіздікпен бірге ұлтымыздың рухани жаңғыру, өз тамырына оралу құбылысы сол кезеңдерде серпіле басталып кеткені бүгінгі биіктен қарағанда анық байқалады. Ұлттық салт-дәстүріміз жаңғырып, Наурыздың қайта тойлануы, атын атауға мүлде тыйым салынған хандар мен билеріміз, батырларымыз бен даналарымыздың есімі елімен қауышып, олардың аруағына тұңғыш құран бағышталып ас берілуі, репрессияға ұшыраған Алаш зиялыларының ақталуы, мұраларының жариялануы, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге

ие болуы, шетелден қандастарымыздың ата-жұртқа оралуы секілді руханиятымыздың өрлеуіне негіз болған іс-шаралар жемісті жүзеге асты. Осынау игілікті істердің басы-қасында Президенттің алғашқы командасында болған тәжірибелі де білікті әрі тегеурінді бір топ қайраткер болды. Солардың арасында Мырзатай Жолдасбеков жаңа құрылып жатқан мемлекетіміздің идеология саласын басқарып, айрықша екпінді әрі табанды еңбек етті. Нақ осы тұста Мырзатай Жолдасбеков өзін нағыз мемлекетшіл, ұлтжанды азамат екенін танытты. Бұрын Мырзатайды білгір ұстаз, талантты ғалым деп білсек, тәуелсіздіктің елең-алаң кезінде өресі биік қайраткер ретінде көрдік. Президент Кеңесінің мүшесі, вице-премьер лауазымдарында қызмет атқарып, жүзеге асырған игі істерінің нәтижелері бүгінде де көрініс беруде. Ол Президенттің сенімді серігі ретінде Иран елінде алғашқы елші болып, елшілік қызметін абыроймен атқарды. Елге қайтып келген соң Дипломатиялық Академияны құрды, Еуразия университетін басқарды... Сондай қыруар мемлекеттік жұмысты атқара жүріп, өзінің ғалымдық міндетін де ұмытқан емес.

Қазақ әдебиеттану ғылымында сөз өнеріміздің даму табиғаты, түпкі негізі, бүгінгі күнмен сабақтастығын дәйектілікпен талдап, ой-санамызға түбірлі бетбұрыс жасаған қадау-қадау еңбектер бар. Сондай бірегей еңбектің бірі менің әріптесім, профессор Мырзатай Жолдасбековтың еншісіне тиесілі. Оның Орхон ескерткіштерін сөз өнеріміздің бастау көзі екенін тұңғыш дәлелдеген ізашар туындысы аса бағалы. Ол осынау еңбегі арқылы советтік идеологияның кесірінен әдебиетіміздің тарихын бертінгі Бұқар жыраудан бастап жүрген қағиданы өзгертіп, рухани ерлік жасағанын бүгінгі ұрпақтың қаперіне қайта сала кету артық болмас. Осылайша әдебиетімізді дәуірлеудің қисыны түбегейлі өзгеріске ұшырады, әдеби-мәдени ұлы мұрамыздың жасы 12 ғасырға тереңдеді.

Сөйтіп, Мырзатай Жолдасбеков ұлттық санамызға сәулесін түсіріп келген қаһармандық эпостарымыздың бастау арналары – Орхон мәтіндерінде бар екенін алғаш айқындап, жүйелі ғылыми

тұжырымға айналдыра білді. Бұл жолда Мырзатай Жолдасбеков өзін жас та болса терең білімді, ежелгі тарих пен мәдениеттің білгірі екенін де көрсете алды. Орхон ескерткішін жан-жақты зерттеп, оның бір жағынан әдебиет үлгілері екенін, екінші жағынан, тарихи оқиғаларын нақтылап, Түрк қағанатының қалай құрылғанын, оны кімдер, қашан басқарғанын анықтады. Алғаш рет түрк қағандарының династиясын айқындады. Олар: Бумын қаған, Естеми, Мұқан қаған, Таспар қаған, Құтлық (Елтеріс) қаған, Қапаған қаған, Білге қағандар болатын. Орхон мәтіндері тарихи әрі әдеби шығарма екенін айшықтап көрсетті. Ғалым Орхон жырларындағы эпостық сарындар, мақал-мәтелдер, теңеулер мен эпитеттер, шендестіру мен метафоралар секілді көптеген поэтикалық көркемдеуіш құралдардың қазіргі қазақ әдебиетінде дәстүр сабақтастығы тамаша сақталғанын ауқымды үлгілерді салыстыра талдап, тиянақты дәлелдеп берді. Көне жырды толғаушы жыраудың тек поэзия ғана емес, ара-арасында ырғақты қара сөз де кіріктіргенін, бұл эпикалық мұраға тән қолданыс екенін орынды тұжырымдады. Байырғы түркілердің атақоныс мекенін, өмір сүрген жер аумағын, көршілес елдермен болған алуан түрлі, сан салалы қарым-қатынасының маңызына, сипатына кеңірек тоқталады. Әсіресе түркілік танымдағы қасиетті Жер-су ұғымы, Өтүкен алқабының киесі, Тәңір, Ұмай культі туралы, бабаларымыздың отансүйгіш қасиеті, мемлекетшілдік санасы туралы байыпты пікір айтады. Күлтегіннің мінген тұлпарларын Қобыланды, Алпамыстың сәйгүліктерімен салыстыруы да – атбегілік өнеріміздің арғы ғасырлардан жалғасқанын айғақтайтын сарабдал түйіндер. Түркілердегі елдік ұғым, мемлекетшіл сананың ерте замандарда берік қалыптасқанын айта келе ғалым «Елді халық едім, елім қайда, қағанды халық едім, қағаным қайда?» деген ұранның ғасырлардан ғасырға ұласып, түрк ұрпағының сөнбес шырағына айналғанын Білге қаған, дана Тоныкөк бастаған ерлердің жанкешті күресі арқылы оқырманның санасына ұялатады. Осындай түркінің өшпес рухымен суарылған Орхон жырының түрк елінің төл жазуымен мәрмәр тасқа бәдізделгенін айтып, орта ғасырларда өзінің

әліпбиі бар өркениетті елдің алдыңғы қатарында өз бабаларымыздың орын алғанын мақтанышпен жазуы аса тағылымды, жас буынның арнамысын оятқан дүбірлі құбылыс болды. Тіпті бас кейіпкердің тасқа өрнектелген сырлы жазуды аттан түсіп оқуы «Алпамыс» эпосында айна-қатесіз суреттелгенін де айтып, эпикалық мұрамыздың тарихи жадыны сақтаушы, ұластырушы сипатын кеңінен ашып береді.

Орхон мұрасына әр аспектіде зерттеу жүргізген ғалым өмірде болған атақты көне түрк сардарлары Күлтегін, Білге, Тоныкөк тұлғаларын «Алпамыс», «Қобыланды», «Оғызнама», «Қорқыт ата» секілді ежелгі жырлардың кейіпкерлері және сюжеттік желісімен, поэтикалық кестесімен салыстыра зерттеп, салиқалы байламдарға, байыпты уәждерге қол жеткізді.

Ғалымның дана Тоныкөк, Йоллығ-тегіндерді жырау типінің ең ілкі өкілі екенін зерделеп, Ұлық жыршы, Кетбұға, Майқы, Сыпыра жырау, Асанқайғылардың арғы тамырлары осынау терең дәстүрден нәр алғанын дәлелдеуі әлі күнге дейін аса маңызды, құнды қисынға жатады.

«Қорқыт ата», «Оғызнама» секілді ежелгі дастандардағы сарындар мен кейіпкерлердің, жер-су атауларының, жағрапиялық түсініктердің қазақтың қаһармандық жырларында, әсіресе «Алпамыс батыр» секілді көнелігі ғасырлар қойнауына кететін ескі жырларда кездесетін бедерлі айшықтар екенін көрсетіп, эпикалық мұраның терең табиғатын аша түседі. Жалпы, Мырзатай Жолдасбеков – Орхон жырлары мен ежелгі әдебиет үлгілерін қазақ халқының құрамына енген байырғы ежелгі ру-тайпалардың рухани өмір-тіршілігімен, шежіре бұтағымен салыстыра зерттеп, түрк этногенезінің түп тамырына байыпты барлау жасаған оқымысты.

Ол жырауды жорықта қолбасы, бейбіт күнде бітімгер би-шешен, хандық құрылтайда толғау толғап, болашақты болжайтын сәуегей абыз, аса көрнекті мемлекет қайраткері екенін жан-жақты талдап, бұл қасиеттердің қазақ хандығы дәуіріне жалғасқанын, кешегі жыр алыбы Жамбыл жырауға да өнеге мектебі болғанын саралайды.

Сөйтіп, Мырзатай Жолдасбеков орнықтырған арналы концепция бойынша әдебиеттану ғылымының хронологиялық межесі өзгерді, осы жолайырық оқиғадан кейін әдебиетіміздің хақ төрінен Күлтегін, Тоныкөк, Йолығтегін секілді тұлғалар жарқырап орын алды, түркілік ар-ожданымыз қайта түлеп, буырқана оянды. Кешегі жыраулардың сарқыны ақын Кенен атадан бата алған ғалымның зерлі де шешен тілімен Күлтегін, Тоныкөк эпостарының сан ғасырдан кейін қазақ тілінде еркін сөйлеп, елмен қауышуы шын мәнінде қара тасқа тіл біткенмен тең айтулы оқиға болды.

Сонымен бірге білікті ғалымның шығармашылық жұмысының маңызды бөлігі Жетісу ақындарының жыршылық мектебін зерделеуге арналды. Ақиық тұлға Сүйінбай ақынның айналасы, Қабан жырау, Бақтыбай, Майкөт, Бөлтірік, Құлмамбет секілді көптеген жыр дүлдүлдерінің ғибраты, өлең өлкесіне салған айшықты соқпағы сараланды. Жамбыл және оған өкшелес өнерге келген халық ақындарының ғұмырбаяны мен шығармашылық мұрасын табандылықпен зерделеп, ел арасынан қажымай іздестіріп жинап, кейбір ұмытыла бастаған жыршыларды әдебиет тарихына қосуы – еңбекқор ғалымның қолтаңбасының тағы бір бағалы айшығы.

Білікті ғалымның қолымызға тиген мына толымды еңбегі – оның ұзақ жылдар бойғы жүргізген зерттеулерінің алтын түйіні. Расымен тым ұзақ тарихи дәуірлер мен көшпелі ұлыстар жөңкілген шексіз салқар кеңістікті қамтитын тамыры терең ежелгі әдебиетіміздің дәстүр сабақтастығын, бүгінмен жалғастығын саралаған іргелі еңбекті «Ұлы дала әдебиеті» деп атағаны да орынды.

Даланың дана жырау, абыздарының түрк бітігінде тасқа түскен жырында ежелгі заманнан төл жазуға ие дегдар халық екеніміз, төл эпосымыздың тек-тамыры тереңде екені паш етіледі. Мемлекеттік дәстүр мен төл түрк бітік жазуы өркениеттің айшықты белгісі екенін осылайша жас ұрпақтың зердесіне тоқиды. Сонымен бірге «Ұлы дала әдебиетінің» бір феномені ауызша дәстүр арнасы саябырлап, сарқылып қалмай, XX ғасырдың ұлы жырауы жампоз Жамбыл

бастаған төкпе ақындар арқылы жаңа заманда қайта жаңғыруы еді. Міне, ғалым көне заман қойнауында тасқа таңбаланған жазбаша нұсқа мен бұрынғы-кейінгі ауызша дәстүрдің арақатынасын түркология ғылымының бүгінгі биігінен байыптап саралайды.

Мырзатай Жолдасбеков сексеннің сеңгіріне келгенмен сергек ойлы, ұлтының рухани жоқшысы болып жүрген марғасқа азамат. Ол қайда жүрсе де қасына дарынды жастарды жинап, мәдениетіміз бен өнерімізге қамқорлық жасаудан таймай келеді. Тәуелсіз еліміздің рухани өміріне үлес қосып жүрген жастардың оны ұстаз тұтуы – педагогикалық тәлімгерлігінің жемісі.

Ол сонымен бірге елімізде болып жатқан қоғамдық-саяси маңызды құбылыстарға бей-жай қалмай, саңқылдап үн қатып, қалам сиясын құрғатпай, нені жазса да өзіне тән жорға тілімен жосылтып-көсілтіп жазатын тұлпар қаламның, шалқар шабыттың иесі.

Қаламгерлігі мен қайраткерлігі үндескен парасатты тұлғаның туындысының әр парағы халқымыздың өткен шежірелі мұрасымен тәуелсіз еліміздің жас буынын жалғай береді. Лайым осы алтын арқау берік те берекелі болсын демекпіз.

**Сейіт ҚАСҚАБАСОВ,
ҚР ҰҒА академигі**

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТҮП-ТӨРКІНІ ЖАЙЫНДА

Ғұндар империясы құлағаннан кейін Еуразия кеңістігінде дүниенің төрт бұрышын кернеп, тарих сахнасына жаңа қағанат – Түрк¹ қағанаты шыққан еді. Олар елдік құрып, мемлекет орнатып, жарғы жасақтап, шаһар қала салып, өмірден өткен аруақтарына арнап мәрмардан мүсін қашап, байтақ тарихи-мәдени мұралар қалдырып кетті. Мәңгілік ел орнатпақ идеясын, тарихын, дүниетанымын, әдет-ғұрып, ой-санасын өшпестей етіп тасқа қашап жазып кетті. Өне бойы өсиет-өнеге толы сол байырғы ескерткіштердің соншама замандар мен дәуірлерді басынан өткізіп, бізге бабалар аманатындай аман жеткені таң қаларлық құбылыс.

Сол құндылықтарды зерттеуде, өркениет тұғырына көтеруде әлем ғалымдары ғасырлар бойы үздіксіз атсалысып келеді. Түркологияның негізін салған В.В. Радлов, В.Л. Томсен бастаған жүздеген ғалымдар бүкіл өмірін осы салаға арнады.

Түркология ғылымы Еуропада туды, XX ғасырда Ресейде классикалық деңгейге көтерілді, Кеңес дәуірінде саясатқа да айналды. Сөйтіп, әр республика өз түркологиясын жасап, байырғы ортақ мұраны әр түрк тектес халықтар иелік еткелі бақталасып, талас тудырып, жүйеден адасты. Ғылым саяси құралдың ойыншығына айналып «Түркі» деген жасанды термин ойлап табылып, атажұрт пен Анадолыдағы ағайындардың арасын алшақтатудың амалы қарастырылды. Бағзы заманнан бізге жеткен мұралардың «Көне түркі ескерткіштері» деп аталуы да Советтік кезеңнің салқыны еді. Дұрысы – «Көне түрк ескерткіштері» болатын. Исі түрк халықтары тарихқа, тілге, дінге келгенде балталаса да бөлінбейміз, біргеміз. Көне ескерткіштерде, түрк бітігінде «түрк» деп айтылады. Ендігі жерде осы түрк сөзіне тоқтауымыз керек.

¹ Кеңестік кезеңде ата жұрт пен Анадолыдағы ағайындардың арасын алшақтату үшін қолданылған жасанды «түркі» термині бұл шығарылымда ТҮРК деп берілді

Ата тарихымызға, шежіремізге, тәрбие-өнегеміздің өзегіне айналған көне түрк ескерткіштері желдің өтінде, елдің шетінде, күннің астында, күтусіз-қараусыз соншама заманды өткізіп бізге жеткені таңқаларлық құбылыс. Өкініші, кешегі күнге дейін бабалар жасап кеткен байтақ мұраны өз тарихымыз тұрғысынан зерттеп, пікірімізді айта алмай келдік. Шетелдік зерттеушілер біздің тарихымызды өз мемлекетінің мүддесі тұрғысынан және өз таным-түсінігі деңгейінде ғана жазды. Оның үстіне жердің де, елдің де, тарихи тұлғаларымыздың аттарын да әбден шатастырып жіберді.

Сондықтан, «Асыл арналар», «Тастар сөйлейді», «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» еңбектерімізде бізден бұрынғы аудармашылардың қатесін түзеуге тырыстық. Жасыратыны жоқ, В.В. Радлов та, П.М. Мелиоранский де, кейінгі аудармашылар да түпнұсқадағы көп сөздерді қате түсінген, жаңсақ аударған, кейбір сөздер былай тұрсын, тұтас сөйлемдер аударылмай қалған. Мұның себебі, ол ғалымдар ескерткіштерді өздері білген түрк тілдеріне икемдеп, тарихын, салт-дәстүрін, дүниетанымын, өзге де ерекшеліктерін жете танымаған. Ең бастысы, ол ғалымдар Түрк қағанатын тұтас мемлекет-империя деп мойындамады, тек тайпалар одағы ретінде қарастырды. Өйткені олар Түрк өркениетін мойындағылары келмеді. Осының салдарынан ескерткіштегі көптеген саяси терминдердің өзі теріс аударылды.

Ұлы даланы ен жайлаған бабаларымыз мемлекеттіліктің өзіндік үлгісін қалыптастырған. Мемлекеттік рәміздері, орталықтандырылған жүйесі, әскери құрылымы, заң-жарғысы тұрғысынан түрк қағанаттары мемлекеттіліктің барлық шарттарына сай келетін. Аттың жалында өскен қаһарман халық Еуразия кеңістігіне толық ықпалын жүргізген, дала демократиясын орнықтырып, сөз бостандығы салтанат құрған. Дүниенің төрт бұрышын алған, әлемді аузына қаратқан, мәңгілік ел орнатуды армандаған Тәңірден жаралған түрк қағандары мәңгі тасқа қашап: «Биікте көк Тәңірі, төменде қара жер жаралғанда, екеуінің арасында адам баласы жаралған. Адам баласы үстіне ата-

тегім Бумын қаған, Естеми қаған отырған. Түрк халқының ел-жұртын қалыптастырған, иелік еткен. Дүниенің төрт бұрышы соларға қараған», – деген сөзді жазып кеткен. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды басынан кешкен түркітер аспан асты, жер үстіне тұтас иелік еткен, көрші елдермен дипломатиялық (мәмілегерлік), экономикалық-сауда қарым-қатынасын орнатқан. Күндіз отырмай, түнде ұйықтамай, жерін ұлғайтып, ашты тойындырған, жалаңашты киіндірген, азды көп қылған, бәрін бейбіт етіп, ел-жұртын бақытты еткен. Басы барды – идірген, тізесі барды – бүктірген. Құдіретті қағанат құрған, әділеттік орнатқан. Білікті, ұлы түрк қағандары дүниеден озғанда, досы түгілі, дұшпаны да егіліп, көзінің жасы көл болып жоқтау айтқан. Күлтегін, Білге қағандар дүниеден озғанда Таң императоры жылап-еңіреп көңіл айтып хат жолдаған, арнайы бес жүз кісілік делегация жіберген, көңіл хатын тасқа қашап түсірген. Мұны мемлекеттілік деп танымауға кімнің дәті барады?

2005 жылы «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» деп аталатын көлемді ғылыми еңбекті дайындап, басып шығарып, көпшіліктің игілігіне ұсынған едік. Ол еңбекте – Түрк қағанатының Орхон, Селенгі, Тоғула /Тула/ дарияларының бойында қалдырған жазу үлгілері, тарихи-мәдени мұралары қамтылған.

Атласқа шығысы – Хянган жотасы, Сарыөзен, батысы – Еділ дариясы, түстігі – Ұлы қорған, терістігі – Лена дариясына дейін төрт құбыласын керіп, Еуразия даласына 300 жыл бойы билік жүргізген империялық Орда маңында қалдырған мұралары енгізілді.

Көне түркітер бұдан 1200-1500 жыл бұрын ұлыс боп ұйысып, елдік құрып, мемлекет орнатып, тілі мен ділінің, тарихы мен әдебиетінің алтын сандығы – көне түрк алфавитін жетілдіріп, далалық өмір мен қалалық салтты шебер үйлестіріп, сәулет өнерін шыңдап, өткен аруақтарына арнап мүсін қашап, ұрпағына байтақ тарихи-мәдени мұралар қалдырды. Мәңгілік ел орнату идеясын, дүниетанымын, тарихы мен дәстүрін өшпестей етіп тасқа қашап кеткен көне түркітердің – бабаларымыздың жазу өнерін, мемлекеттігін, ел басқару жүйесін,

ұрпағына мирас етіп қалдырған асыл өнегесін терең зерттеу – өзін тікелей мұрагер санайтын қазақ ғалымдарының ең жауапты міндеті, қасиетті борышы. Таңбалы тастардың тылсым сырларын аша түсетін мезгіл әлдеқашан жетті.

Орхон, Селенгі, Тоғула бойында қалдырған мұралардан Орда-балық, Бай-балық, Қатын-балық, Тоғула-балық, Мағы-қорған сияқты бес қала, 100-ден астам киелі орындар, 1000-нан астам мүсінтастар, балбалдар, қорымдар; брахми, соғды, ұйғұр, моңғол, кидан, манчжур, араб, қытай, байырғы түрк, манихей алфавитімен жазып қалдырған жүздеген жәдігерліктер сақталып бізге жетті. Өкініші, ата тарихымызға қатысты құнды ескерткіштер мен асыл мұралар бізге тұтас жеткен жоқ.

Мыңдаған жылдар бойы ашық аспан астында, боран мен желдің, ыстық пен суықтың, жауын-шашынның өтінде, талай алапат соғысқа куәгер болған көне ескеркіштер жеміріліп, табиғи эрозияға ұшырап үгітілді, тозды, қаншамасы қасақана жойылды.

Міне, осындай себептермен, азуын айға білеген айбарлы көк түркілердің жасап кеткен ұшан-теңіз тарихи-мәдени мұраларының біздің қолымызға жұрнағы ғана жетті. Көне түрк мәдениетінің құндылықтарын танып, зерттеп, зерделеу, ғылыми нысанға айналдыру, ұрпаққа жеткізу ендігі қасиетті борышымыз.

Ешбір ұлт пен ұлыс, этнос бір күнде пайда боп ғасырлық дүние жасай алмайды. Ерте дәуірінде қағанат орнатқан түркілер де әлем мойындаған соншама құнды мұраларды мыңдаған жылғы үзілмей келе жатқан дәстүр сабақтастығының нәтижесінде жасады, халық даналығының мол тәжірибесі негізінде жинақтады. Бұл ретте қауым мен жеке адамдардың ізденісі халықтың шығармашылық белсенділігі, тарихи-мәдени жады үлкен роль атқарды.

Дарынды түрк әулеті, түрк халқы Орхон, Селенгі, Тоғула дарияларының бойына қала салып, хан ордасын орнатып, тағзым етіп, құлшылық жасайтын ғибадатхана, ғұрыптық кешендерін

тұрғызып, тас қашап, батырлары мен көсемдерінің, бабалары мен абыздарының бейнесін, мүсінін жасап, ұрпағының ұрпағына арнаған мың жылдық сөзін, тарихи манифесін көк тіреген көгілдір гранитке – мәңгілік «мәңгі тасына» қашап жазып кетті.

Сол тарихи-мәдени жәдігерлікте көшпелілер әулетінің елді, шаруашылықты басқару жүйесі, айналысқан кәсібінің мәдени типтері, салт-дәстүрлері жайында мол деректер сақталған.

Демек, Орхон бойындағы жәдігерліктер – өзіне дейінгі мың жылдықтардың тарихи тәжірибесін бойына жинап, өзінен кейінгі адамзат әулетіне оны тарихи-мәдени мұра етіп қалдырған аса бай құндылықтар қазынасы. Бұл қазына – көне түрк мәдениеті, көне түрктердің болмысы, ділі мен тілі, діні, зейін-жады, даналығы, дүниетанымы, мәдениетінің өшпес айғақтары, әлем өркениетіне қосқан үлесі.

Осынау өркениет құндылықтарын дәріптеуге әлем ғалымдары ғасырлар бойы атсалысты, әлі де жалғасуда. Түркологияның негізін салған В.Л. Томсен, В.В. Радловтардан бастап жүздеген ғалымдар алтын уақыты мен арман-мүддесін осы игілікті іске арнады.

Біз де сол іргелі ғалымдардың сындарлы еңбектеріне, бай тәжірибесіне сүйене отырып, ұзақ жылдар бойғы зерттеулеріміздің нәтижесін ортаға салып отырмыз.

А.Гейкель, В.В. Радлов атластарының басылып шыққанына да бір ғасырдан астам уақыт өтті. Осы аралықта Моңғол жерінен байырғы түрк үлкен ескерткіштерімен қатар ұсақ жазулар, мәдени-рухани мұралар молдап табыла бастады. Сол тарихи-мәдени құндылықтарды жүйелеп, «Орхон ескерткіштерінің толық Атласын» жасау, сөйтіп ғылыми игілікке айналдыру әлем түрктанушыларының кезек күттірмейтін міндеті, уақыттың талабы еді.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялағаннан бері тарих ғылымына мықтап көңіл бөле бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен

жүзеге асқан «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Ғылыми қазына» секілді көптеген кешенді бағдарламалар арқылы алыс-жақын шетелдерге экспедиция аттандырылып, мол мұра, сирек кездесетін дерекқор жинақталғаны осы жұмысқа да екпін берді.

Тарих – сол елдің рухани іргетасы, ұлттық мәйегі. Қазақ халқы тарихи тамырын ерте орта ғасырда әлемге әйгілі болған көк түркілерден, байырғы ғұндардан, ежелгі скиф, сақтардан желілейді. Өзге түркі тектес халықтар тәрізді қазақ халқы да сол тарихтың тікелей мұрагері. Әсіресе қазақ халқының тарихын көне түркілер тарихынан еш бөліп қарауға болмайды. «Көп түрік енші алысып тарасқанда, қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па» деп алаштың аймаңдай ақыны Мағжан жырлағандай, геосаяси орыны мен тарихи-рухани кеңістігіне сай ежелгі түркілердің тікелей мұрагері алдымен қазақ халқы. Бөрі басты байрақ көтерген көне түркі бабалардың сарқыты болған қазақ халқының жадысында ғана «бөрілі байрақ» коды сақталғандығы таңғажайып құбылыс. Сол себептен де Жетісу ақындарының алтын діңгегі Сүйінбай:

*Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым .
Бөрілі байрақ көтерсем,
Қозып кетер қайдағым, – деп жырлады.*

Бүкіл түрік дүниесіне ортақ, қазақ халқының тікелей ата-бабасы, арғы негізі болған Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк рухымен жас ұрпақты тәрбиелеуді қазақ халқының бүгінде мұратына айналдыруының негізгі себебі де тәуелсіз рухты шыңдап нығайту, тарихи жадыны жаңғырту.

Қазақстан Үкіметінің пәрменімен Орхон бойындағы Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесін жапон мамандарына жасатып, 2001 жылдың 18 мамыры күні Еуразия ұлттық университетіне орнатып, «Байырғы түркі өркениеті – жазба ескерткіштер» деген тақырыпта халықаралық конференция өткіздік. Бұл ғылыми конференция ел тарихын, түркітану ғылымының беделін жоғары деңгейге көтерді.

Еуразия ұлттық университеті 2002 жылы Моңғол жеріне арнайы экспедиция аттандырып, байырғы түрк жазба мұраларын фото және бейне таспаға түсірді. Соның нәтижесінде көне мұраның ұлттық коллекциясы пайда болды. Сөйтіп түрк заманынан қалған ата-баба мұраларын зерттеудің жаңа дәуірі басталды. Бұл игілікті іске Қазақстан Республикасының Премьер Министрінің сол кездегі орынбасары И.Н. Тасмағамбетов тікелей атсалысып, көп еңбек сіңірді.

Сонымен бірге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан Түрк әлемінің «Жазу тарихы музейі», эпиграфика лабораториясы ашылды.

Орхон ескерткіштерін әлем ғалымдары зерттегелі ғасырдан аса уақыт өтсе де, күні бүгінге дейін олардың жүйелі деңгейде толық сипаттамасы жасалмаған еді. Еуразия Ұлттық университетінің ғалымдары түпнұсқамен салыстыра зерттеп, Орхон ескерткіштерінің жаңа транскрипциясын, жаңа аудармасын және толық сипаттамасын жасадық. Осы жолдардың авторының ұзақ жылғы ғылыми жұмысының нәтижесінде «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» дайындалды.

Ғасыр толғатқан, ғылыми қауымның тәжірибе-білігін жүйелеген «Орхон ескерткіштерінің толық Атласы», сөйтіп Қазақстанда туды.

Атласқа жазуы бар ірі ескерткіштерден – тоғыз, жазуы жоқ шағын жүз он бес ескерткіш, киелі кешендер түгел енді.

Атласта байырғы түрк ескерткіштерінің қандай мұра екендігі, не үшін орнатылғандығы анықталды, олардың орны айқындалды, археологиялық талдау жасалды, көк түрктердің дүниетанымы – Тәңірлік наным-сенімі зерттелді. Хунну, Түрк, Моңғол империясын тудырған идеология – осы тәңір сенімінің танымы еді. Байырғы түрктер өз әліпбиін осы идеологияның негізінде түзген.

Рухани қазына мен Ұлы дала халқының тайпалық-ұлыстық шежіресін, генезисін сараптасақ, Түрк қағанатының, исі түрік әлемінің алтын қазығы да, атажұрты да – тарихи сана тұрғысынан да, этникалық тегіне қараса да, географиялық өлшеммен тексерсек

те – қазақ жері, ал ұйытқысы, мәйегі – бүгінгі қазақ халқын құраған ру-тайпалар екені айқын деуге негіз бар.

Орхон ескерткіштерінен оқып-таныған және бұлтартпайтын шындықтар осылар. Біз осы уақытқа дейін өз мұрамызға өзіміз ие бола алмай келген, тарихы тоналған, саясаттың құрбаны болған, әркімге жалтақтап қараған елміз. Ол әдеттен арылу – тәуелсіздік талабы.

Біз Орхон ескерткіштерін қайта көшіріп, транскрипциясын қайта жасап, заман талабына сай қайта аудардық. Олардың түсініктемесін бердік.

Біз Атласты әзірлеу барысында, ескерткіштерді транскрипциялаған, аударған кезде өзімізге дейінгі ғалымдардың зерттеулерін, әсіресе жеке лексикондарға, этимологияға, грамматикаға қатысты еңбектерін, мейлінше түгел пайдаландық. Атлас соңында Орхон ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың анықтамасы толық берілді.

«Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» жайында «Егемен Қазақстан» газетінің 28 мамыр күнгі санында «Алтын арқаулы асыл мұра» деген атпен сұхбат жарияланды. Атластың шығуына байланысты газет халықтан сүйінші сұрады. Көпшілік Атласқа қатысты басқа да ойларымызды сол газеттен оқыды деп сенемін.

«Орхон ескерткіштерінің толық Атласы» – түркология ғасыр толғатып, жұртты сағындырып дүниеге келген кітап. Бұл, расында, аз еңбек емес еді. Бірақ біз көне түрк ескерткіштеріне қатысты шындықтың бәрін түгел айттық, «Атлас» мінсіз деп отырғанымыз жоқ. «Атласты» дайындау оңай болған жоқ. Өзге дәуірде, өзге қоғамда жасалған ескерткіштерді оқып-тану да, сараптау да, салыстыру да, сөйтіп түркологияның бұл жайындағы бүгінгі сөзін айту да қиынға түскені рас. Қалай дегенде де ақиқаттан алшақ кеткеніміз жоқ.

Әлі де талай ескерткіштің табылатынына, біз жасаған тұжырымдардың екшеле, тиянақтала түсетіндігіне күмәнданбаймыз. Десе де қырық жылдан аса тер төгіп, көз майын тауысқан, жүйке тоздырған бұл еңбектің арысы түркологиядағы, берісі Қазақстан

қоғамтану ғылымындағы белестің бірі болып қалатындығында күмән жоқ.

Түркология ілімінің негізінде де бірігу идеясы жатыр. Ендеше, атасы бір, анасы бір, тектес, бауырлас түрік халықтарының бірігуден, тізе қосудан, тұтаса түсуден басқа жолы жоқ. Біріксек, бір болсақ қана біз бабалар өсиетін орындай аламыз. «Атлас» ата мұрасын танып-білуімізге де, бәріміздің бірігуімізге де қызмет етеді.

Мәңгілік ел орнатамыз деп шарқ ұрған, заманының ұлы империясы – Түрк қағанатын құрып, келешекке осыншама байтақ жерді, сарқылмайтын, таусылмайтын байлықты, тозбайтын дәстүрді қалдырып кеткен Бумын, Естеми, Құтлық, Білге қағандар да, абыз Тоныкөк те, айбынды Күлтегін де – бәрі де бабаларымыз. Байырғы түрк даналары иелік еткен жер де, дәулет те, қалыптасқан дәстүр де, ой-сана да ең алдымен қазаққа мирас. Түрк қағанатының, исі түрк әлемінің алтын қазығы да, атажұрты да, тарихи тұрағы да, этникалық тұрғыдан да, географиялық тұрғыдан да, қазақ жері, ұйытқысы, мәйегі де бүгінгі қазақ халқын құраған ру-тайпалар деген шындықты қайталап айтқым келеді. Сондықтан да, осы ұлы мұраларды тереңірек зерттеу бізге үлкен жауапкершілік жүктейді.

Жалпы, Ұлы дала әдебиеті бүгінгі дәуірге үш тәсілмен жетіпті: Тасқа бәдізделген мәтін (Орхон ескерткіштері); Орта ғасырларда қағазға түсіп қолжазба нұсқада жеткен жыр-дастандар; Көрнекті өкілдері XX ғасырға дейін ауызша дәстүр арнасында жеткен төкпе ақын-жыраулар мұрасы.

Ұлы дала әдебиетінің осынау үш тәсілмен жеткен үлгісі де бір-бірімен алуан түрлі дәстүр сабақтастығы арқылы ұдайы байланыста дамығаны байқалады.

Ұлы даланың ежелгі дана жырауларының, абыздарының тасқа қашап жазған жырлары біздің эпостарымыздың түп-тамырының тым ертеде жатқандығының және ол дәстүрдің қазақ ішінде бүгінге дейін үзілмей жалғасып келе жатқандығының айғағы. Бұл асыл дәстүрді бертінде Қабылиса, Сүйінбай, Майкөт, Құлмамбет, Жамбыл, Кенен,

Үмбетәлі секілді ақындар жарқырата жалғастырып, дамытқан еді. Кітапқа осы ақындар жайында менің үзбей жазып келе жатқан еңбектерім де енді.

Қабырғалы қазақ халқының басынан кешкен қоғамдық формацияларға зер салсақ, онда сол әрбір дәуірдің өзі тудырған мәдениет, әдебиет үлгілерін аңғарып таныған болар едік. Ол үшін тіпті әріге бармай-ақ, заманымыздың VII ғасырында дүниеге келген Түрк қағанаты кезеңінен бергі жерді қысқаша шолып қарайықшы...

Ежелгі жазбаларда, тарихи ескерткіштерде бұл дәуірдің ірі мәдениет ошағы, ғылым ордасы ретінде Қазақстанның Отырар (Фараб), Тараз, Исфиджаб (Сайрам), Сүткент, Сығанақ, Сауран, Баршынкент, Янгикент, Алмалық, Қойлық, Екіөгіз, Ілебалық, Ясы, Баласағұн, Меркі, Құлан тағы басқа қалалары аталады.

VII-IX ғасырларда шеберлік, сәулет өнерлері кең өріс алады. Мұны дәлелдейтін бірсыпыра ғаламат ескерткіштер бізге дейін жетіп отыр. Олардың ішінен Айша бибі, Қожа Ахмет Яссауи мазар-мавзолейі өзінің архитектуралық шешімімен, әсем ою-өрнектерімен тамсандырып, таңдандырады.

Жазба деректемелер мен жер астынан табылған өнер бұйымдары сол кездердің өзінде-ақ кәсіби шеберлердің – ұсталардың (теміршілердің), зергерлердің, тас қашаушылардың, қолашылардың, тас оюшылардың (бәдізшілердің) – болғандығын көрсетеді. Бұл жайында Византия елшісі Земархтың жазып қалдырған құнды деректері де өте қызықты.

Аталған кезеңнің шеберлік өнері сонау біздің заманымызға дейінгі сақ, үйсін, қаңлы дәуірлерінде туған ертеректегі мәдени дәстүрлер негізінде дамиды. Сол кездердің сақталып бізге жеткен тарихи аңыздарында халықтың ұғымына сәйкес қасиетті жерлер, соғыста қайрат көрсеткен ерлер дәріптеледі. Мұның мысалы ретінде көне жазуларда ерекше аталатын тамаша «Отыкен» қойнауы мен ғажап тау алқабын, Ергенекөң жайындағы жыр жолдарын, басқа да әсерлі аңыз-ертегілерді айтуға болар еді. Сол аңыз-ертегілерде аталған

жерлер ыдырап тозған елдің құтты мекені, шапқыншылықтан қажыған ердің панасы ретінде суреттеледі.

«Осындай аңыз-әңгімелердің негізінде келіп VII-IX ғасырларда халық ауыз әдебиеті ерекше дамыды; мұнда халық бұқарасының мұң-мүдделері, езгі көрген ауыр тұрмысы, олардың еткен еңбегі, бостандық сүйі, жат ел жаулаушыларына өшпенділігі бейнеленген» деп жазады қазақ тарихы жайында жазылған іргелі еңбекте.

Сол рулық дәуірдің тұрмысынан туған өлеңдер, ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер көп. Халық тудырған қанатты сөздердің жылдап емес, ғасырлап жасалып, бірте-бірте ұшталып, өткірленіп барып бұлжымас әсем, ойлы, қалыпты тіркестерге ұласатынын білсек, онда: «Табы бірдің тәңірі бір», «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес», «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге таралар», «Ұлың - Ұрымға, қызың - Қырымға», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» тәрізді мақал-мәтелдерді сонау түрк дәуірінде-ақ туған халық ойының көркем ескерткіші деп білеміз. Халық творчествосының қаншалықты дамығандығын қара орман халықтың өмір тәжірибесінен туған осындай сан алуан бейнелі тіркестердің өзі-ақ айқын дәлелдеп береді.

Бір ғана бұл емес, VII-IX ғасырларда түрк тектес тайпалардың арасында әдеби дәстүр қалыптаса бастайды, соның нәтижесінде әдебиеттің кесек үлгілері туады. Оған ақындық тәсіл мен дәстүрдің ең ертедегі белгілі туындысы есептелетін *Орхон ескерткіштері* толық айғақ бола алады. Демек, мұның өзі, сол аталып отырған дәуірде құлпытас беттерінде сақталғандай, жазба әдебиет белгілерінің көріне бастағандығын толық растайды.

IX ғасырдың басынан арабтар осы күнгі Орта Азия, Қазақстан жерлерін жаулай бастады. Соның салдарынан жергілікті халықтардың бұрынғы мәдениеті талқандалып, түрк рулары қолданған әліппелер, жазу-сызулар мүлдем жойылады да, олардың орнына араб тілі, араб әліппесі, араб мәдениеті таратылады.

Бұл кезде оқу, ғылым, әдебиет – бәрі де араб тілі, араб мәдениеті ықпалында дамыды. Кейбір оқымыстылардың Орта Азия мен Қазақстанда бұрынғы уақыттарда жасалған мәдени, әдеби үлгі-нұсқаларды арабтікі, жергілікті халықтардан шыққан кейбір жазушылар мен ғалымдарды араб жазушысы, араб ғалымы дейтіндері де сондықтан.

X-XII ғасырларда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар өркендеген, жергілікті халықтардан талай ұлы жазушылар, ұлы ғалымдар шыққан; жергілікті ру-тайпалар шығарған түрлі-түрлі әдеби шығармалар, ғылыми еңбектер болған.

Мәселен, дүниежүзіне аты мәлім Фарабидің түрк халықтардан, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Отырар қаласынан шыққандығы белгілі.

Орта Азия мен Қазақстан XIII ғасырдың басында тағы бір жойқыншылыққа – моңғол шапқыншылығына душар болады. Бұл оқиғаның да екі қыры бар.

Олар Қытай, Рим аралығындағы кең байтақ жерлерді түгел жаулап алып, онда Алтын Орда (XIII-XIV ғасырлар) мемлекетін орнатады. Үлкен жазба әдебиет қалыптасады. Бұл дәуірдегі әдебиет туындылары аралас тілде, көбіне қыпшақ тілінде жасалады.

XV ғасырдың басында Алтын Орда мемлекеті ыдырады. Оның орнына жеке-жеке хандықтар құрылды. Солардың бірі Қазақ хандығы деп аталды. Қазақ ру-тайпалары қазақ хандығы құрылғаннан бастап халықтық келбеті анық қалыптасты.

Бұл тұста (XV-XVIII ғасырлар) ертеден келе жатқан дәстүрлі ауыз әдебиеті, көбінесе бұрынғы әдет-ғұрыпқа, қоғамдық тірлік, шаруашылыққа байланысты әр кезде туған салт өлеңдері, кәсіп жырлары, батырлық дастандары өріс алып, өз тіршілігіне лайық дербес қазақ мәдениеті, халықтық әдеби тілі қалыптаса бастады.

Сөз болып отырған дәуірде қазақтың Асанқайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Қосынұлы Жалайри сияқты ойшылдары, тарихшылары; Сыпыра жырау, Шалкиіз, Қазтуған, Ақтанберді, Бұқар

сияқты ақындары мен жыраулары өмір сүрген, көл-көсір дастандар, эпостар, салт жырлары туған. Осыған қарағанда бұл дәуірде, көшпелілік жағдайға байланысты, қазақ халқының ауыз әдебиеті, соның ішінде эпостық, салттық жыр-дастандары, ақындық, жыраулық өнері кеңірек дамығаны байқалады.

Қазақ хандығы дәуірінде шығарылған әдебиет туындылары, көбіне, бұрынғы қыпшақ тілінде туды да, ғылыми еңбектер бұрынғы кітаби, шағатай тілі деп аталатын ортақ әдеби тілде жасалды. Бір ғажабы бұл тілде туған әдебиетті Алтайдан Анадолыға дейінгі ақын-шайырлар еркін түсініп, олар түркілік ортақ әдебиет тудыратын еді. Осындай ортақ қайнар негізінде қазақтың әдеби тілі қалыптасты.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ халқының саяси-әлеуметтік тұрмысы, шаруашылығы мен мәдениеті өсе түсті; қазақ тілінде көптеген кітаптар басылды, газет-журналдар шығып тұрды; қазақтың жаңа оқығандары, озат идеялы орыс мәдениетінен үлгі алған зиялы адамдары – Шоқан, Ыбырай, Абай, Сұлтанмахмұт, т.б. шықты. Сөйтіп, бұл дәуірде қазақ халқының жаңа әдебиеті – демократтық-ағартушылық идеялы сыншыл-реалистік әдебиеті туып өркендеді. Онда әдебиет жанрларының жаңа түрлері, көркем проза, публицистикалық шығармалары пайда болды, бірді-екілі драмалық шығармалар көріне бастады. Жырдың өзі де заманға сай жаңа сыпатқа көше бастады.

Қысқаша қорыта келгенде, Қазақстан, Орта Азияда жүргізілген тарихи, археологиялық зерттеулер тіпті біздің заманымызға дейінгі дәуірдің өзінде-ақ осы өлкелерде мәдениет белгілерінің болғандығын, рухани мұралардың жасалғандығын және сол әдеби мұра, жазу өнерінің қазіргі түрк тектес халықтарға ортақ екендігін дәлелдеді.

Академик Е. Бертельс: «Орта Азия халықтары әдебиетінің тарихын солардың бәріне ортақ ертедегі жазу-сызулардан, әдеби нұсқалардан, жеке ақын шығармаларынан бастау керек», – дегенде, сол тарихи шындыққа сүйенген.

Ежелден ауылы аралас, қойы қоралас жатқан туыстас: ұйғыр, өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, қарақалпақ, түркпен, әзербайжан, хақас, алтай халықтары өз әдебиетінің тарихын бертіндегі ұлт болып қалыптасқан шақтан емес, бірге жүріп тіршілік еткен, Бертельс айтқан бәрімізге ортақ дәуірден бастайды. Бұл әбден заңды. Сонда XV ғасырға дейінгі жасалған әдеби шығармалар мен ақын-жазушылар түрк тілдес халықтардың бәріне де ортақ болып келеді. Өйткені, халық тарихы, тілі, әдебиеті қысқа мезгілдің аясына сыймайтын, басынан сан мың жылдарды өткізіп келе жатқан тым ұзақ жол. Ешбір халық, ешбір ұлттық тіл бір ғасырда, бір кезде ғана пайда болды дегенді тарих білмейді.

Ендеше, қазақ халқы XV ғасырда құралды, одан әргі тарихтың, мұраның бәрі де бізге бөгде екен деп түңіліп қарауға болмайды. Керісінше, ертеде жасалған әдеби ескерткіштерді ықтияттап зерттесек, онда халқымыздың рухани өсу жолдарын, әдеби процестің қалыптасу заңдылықтарын айқынырақ анықтауға мүмкіндік туады.

Өкінішке орай, кейбір зерттеушілер соңғы жылдарға дейін ерте дәуірдегі елеулі әдебиет үлгілерін, көрнекті қайраткерлерді бір ғана халыққа теліп келді. Бұл дұрыс емес еді. Басқасын былай қойғанда, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Яссауи, Ахмет Юғнаки тәрізді ақындар өмір сүрген шақта (XI-XII ғ.ғ.) өзбек, қазақ, татар, әзербайжан, түркпен халықтарының әлі де ұлт болып қалыптаспағандығы белгілі. Ендеше ерте дәуір туындыларының бір ғана халыққа тән болатын жөні жоқ.

Екіншіден, әлгіндей қорытынды жасаған зерттеушілер бәйтеректің мәуелі бұтақтарының асыл діңі ортақ бір қара тамырдан нәр алатынын аңғармайтын тәрізді.

Онан соң, мәселе қай жазушының, қай ғалымның қай ру, қай тайпадан шығуында емес, көбіне қай тілде жазғанында болуға тиісті.

Мәселеге осы жағынан келсек, біз сөз етіп отырған жазушылар мен ғалымдар әрқайсысы әр ру-тайпадан шықса да, шығармалары мен еңбектерін жалпы түрк тілінде, өз тұстарындағы барлық түрк

ру-тайпаларына бірдей тілде, солар бір кезде білген, түсінген ортақ, әдеби тілде жазған.

Сондықтан, ертедегі мәдениет ескерткіштері мен әдебиет нұсқаларының елеулісін, жазушылар мен ғалымдардың көрнектісін өзбек пен ұйғыр да, әзербайжан мен түркпен де, қырғыз бен қарақалпақ та, татар мен телеуіт те, башқұрт пен қазақ та өз мәдениетіміз, өз әдебиетіміз, ертедегі жазба мұрамыз, жазушыларымыз бен ғалымдарымыз деп иемденуіне, әдебиеттерінің тарихына енгізулеріне қақылары бар, солай етуге тиісті де.

Міне, сонда жер жүзіндегі түрк текті, түрк тілді халықтардың ертедегі әдебиет тарихы бір болып, бәрінде де бір әдеби нұсқалар, шығармалар; бір жазушылар, ғалымдар тексерілетін болады. Оның ешбір оғаштығы жоқ.

Мәселен, орыс, белорус, украин мәдениеті мен әдебиеттерінің ертедегі тарихын алсақ, олар да бір болып келеді: бір кезде бәріне ортақ, бірдей болған мәдениет мұралары мен жазба әдебиет нұсқаларын әрқайсысы өзінің ертедегі әдебиетінің тарихында зерттейді, тексереді.

Тарих жолы – ұзақ жол. Сол жолда талай жойқын соғыстар, қымқиғаш оқиғалар болғанын білеміз. Бірақ, халық ешқашан да тоқырап, дағдарып қалмаған: ол күш-қуатын қайта жинап, үнемі рухани өсу үстінде болған.

XV ғасырда халық болып құралған, бүгінде кемелденген қазақ халқы да биік мұратқа дәл осылай жеткен. Ендеше, қазақ халқының XV ғасырдан арғы тарихын, жаңа көзқарас тұрғысынан зерттеп, талдау жасау – ғылымның, жалпы көпшіліктің борышы.

Басқа да туыстас халықтардың әдебиеті тәрізді қазақ әдебиеті де тап қазіргі дәрежесіне – жаңа мазмұндағы, бүтіндей жаңа бағыттағы, озық дәрежесіне, өз ішінен талай жанрға отау тіккен кемелді шағына бірден жете қойған жоқ. Бұған дейін сансыз асуларды, ұзақ жылдарды кешкен.

Тым ерте кездерде шыққан таңбалар, әдепкі жазу-сызулар, өлеңді тіркестер, мақалды-мәтелді жолдар, толып жатқан өлеңдер, аңыз-ертегілер – осылардың бәрі-дағы халқымызды бейнелі ойға, шешендік өнерге жетелеген; әдепкі дастандарды, бертіндегі поэмаларды, романдарды, драмаларды тудырған өлшеусіз табыстар еді. Көркем ойдың осындай сан түрлі атаулары жиылып *әдебиет* деген ұғымды қалыптастырды. Халық санасы өсіп, ойы тереңдеген сайын әдебиет те толысып, жетіле түсті.

1970-жылдарға дейін жоғары оқу орындарында, орта мектептерде қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырда өмір сүрген Бұқар жыраудан басталып, төмендегіше жүйеленіп келді: а) Ауыз әдебиеті; ә) XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті; б) XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті; в) Қазақ совет әдебиеті.

Қазақ әдебиетінің басы, нәр алар қайнар көзі қайсы, қайдан, қашаннан басталады дейтін сұрақ қазақ филологтарын көптен толғантып келе жатқаны мәлім. Бұл сұрақ замандар бойы жасалған халықтық мәдениетіміздің бастауын танып, оның кейінгі қалыптасу жолдары мен заңдылықтарын анық та айқын байқау, сөйтіп, оларды бүгінгі әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өзіндік, ұлттық белгілерін айқындауға жұмсау талабынан туып отыр. Қазақтың халықтық тілі даму, қалыптасудың ұзақ жолынан өтсе, әдебиеті де сол жолдардан өтпеді деп ешкім айта алмайды. Ендеше әлемдік түркология мен қазақ әдебиеттану ілімінің жетістігіне сүйене отырып, қазақ әдебиетінің тарихын ендігі жерде былайша жүйелеген дұрыс:

I. ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИЕТ, яки түрк тектес халықтарға ортақ әдебиет – VII-XIV ғасырлар арасы.

Бұл дәуірдің өзін бірнеше кезеңдерге бөлген орынды:

- а) Түрк ру-тайпаларының әдебиеті – VII-IX ғғ;
- ә) Ислам дәуірінің әдебиеті – X-XII ғғ.;
- б) Алтын Орда – Қыпшақ дәуірінің әдебиеті, яки XIII-XIV ғасырлар арасындағы әдебиет.

II. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДӘУІРІНІҢ ӘДЕБИЕТІ – XV-XVII ғасырлар.
XVIII-XIX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ.
XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ.
ҚАЗАҚ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ ӘДЕБИЕТІ.
ҚАЗАҚ ТӘУЕЛСІЗДІК ДӘУІР ӘДЕБИЕТІ

Қазақ әдебиеті тарихының «Ежелгі әдебиет» деп аталатын курсы Қазақ университеттерінің филология, журналистика факультеттерінің қазақ бөлімдерінде осы жолдардың авторының бағдарламасымен дербес лекциялық курс ретінде 1965 жылдан бері үздіксіз оқытылып келеді. Аталған дәуір әдебиетіне арнап Б.Кенжебаев, Х.Сүйінішәлиев, М.Мағауин, бәріміз бірігіп жазған «Ертедегі әдебиет нұсқалары» деп аталатын оқулық-хрестоматия 1967 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан еді. Содан бергі жерде профессорлар Бейсенбай Кенжебаев пен Ханғали Сүйінішәлиев бірқатар еңбектер жазды; ал талантты жазушы әрі ғалым Мұхтар Мағауин XV-XVIII ғасырлар арасындағы поэзия жөнінде тамаша зерттеуін шығарды; «Жұлдыз» және де басқа мерзімді баспасөз бетінде көне әдебиет мұралары жөнінде менің де бірталай мақалаларым жарияланды: «Асыл арналар» (1986), «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» (2005. Қ.Сартқожаұлымен бірігіп жазылған), «Атлас орхонских памятников» (2006), «Орхонские надписи» (2001), «Камни заговорили» (2007), «Западный тюркский каганат» (2013), «Көне түрк жазба ескерткіштері» (2016) дейтін кітаптарым жарық көрді.

Қазақ әдебиетінің XVIII ғасырдан бергі дәуірі, оның авторлары жұртшылыққа кеңінен таныс. Ал, «Ежелгі әдебиет» деп аталатын дәуірге қандай шығармалар және ақын-жазушылар енгізілуге тиіс, біз енді қысқаша осы мәселеге тоқталайық.

Қазақ әдебиетінің ерте дәуірін VII ғасырдан бастауда қандай негіз бар деген сұрақтың тууы мүмкін. Олай болса, қазақ халқының құрамына енген көне рулар VI ғасырда іргелі тайпалар құрап, VII-VIII ғасырларда тарихта мәлім Түрк қағанаты деп аталатын үлкен мемлекетті құрғанын жақсы білеміз. Содан бергі жерде күні бүгінге

дейін халқымыз толып жатқан кезеңді, тарихи оқиғаларды басынан кешіріп әрі оларды өздері жасаған мәдениет, әдебиет мұраларында жақсы бейнелеп отырған.

Академик Ә.Марғұланның айтуынша, егер біз VI ғасырдағы чеклі (шекте) руының тілінде жасалған ескерткіштер мен бертіндегі найман, дулат, үйсін ескерткіштерін тереңірек зерттей алсақ, бәлкі, қазақ әдебиетінің тарихын мұнан да әріректен бастауға болар.

Біз әзірге VII ғасырдан бермен қарай мәлім болған, халқымыз бір кезде пайдаланған жазу-сызулардан, көне түрк тілінде туған әдебиет үлгілерінен бастаған жөн деп білдік. Өйткені, көркем сөз өнерінің ерекше бел алып, әдебиеттің қалыптаса бастауын біз осы тұстардан танымыз.

Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында сан түрлі жазуды, әліппені қолданып келді. Солардың ішінен белгілілері мыналар: VII-IX ғасырлар арасында түрк жазуын (немесе руналық жазулар деп аталады), содан ұйғыр, арамей жазуларын пайдаланған. Ал, X ғасырдан бастап араб әліппесіне көшкен. Бертінде латын әліппесіне, одан соң кириллицаға (орыс алфавитіне) көшкен. Міне, осы жазулардың қай-қайсысында да сақталған әдеби шығармалардың елеулі, бағалы делінетіндері түгел әдебиетіміздің тарихына еруге тиіс.

Дәлірек айтқанда, «Ежелгі әдебиет» (VII-XIV ғ.ғ.) деп аталатын жеті ғасырды қамтыған әдебиетіміздің ұзақ тарихына қатысты ескерткіштер, шығармалар аз емес.

Түрк ру-тайпаларына ортақ рулық дәуір әдебиетіне (VII-IX ғ.ғ.) ең алдымен Орхон ескерткіштері (VII ғ.), «Қорқыт» (VIII ғ.), «Оғыз-нама» (IX ғ.) енеді.

Бұлардың әдепкісі кезінде түрк руларына басалқалық еткен Күлтегін, Білге, Тоныкөк тәрізді беделді бек-батырлардың басына қойған зәулім құлпытастарға ойылып, қашап жазылған жыр күйінде сақталған. Ол дәуірден аталатын екі жырау-ақын бар: *Иоллыгтегін және Тоныкөк*. Біз бұл ескерткіштерді 1967 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан «Ертедегі әдебиет нұсқалары» деп аталатын кітапта жаңашалап жариялаған болатынбыз.

Қорқыт жайындағы аңыздар ең алғаш VIII ғасырда Сыр бойындағы оғыз, қыпшақ тайпаларының арасында туып, содан бастап түрк тектес халықтар арасында кең етек алған. Ол туралы қазақ арасында аңыз өте көп. Байқап отырсақ, табиғатында дана, жырау Қорқыт бері келе аңыз кейіпкеріне айналған. Қорқыт шығарды дейтін он екі жыр белгілі.

«Оғыз-нама» – мифтік сюжеттегі жыр. Онда бертінде қазақ халқының негізін құраған Қият, Қыпшақ, Қаңлы тәрізді рулардың төтемдік атымен байланысты Оғыз қағанның ержүрек Қиятбек, Қыпшақбек, Қаңғалық (Қаңлыбек) тәрізді батырларының бейнесі кездеседі.

Ислам дәуірінің (X-XII ғ.ғ.) әдебиетіне Мұхаммед Хорезми, Әбунасыр әл-Фараби, Әбурайхан әл-Бируни, Әбуәлі ибн-Сина (Авиценна), Рабғузи, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Юғнаки, Сүлеймен Бақырғани, Омар Һайям, Жүсіп Баласағұн тәрізді түрк халықтарының біразына ортақ ойшылдар, ғалымдар, ақындар енеді. Олардың бір ерекшелігі, аталған ғұламалар түрк халқынан шыға тұра кезінде араб әдебиетін, араб ғылымын, сонымен бірге дүниежүзі ғылымын дамытуға үлкен үлес қосқан.

Алтын Орда немесе Қыпшақ дәуірінің (XIII-XIV ғ.ғ.) үлгілеріне: «Қысса-сұл-әнбия», «Кодекс-куманикус», «Мұхаббат-нама», «Нахж уль-Фарадис». «Жүсіп-Зылиқа», «Гүлстан», «Домбаул», «Қисса Наурыз», «Тарих-Қыпшақ», «Дастан Әмет» тағы басқа да шежірелер, тарихи мұралар, дастандар еруге тиіс. Аталған дәуірдің ерекшелігі – бұл тұста негізгі тіл қыпшақ тілі болады. Әдебиет, негізінен, қыпшақ тілінде дамиды.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет XV-XVII ғасырларды қамтиды. Осы кезден бастап қазақ халқының дербес, төл әдебиеті қалыптаса бастайды. Жыраулық дәстүр ерекше өріс алады. Тарихта аты қалған, ел аузында жыры сақталған ол дәуірдің ақын-жазушылары мыналар: Сыпыра жырау Сұрғалтайұлы (XIV-XV ғ.ғ.), Қазтуған жырау Сүйінішұлы (XV ғ.), Асан Қайғы (XV ғ.), Шалкиіз жырау Тіленшіұлы

(1465-1560), Доспамбет жырау (1523 жылы өлген), Жиембет жырау (XVII ғ.), Марқасқа жырау (XVII ғ.), Ақтанберді жырау (XVII ғ.), Тәтіқара (XVII ғ.), т.б. Бұл дәуірде туған тарихи әдебиеттің де мәні зор. Олардың ішінен Қадырғали Қосымұлының және Мұхаммед Хайдар Дулатидың еңбектері ерекше көзге түседі.

Міне, «Ежелгі әдебиет» деп аталатын қазақ әдебиетінің түпкі төркінін танытатын дәуірдің белгілі мұралары, үлгілері осындай. Сырт көзге бұл шығармалардың біразы қазіргі қазақ оқушысына бөгде, түсініксіз тілде жасалған болып көрінуі де мүмкін. Алайда, халқымыздың ұзақ ғасырлар жасап келе жатқандығын және сан түрлі жазу өнерін басынан кешіргендігін ескерсек, аталған нұсқалардың тіліндегі кей көмескіліктің заңды екендігі түсінікті болмақшы. Тіпті әрісін айтпағанда, Абай Құнанбаев заманынан бергі кезеңде-ақ қазақ тілі ұшқырланып, жетіліп, байып, көптеген жаңалықтарға ұшырасқан жоқ па? Ендеше, ежелгі мұраларға сол өзін тудырған дәуір межесінен қарауымыз керек. Біз атап отырған шығармалардың алды осыдан мың үш жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылған. Сондықтан да оларда кездескен: «Ер оғланың құл болты, сілік қыз оғлың күң болты» («Ер ұлдарың құл болды, пәк қыздарың күң болды») деген жолдарды бөтенсінбеуіміз керек.

Өйткені, ешбір халықтың ежелгі мәдени, әдеби ескерткіштері сол халықтың дәл бүгінгі тілінде жасалған емес. Тіпті француздардың орта ғасырдағы жазба әдебиетінің басым көпшілігі латын тілінде, француз халқы үшін бөгде тілде жасалған; орыс, белорус, украин халықтары бұрынғы әдебиетінің көп нұсқалары ертедегі болгар тілінен өрбіген шіркеуи-славян тілінде, қазіргі орыс, белорус, украин халықтарына түсініксіз тілде жасалған.

Әдебиет – ұзақ жылдардың жемісі. Осы бір ғажап өнер үлгісін жасауда халық талай жаттығу, машықтану, үйрену кезеңдерін өткерген. Бүгінгі әдебиет өзінің алдындағы әдебиеттің игі дәстүрлерін бойына сіңіріп, үнемі ілгері дамып отырған.

Қазіргі әлемге әйгілі болған М.Әуезов өзінің алдындағы қазақтың бай ауыз әдебиетінен, ұлы Абайдың дәстүрінен, жер жүзі классикалық туындыларынан сусындап өскен еді. Тіпті берісі Абай, әрісі Бұқарды айтқанның өзінде де, оларды баулыған, олар нәр алған қайнар бұлақты есте тұту шарт. Сонда біз үздіксіз жалғасқан әдебиетіміздің ұзақ желісін көрер едік.

«Жыршы халық, ақын халық есте жоқ ескі замандардан бастап дарыған ақындық даналығын қапысыз жұмсап, өзінің рухын ұмытылмас эпостық дастандарында, сан алуан әртүрлі жырларында бейнелесе» (М.Әуезов), кезінде халық тудырған даналықты терең зерттеп, сол халықтың қолына қайта табыс ету – қазақ әдебиеті тарихын зерттеушілердің қасиетті борышы. Ал, қазақ әдебиетінің түп-төркіні Түрк қағанаты заманынан бері қалыптасып, дамып, өркен жайып келеді.



I. ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ – ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРЫ

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еуразияның ұсынау ұлан-ғайыр кеңістігін «аспанда Көк Тәңірі, төменде Жер мен Су жаратылғаннан бері» мекендеп келе жатқан түрк халқының рухани мәдениеті – әлемдік өркениеттің күретаымырларының бірі. Тарихи және ерекше геосаяси жағдайына байланысты қос құрлықта өмір сүрген байырғы түркілер Шығыс пен Батыстың мәдениетіне тел үлес қосып, өздері де оны тел еміп өсті. Адамзаттың көркем ойлау жүйесі мен қоғамдық пікіріне «Мәңгілік ел» деген идеяны тұрақты ұғым ретінде қалыптастырды және сол «мәңгілік елді»: «Ілгеріде – күн шығыспен, оң жақта – күн ортасымен, кейінде – батыспен, сол жақта – түн ортасымен» шектесетін ұлы кеңістікке орналастырды.

Жері кеңнің өрісі де, өресі де кең. Күні бүгінге дейін қаймағы бұзылмаған «Ұлың – Ұрымда, қызың – Қырымда», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау» деген мақал-мәтелдер сонау ежелгі көктүрк қағанаты тұсында туды, сондай-ақ, бұл олардың ұғымдық өлшемінің кеңдігін танытып келеді.

Бұл пікіріміздің «мәңгілік тасқа басылып» қалған қасиетті куәсі – «Күлтегін» мен «Тоныкөк», «Білге қаған» мен «Тариат», «Күлішор» мен «Мойыншор», «Талас» пен «Есік», «Ертіс» пен «Іле» ескерткіштері және қағаз бетіне түскен «Ырығ бітіг» пен «Қорқыт ата», «Оғызнама» мен Баласағұнның «Құтты білік», Қашқаридың «Түрік сөздігі», Яссауидің «Диуани хикмет» жазбалары. Осы көркем жәдігерлерге сүйене отырып, түркілердің жазба әдебиетінің негізі VII-VIII ғасырларда қаланған деген тұжырым жасауға әбден болады. Өйткені қасиетті бұл мұралар тек түрк жұртының ғана рухани қазынасы емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәдени ескерткіш және исі түрк тектес халықтардың әлемдік өркениетке қосқан үлесі болып табылады.

Руханият тарихы халық тарихымен тікелей тұтастықта дамидыны анық.

Көркем әдебиет елдің тағдыры мен оның тәуелсіздігі жолындағы мүдде мен күрестен туады. Ерлік дастандарының негізінде тарихи шындық жататыны да сондықтан. Ал «ұзын найзалы, жарау атты түркітердің» қадым заманнан бергі тағдыры «Ел» деген қасиетті ұғымды сақтап қалудың қамымен өтті. Жыл санауымыздан бұрынғы халықтық оқиғаларды қамтитын «Алып Ер Тоңа», «Ергенеқон», «Көк бөрі», «Шу батыр» дастандары – түрк халықтарының заманалар бойы ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырған тарихи-көркем шежіресі.

Бұған Мұхамед Хайдар Дулатидің «Әлемдегі барлық халық өзінің ата-бабалары туралы аңыздар мен әфсаналарды тарихи дерек есебінде пайдаланып, одан мысалдар келтіріп, нақты дәлел ретінде ұсынады: әсіресе түрк халықтары өзінің барлық сөзі мен ісін, даудың шешімін ата-бабаларының өсиет сөзі мен аңыздарына сүйене отырып шешеді», – деген пікірі толық негіз болады.

Сол Мұхамед Хайдар Дулати бабамызға дейін және одан кейін өмір сүрген, «түгел сөздің түп аталары» Майқы би мен Кетбұғаның, Доспанбет пен Шалкиіздің, Қазтуған мен Ақтамбердінің толғаулары рухани және тақырыптық, жанрлық, тілдік көркемдік жағынан да көне түрк әдеби нұсқаларымен тікелей байланысып жатыр. Мысалы:

*Ер оғланың құл болты,
Сілік қыз оғлың күң болты, –*

немесе

*Қызыл қаным төкті,
Қара терім йүгіртті, –*

деген жолдарды түсіну үшін ешқандай аудармашының керегі жоқ. Ал образдық, бейнелік, ішкі құрылымдық сипаттары қазақтың «Алпамыс», «Қобыланды» сияқты эпостарымен тікелей үндеседі. Бұл қазақ эпосы мен көне түрк ескерткіштеріндегі толғаудың арнасы мен рухани дәстүрі тамырлас екендігін дәлелдейді.

Ертеректе жазылған «Асыл арналар» атты монографиямызда Орхон жазулары мен ежелгі қазақ әдебиетінің арасындағы тарихи,

дәстүрлік, тақырыптық, шешендік, түрлік, ырғақтық, буындық, теңеулік, аллегориялық, салыстырмалық, мақал-мәтелдік байланыстарға егжей-тегжей талдау жасаған болатынбыз. Қазақстандағы ежелгі түрк жазбаларын зерттеудің бастауында М.Әуезов пен Ә.Марғұлан тұрды, осы өнегелі үлкен мектеп алпысыншы жылдардың басында марқұм ұстазымыз Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен қалыптасты. Бейсекең осы бір көне сарынға қазақ әдебиеттанушыларынан алғаш мені салған еді.

Бүгінгі таңда ежелгі түрк жазбаларының қазақстандық мектебі толық қалыптасты. Түркология ғылымына жаңа серпін берген – бүтін түрк дүниесінің киелі көктасы Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің ежелгі Ұлы Даланы жайлаған, сол байырғы көк түрік қағанаты мен оның мәдени қазыналарының тікелей мұрагерлерінің бірі болып саналатын қазақ елінің астанасындағы Еуразия университетінің төріне қоныс тебуі еді. Тарихымыз бен рухымыздың тасқа басылған жәдігері – «мәңгілік тастың» Еуразия кеңістігінен орын алуы ұлтымыздың абыройын асырып, намыс туын желбіретіп түсетіні анық.

Бұл тек Қазақстан үшін емес, барлық түрк тектес қауым үшін де тарихи маңызы зор оқиға болды. Әсіресе, тарихи жолы ауырлау, көрнекті ғалымдарының дені репрессияға ұшыраған түркология ілімін кейіннен де саясаттың жеңіл құралына айналдыру пиғылдар әредік байқалып қалып жүрген сол кезеңде рухани, елдік бірлігіміздің көрінісін танытты. Сондай-ақ, бұл өнебойы жазуға толы ескерткіш көшпелі түрк әлемі мен түрк елі туралы айтылып жүрген ғылыми негізсіз пікірлерге тосқауыл қоя білді. Мысалы, Пазырық қорғанының бұлтартпайтын заттай айғақтарына қарамастан, еуропалық кейбір ғалымдар оны «иран тілдес» жұрттың мұрасы деп бағалауға тырысады. Мұндай үстірт пайымдаулардың барған сайын басып бара жатқаны біздің бәрімізді де алаңдатады.

Рас, ежелгі Тұран мен Иран жұртының тарихи, рухани байланысы қадым заманнан тамыр тартады. Бұған ақындарын патшаларынан жоғары қоятын ежелгі Иранда елімнің елшісі болып жүрген жылдарымда анық көзім жетті. Біз скиф, соғды тілі мен қазақ тілі арасындағы

туыстықты байқататын көптеген айқын мысалдарды да білеміз. Демек, бұл елмен рухани байланыстың есте жоқ ескі заманнан бері үзілмей келе жатқандығын және әр мәдениеттің тарихтан алатын өз орны бар екендігін дәлелдейді. Шығыс Түркістандағы Йықсақ, Тоғырсақ сақтары жазуының мазмұны да ол мәтіндердің түрктік тегін танытады. Ендеше ежелгі сақтар мен түрк тілі туыстас болса, онда сақтар мен скифтерді, соғдыларды «иран тілдес» деп жалған пікір қалыптастыру қандай ғылыми қажеттіліктен туып отыр. Бұл мәселеге алдағы уақытта ғалымдар көңіл бөледі деп ойлаймын.

Тағы бір өзекті мәселе – мың жылдан астам табиғаттың ыстығы мен суығына төзіп келе жатқан ашық аспан астындағы ескерткіштер желге жеміріліп тозып барады. Оны сақтап қалудың шараларын тездетіп қолға алмаса, арты орны толмайтын өкінішке айналуы мүмкін. Оның үстіне жердің бөліске түсіп, өндірістік мақсатта пайдаланатындығы да белгілі мөлшерде қауіп тудырады. Бұқтырма, Қапшағай, Шардара, Шульба, Шу тағы да басқа ірілі-ұсақты су қоймалардың астында қаншама ескерткіштер қалмады дейсіз.

Түрк өркениетінің киелі жазбалары философиялық, танымдық, дәстүрлік, тілдік, көркемдік, саяси-қоғамдық, экономикалық, құқықтық, деректік, тарихнамалық, археологиялық, сәулеттік, географиялық, таңбалық, этнологиялық, археографиялық, дипломатиялық тұрғыдан тереңдете зерттеуді қажет етеді. Бізді алда осындай күрделі де қасиетті ізденістер күтіп тұр. Мұндай жүйелі зерттеусіз асыл мұралардың ғылыми маңызы толық ашылмайды.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ТАБЫЛУЫ ЖӘНЕ АШЫЛУЫ

...XVIII ғасырдың басы еді. Орыс армиясының қолына түскен тұтқын швед офицері Филипп Иоганн Страленберг Сібірді түгел аралап, Орхон өзенінің бойын жағалай жоғары өрлеп келе жатты. Ұзақ жүрді, бірақ бұл өңірден пәлендей тіршіліктің белгісін көре алмады. Әбден шаршап-шалдыққан саяхатшы алдағы жолдың қызығынан біржолата күдер үзгендей еді, бір кезде сонау көз ұшынан бұлдырап сағымға малтыққан кереметті көзі шалғандай болды.

Қызыл көрген бүркіттей шаршағанын ұмытып, Иоганн жүрісті жылдамдата түсті. Жақындаған сайын оны әрі үрей, әрі өзгеше бір жұмбақ сезім билей бастаған тәрізденді. «...Зәулім тастар, белгісіз таңбалар, тас болып қатып қалған адамдар... Әйтеуір ұзына бойы созылған, қол қусырып мәлиген тас мүсіндерде шек жоқ. Бұл не ғажап? Табиғаттың өзі жасаған құдірет пе, жоқ әлде адамның сиқырлы қолынан туған керемет пе?!...»

Ол ұзақ ойланды, ұзақ толғанды; бірақ түпсіз шыңырау, тұңғиық ойдың түбіне жете алған жоқ.

Иә, бұл осыдан үш ғасыр бұрын болған еді. Бейшара Иоганн алдында тұрған меңіреу тастардың бетінде ғажап сыр барын қайдан білсін, біле алған жоқ.

Содан бері үш жүз жылдан астам уақыт өтті, бірақ сол меңіреу тастар «Орхон ескерткіштері» аталып, дүниежүзі ғалымдарын әлі күнге дейін тамсандырып келеді.

Бұл мұралар жайындағы алғашқы мәліметтер XVIII ғасырдың басында көріне бастайды.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде біраз мағлұматтарды өзі шығарып тұрған «Сибирский вестник» журналында Григорий Спасский жариялайды. Оның мақаласы көп кешікпей латын тіліне аударылады да, Орхон ескерткіштері басқа елдердің ғалымдарына да белгілі бола бастайды. Бұл хабарды естіген фин Археологиялық қоғамы 1875 жылы Минусинскіге екі рет экспедиция жіберіп, 1889

жылы «Енисей жазбалары» деген атпен 32 таблицалы, 8 фотосуретті атлас жариялайды. Ескерте кететін бір жай, жазбалардың әліппесі табылғанша бұл мұраларды фин ғалымдары өз халқының ескерткіші деп танып келген. Алайда, бұл пікірдің негізсіз екендігін олар кейін мойындайды.

1889 жылы орыс зерттеушісі Н.Ядринцев Орхон өзенінің бойынан, Енисей өзені сағасынан табылған ескерткіштерден әлдеқайда үлкен белгісіз таңбамен жазылған зәулім, қолдан қашалған төрт қабырғалы биік тасты көреді.

Н.Ядринцев тасқа мынадай сыпаттама береді: биіктігі – 3,5 метр, төменгі ені – 1,32 метр, жоғарғы жағының ені – 1,22 метр. Биіктеген сайын жіңішкере береді, жоғарғы бөлігі өрнектелген. Тастың төрт жағы бірдей жазылған. Батысқа қараған бетінде қытай жазуы да, қалған қабырғасы бірдей руналық жазумен толған. Н.Ядринцевтің айтуына қарағанда, ескерткіштен 25 метрге дейін созылған аласа дөңес жатыр (кейінгі зерттеудің нәтижесінде бұл қытай кірпішінен жасалған қабырға екендігі анықталады). Осы қабырғаның жанынан басы жоқ, мрамордан жасалған 7 түрк статуясы (сынтас) табылған. Ескерткіштердің батыс жақ бетінде басы бір-біріне қараған, қираған екі хайуанның мүсіні бар (ғалымдар мұны мазарға кіретін есіктің белгісі болу керек деген болжам айтады). Ал, осы кіре берістен әрқайсысының арасы 10-12 метрден, беттері шығысқа қараған адам мүсіндес сынтастар ұзындығы 4,5 шақырымға дейін созылып жатыр екен. Мұқият зерттеудің нәтижесінде әлгі мүсіндердің осында жерленген кісінің тіршілігінде өлтірген дұшпандарының келбеті екені және айқындалып отыр.

Көп кешікпей Н.Ядринцев Россия археологтарының VIII конгресінде ғалымдардың назарын сол Орхон бойындағы көне мұраларға аударады. Осыдан бастап бұрын тек Енисей ескерткіштері деп қана аталып келген жазбалар енді Орхон, яки Орхон-Енисей жазулары деген атқа ие болады.

1890 жылдың көктемінде Н.Ядринцевтің ізімен Орхон өзеніне финдердің А.Гейкель бастаған археологиялық экспедициясы және 1891 жылы Санкт-Петербургтен елімізде түркологияның негізін салған

орыс ғалымы В.Радловтың басқаруымен (құрамында Ядринцев те болған) Ғылым академиясының экспедициясы аттанады.

1892 жылы осы екі экспедицияның да қорытындысы жазбалардың суретімен екі үлкен атлас түрінде жарияланып, бұл атлас дүниежүзі ғалымдарының алдына ауыр да жауапты міндет – жазудың сырын оқу міндетін қояды.

Әлбетте, ол жазуларды оқудың қиындықтарымен қатар кейбір жеңілдіктері де бар еді. Өйткені бұл уақытта ескерткіштің қытай тілінде жазылған тексті оқылып, сол текстіден ескерткішті жасаған халықтың, оны басқарған бектердің аты белгілі болатын. Дегенмен, әлі де бірде-бір сырын ашпаған тілсіз-үнсіз ескерткіштің жұмбағын шешу жан-жақты, дайындығы мол лингвист ғалымының қолынан ғана келетін іс еді.

Міне, дәл осындай зерттеуші – Дания ғалымы, Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасының профессоры Вильгельм Томсен болып шықты.

Вильгельм Людвиг Томсен (1842-1927) өзімен замандас ғалымдар сияқты әдепкіде теологиямен шұғылданады. Бертінде біраз жылдар филология, ботаника, физика ілімдерімен әуестеніп жүреді де, ақыры бар өмірін өзінің сүйікті ғылымы – тіл біліміне арнайды.

В.Томсен – көп тілді білген, дарынды ғалым болған.

Славян тілін зерттеу мақсатымен Томсен Берлинде, Лейпцигте, Прагада, Венада, Будапештте, Парижде көптеген жылдар тұрып чех, неміс, серб, поляк, венгер, араб, парсы, цыган, жапон, қытай, түрк тілдерін үйреніп қайтады.

1870 жылы еліне қайта оралып, 1878 жылға дейін, грек тілдерінен сабақ береді. 1878-1887 жылдар арасында мектептерде әкімшілік қызметтерде жүреді де, 1887 жылдан бастап Копенгаген университетінің салыстырмалы тіл білімі кафедрасына профессор болып сайланады.

1877 жылы басылып шыққан Ерте Русь және Скандинавияның өзара қатынастарына арналған тарихи еңбегінен соң Томсен Оңтүстік Сібірден табылған Орхон-Енисей ескерткіштерін зерттеуге біржолата

ден қояды. Ақыры 1893 жылы Орхон жазуының «кілтін» табады. Біздің ғалымдарымыздың көбісі осылай «кілтін тапты» деп жалпылама бір сөзбен ғана айтып жүр де, ал қалай тапқандығы туралы мәселенің ең қажетті жағы айтылмай келеді.

Сонда В.Томсен Орхон жазбаларын қалай ашады?

1) Ең алдымен ғалым жазудың бағытын айқындайды. Қалай жазылған? Солдан оңға қарай ма, жоқ әлде оңнан солға қарай ма? Бұл сұрақ ғалымды қатты ойландырады. Ұзақ зерттеп, ғалым ескерткіштің оңнан солға (араб жазуы тәрізді) қарай жазылғанын айқындайды.

2) Екінші жолы ғалым әріптерді санап, 38 таңба табады.

3) Осылай ескерткіштің сыртқы көрінісін айқындап болғаннан кейін В.Томсен дауыссыздардың байланысын тексеруге кіріседі. Бұл зерттеу белгілі бір дауыссыз ілгері дыбыстың ықпалымен байланыса ма, жоқ әлде кейінгі дыбыстың ықпалымен байланыса ма деген мәселені шешуге тиіс еді.

Ол үшін Томсен екі шеткі таңбасы бірдей (ұқсас), ортаңғысы олардан бөлек **ХҮХ** тәрізді таңбалар тобын алады да, **Х** дауыссыз дыбысты білдірсе, онда **Ү** дауысты дыбысты білдіру керек; немесе керісінше, **Х** – дауысты болса, **Ү** – дауыссыз деген қорытындыға келеді. Сөйтіп, осы тектес таңбаларды бірнеше жерде салыстырып, ақырында **Ў**, **Г** және **Н** таңбаларынан дауысты дыбыстарды табады. Әлбетте, бір дегеннен бұл анықтамалары дәл бола қоймайды: **Ў** (О/У) таңбасын ол әдепкіде ө (ү) дыбысы деп, ал ө (ү) (**Н**) нің өзін ө дыбысы деп қабылдайды. Ал (**А**) -ні Томсен бірден табады.

Әйтсе де ғалым бұл таңбалардың баламасын дәл таптым деген қорытындыға келе алмайды. Себебі, ол үшін болжам, тұспалдау ғана емес, бұлжымас дәлел керек еді. Томсен әрі қарай ізденеді.

4) Сөйтіп, жоғарыдағы жорамалдың растығын дәлелдеу үшін ғалым көне жазу-сызудың сырын ашуда талай сыннан өткен белгілі әдіске көшеді. Қытай тіліндегі текстіде көрсетілген кісі аттарын іздеуге кіріседі. Ал енді мұны қалай таппақ? Дәл осы жерде зерттеушіге мынадай ой келеді: кісі аттары қай текстіде де жиі кездесу керек және ол көбіне үзіндінің бас жағында келіп отыруға тиіс.

Шу дегенде Томсеннің көзіне ескерткіштерде жиі ұшырасатын мына бір **ᠮᠴᠢ** таңбалар түседі. Бұлардың ішіндегі ең қажеттісі – соңғы (өйткені жазу оңнан солға қарай) **ᠮ** таңбасы. Бұл таңбаның баламасы (i) ғалымға белгілі болатын. Ал, i дыбысының жиі кездесетіндігі, оның орыны көбіне сөздің соңында тұратындығы Томсенді бірден: «жоғарыдағы таңбалар тіркесі - эпитет» деген қорытындыға жетелейді де **ᠮᠴᠢ** таңбаларын (оңнан солға қарай оқимыз) i – p – ᠴ – t, демек тңрі («Тәңірі», «аспан», «көк», құдай» мағынасында – М.Ж.) деп оқиды.

Мұны да Томсен болжал деп қарайды да, жеке кісі аттарын іздеуді әрі қарай жалғастыра береді.

Ғалымның назарын енді мына бір **ᠮᠣᠰᠡᠨ** таңбалар тобы аударады. Өйткені, бұл ескерткіш тастың біреуінде кездеседі де, екіншісінде кездеспейді. Мұның себебі қалай? Томсен мынадай шешімге келеді: бұл таңба осы ескерткіш арналған бектің, я батырдың есімі болуға керек. Қытай тектінде оның аты – Кюэ-те-гин. Қытай тілінде сөздің соңғы буынында л дыбысының болмайтындығын және басқа тілден ауысқан сөздерді беруде л-дың түсіп қалатындығын ескере отырып зерттеуші **ᠮᠣᠰᠡᠨ** таңбалар тобын Күлтегін деген сөзбен салыстырады.

Дәл осы принциппен қарағанда, қытай тектіндені Би-кя ескерткіштің (екінші таста) мынадай **aglib** таңбалар тобымен сәйкес келеді. Оның мағынасы Білге деген сөзді білдіреді.

Енді Томсен ескерткіштің екеуінде де қайталана беретін **ᠠᠲᠦᠨ** таңбалар тобын тексереді. Бұл сөздің құрамындағы алғашқы үш таңба ғалымға белгілі. Ежелегенде (оңнан солға қарай) мұның әдепкі үш дыбысы түр болып шығады. Демек бұл түрк деген сөз болу керек деген байлау жасайды. Сөйтіп к дыбысының екінші таңбасын **ᠠ** табады. Бұл дыбыстың бір таңбасын **ᠠ** біз Күлтегін деген сөздің құрамында кездестірген едік.

Ескертетін бір жәй, қытай текстерінен аталған ескерткіштің тілі қай халықтікі екендігі турасында мәлімет болатын. Ол қытайша – ту-кюэ халқы. Демек, бұл сол кезде белгілі болған барлық түрк халықтарының тілінен әлдеқайда әрідегі таза түрк диалектісінің тілі.

Тоғыз таңбаның мағынасын тапқаннан кейін түрк диалектісін жетік білетін ғалым өзі ашқан дыбыстарды басқа сөздерге қолданып, ескерткіш әліппесін түгел таниды. Сөйтіп, академик С.Е. Маловтың сөзімен айтқанда: «Томсен 1893 жылдың 25 ноябрінде өзіне дейін белгісіз болып келген Орхон және Енисей өзендерінің жағасынан табылған жазу-сызулардың бүкіл әліппесіне «кілтті» дәл осылай табады».

Қазіргі дәуірде Томсен ашқан жаңалықты тек Орхон жазуларына ғана табылған кілт деп қарамай, сонымен қатар бүтін Орта Азия мен Қазақстан тарихында кездесетін көне жазу-сызулардың да сырына үңілуге мүмкіндік берген қымбат кілт деп бағалау орынды.

Вильгельм Томсен ашқан алфавитті қолданып, академик В.Радлов 1894 жылы тұңғыш рет ескерткішті орыс тіліне аударып, текстiнiң нұсқасын латын әліппесімен береді. Ал, В.Томсен болса өз аудармасын тек 1895 жылы ғана жариялайды. Бертінде бұл ескерткішті академик С.Малов аударып бастырды. Содан бері Орхон ескерткіштерін зерттеу жұмысы бір сәт те толастаған емес. Бұл ескерткіштерді халқымыздың тарихи, тілдік мұрасы ретінде алып зерттеген қазақ лингвистерінің де біраз еңбегі бар. Олардың ішінен Алтай Аманжоловтың, Ғайнетдин Мұсабаевтың, Ғұбайдолла Айдаровтың еңбектерін ерекше атауымыз керек.

Міне, қысқаша айтқанда, Орхон ескерткіштерінің табылуы, оны оқудың, зерттеудің жәйі осындай.

Сонымен Моңғолия жерінде, Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштерді кім жасаған және олар бүгінгі халықтардың қайсысына жақынырақ?

Бұл сұраққа жауап беру үшін біз сол жазбалардың өзіндегі деректерге жүгінуіміз керек. Ол деректердің бірқатарын, шығармаларда кездесетін ру, тайпаларды біз жоғарыда атадық. Бұл айтқандарға не қосуға болар еді?

Иә, ескерткіштерді жасаушылар да, оның бас кейіпкерлері де түрк халқы, түрк жері, оның батырлары. Ал, көне түрк дегенді көбіне көне қазақ тайпалары деп ұққан жөн болады.

Орхон ескерткіштері жайын сөз еткенде, қазақ халқы көшпелі ел, жөңкіліп көшіп-қонып жүріп мәдени мұра қалдырмаған. Қазақстан жеріндегі көне дүние ескерткіштерін не сақтардыкі (қазақтың өзі сақтардың тікелей ұрпағы ғой), не соғдыныкі (Иран тілдес ертедегі халық) деп, ата-бабамыздан қалған мұраны өзімізге жолатпай, алып қашқан кездеріміздің болғаны да рас.

Бартольд бастаған атақты түркологтар мәдениеттің ең жоғарғы сатысы – жазудың түрк халықтарында VII ғасырда болғанына таңдай қағып, таңырқаған еді. Батыс историографтарының бұған таңданып қана қоймай, рун жазуына келеді екен, біздің ата-бабаларымыз бір кезде Саян тауларына барған болар деп, жазбалардың кілтін таба алмай, немістер мен финдердің өздеріне меншіктегісі келіп дал болғанын, бірақ одан ештеңе шықпағанын тарих білмей ме?

Ақыры даулы алфавиттің жұмбағы шешіліп, сыры ашылғанда, олардың иесі түрк халықтары екеніне көз жеткенде ғана дау-талас тоқталған еді. Шынында да ол ескерткіштерді жасаған негізінен қазақ халқының құрамына кірген ру-тайпалар болатын. Шығыстану ғылымына ұлы өзгеріс жасаған бұл ескерткіштердің қай тілде жазылғандығын дәл анықтайтын уақыттың жеткендігін В.Бартольд та, В.Радлов та, П.Мелиоранский де, С.Малов та талай жазған және соңғы екеуі ол жазбалардың тілі қазіргі қазақ тіліне көбірек келетіндігін де баса айтқан. Сөйтсе де, өкінішке орай, бір ғасырдан астам уақыт бойы зерттеліп келе жатқан осы бір ғажап шығармаларды халқымыздың мұрасы ретінде соңғы жылдарға дейін қазақ ғалымдарының батылы жетіп, ешкім қолға ала қоймаған. Бір кездерде бұл ескерткіштерді жоғары мектепте оқыту талабын қолға алған Құдайберген Жұбанов екен, бірақ осы бір әдепкі әрекет, өкінішке орай, жүзеге аспай ұмыт болады. Ал, қазіргі күндері, жоғарыда айтқанымыздай, жоғары оқу орындарында оқытылып келеді.

Сонда көп замандардан бері толассыз қойылып жатқан сұрақтың жауабы не болмақ. Ол ескерткіштердің иесі кім, қай тілде жазылған? Әрине – түрк халықтары. Десе де бұл мәселені дәлденкіреу керек сияқты. Оған жауап беру үшін бұл жазбалардың алдымен иесін табу керек, сонда оның тілі де анықталады.

Түркілерді Қытай шежірелерінде, ертедегі деректерде *түкю* деп атайды. Білге хан мен Күлтегінге арналған ескерткіштің авторы Иоллығ-тегін өз шығармаларында сол кезде шығысты мекендеген түрк тайпаларының аттарын атап, мекендерін көрсетіп отырады. Онда ескерткіштің иелері өздерін «түркіміз» дейді де, өзге түрк тайпаларын тоғыз оғыз, отыз татар, қырғыз, аз, шек, он ұйғыр, т. б. деп атайды және «бұлардың бәрі де бізге жау» еді, бөтен ұлыс еді деп жазады. Әрине, заманында әртүрлі себептермен көршілес, іргелес, тектес тайпалар да бір-бірімен жауласып, соғысып отырған.

Тағы да аталмыш ескерткіштердің өзіне жүгінейік. Орхонды мекендегендер өздерін түрк деп атап, *он оқ*, оның бөлігі *түргеш* (түрк кіші, түрк ұлығ (үйсін) өзіміздің түркіміз, туысымыз еді, олар мекендеген Іле-Жетісу біздің атамекеніміз еді, сол мекеніміз, жер-суымыз иесіз қалмасын деп хан сайладық. Бұлар он оқ халық еді, дейді. Он оқ халқының кім екенін біз жоғарыда айтқанбыз. Демек олар (Орхон түркілері) үйсін-дулатпен тектес, солардың туыстары, 634-635 жылдары Түрк қағанаты (шекарасы Іле өзені болып) Батыс және Шығыс Түрк қағанаты деп екіге бөлінгеннің өзінде де екі жағы туыс, тектестігін ұмытпаған. Ескерткіште *түргеш* – бұлардың бес аймағы, он оқ халқының бір бөлегі еді деген сөз бар. Ендеше олар кейін қазақ халқының құрамына кірген арғын, керей, уақ, алшын, найман одағының жалпы аты болу керек. Ал енді Орхон түркілерінің бір кезде Ілеге қайтып келгендігін еске алсақ, онда олардың қазақ халқының көне тайпаларынан екеніне де көз жетті деп ойлаймыз.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ АУДАРЫЛУЫ

Орхон ескерткіштерінің бүгінгі таңда орыс тілінде жарияланған аудармасының екі түрлі үлгісін атай аламыз. Біріншісі – қара сөз үлгісіндегі мағыналық аударма. Бұған В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский, С.Е. Маловтардың аудармасы жатады. Екіншісі – И.В. Стеблеваның өлең аудармасы.

Академик С.Маловтың аудармасы дәлдігі тұрғысынан да, ғылыми негізділігі тұрғысынан да өзіне дейінгі еңбектерден әлдеқайда жетік, биік дәрежеде жасалған еді. Дегенмен, түрк тілдерінің білгірі С.Маловтың аудармасының да әлі жетілдіре, жеткізе түсетін жерлері бар. Бұл айтып отырғандарымыз негізінен мынадай мәселелерге әкеп саяды:

Біріншіден, С.Малов, біздіңше, ескерткіштің мазмұнын, мағынасын беруді басты мақсат етіп қойған. Сондықтан да ондағы жыр шумақтары бүтіндей ескерілмей қалған. Екіншіден, кейбір жеке сөздердің баламасын дәл бермеген және түпнұсқадағы кейбір сөздер түсіп қалған. Мәселен, Күлтегінге арналған кіші жазудың алғашқы шумағындағы *білге* сөзі түсіп қалған. Оның керісінше Күлтегінге арналған үлкен жазуда кездеспейтін *імі* сөзін қосқан. Немесе мындай жолдарды алып қарайық:

Кісі оғлынта үзе ечүм-апам

Бұмын қаған, Естемі қаған олурмыш

Осындағы асты сызылған тіркесті (ата-баба деген сөз) ғалым *ағам* деп теріс аударған. Тағы бір мысал келтірейік. Үлкен жазудың отыз үшінші тобында мынадай жолдар бар: Иарақынта йалмасынта йүз артуғ оқун урты. Иезек башына бір (тегүрмеді).

Осыны С.Малов былай аударады: В его вооружение и в его плащ более чем ста стрелами попали: но начальника его авангарда ни одна (стрела) не попала. Бұл жерде әңгіме авангард басшысы жайында болып отырған жоқ, керісінше жауынгердің сауыты, киімі аталып отыр. Ал текстідегі *йез* сөзі қазақтың жөз дейтін сөзінен бөтен дәнеңе емес.

Осыған орай көне түркілердің тарихын терең зерттеген тарихшы Л. Гумилевтің мына бір пікірін келтіре кеткеніміз орынды: «Боевая одежда (әңгіме түркілер туралы болып отыр - М.Ж.) не имеет различия, что дает основание толковать ее как униформу. Она состоит из головного убора и панциря. Головной убор напоминает современный казахский малахай. Малахай покрыт металлическими пластинками, как показывает расцветка – сочетание желтого, белого и синего цветов, создающее впечатление металлического набора (железо и медь).

Сауыттың бұл түрін қазақ батырлары бертінде дейін кигені белгілі.

1965 жылы Москвадағы Азия және Африка институтының ғылыми қызметкері И.Стеблева кітабында Орхон ескерткіштерін бүтіндей әдеби шығарма деп қарап, түгелдей өлең деп тапты.

Аталмыш мұраны поэзия үлгісіне жатқызған еңбектерді бұдан да бұрын кездестірген болатынбыз. Алайда, дәл Стеблевадай үзілді-кесілді кесімді пікір айтқан, сол тұжырымын жан-жақты дәлелдеген зерттеу жазылған жоқ-ты.

И.Стеблева ескерткіштің жанрлық ерекшелігін анықтауда да айтарлықтай еңбек еткен. Бұған қатысты пікірімізді кейінірек айтамыз. Әзірге Стеблеваның аудармасы жайында тағы да бір-екі ауыз сөз айта кетелік.

Бұрынғы аудармашылардың бәрі де ескерткіштің қара сөз үлгісіндегі мағыналық аудармасын ғана жасаған болса, И.Стеблева оны өлең жолдарына түсіріп, тұңғыш рет орыс тіліндегі өлең-аудармасын жасады. Осы себептен ескерткіштің стилі біраз дәрежеде сақталған деп айтуға болады.

Одан соң, ғалым өзіне дейінгі нұсқалардың кемшіліктерін ескеріп, көптеген жеке сөздердің де баламасын дәл тапқан.

Дегенмен әлі де жетпей жатқан, дөп баспаған сәттер И.Стеблеваның аудармасында да баршылық. Мәселен, «Анта ічкері бүдүн коп маңа көрүр» деген сөйлемдегі асты сызылған сөздің баламасын (бұл шындығында қауым, халық, көпшілік деген сөз) көп (много) деген мағынада алуы дұрыс емес. С.Малов аудармасында да осыны ұшыратқан едік.

Орхон ескерткіштерін орыс тіліне аударудың жәйі әзірге осындай. Сонымен, қорыта айтқанда, екі түрлі аудармамен таныс болып отырмыз. Бірі – қара сөз үлгісіндегі мағыналық аударма. Бұған В.Радлов, П.Мелиоранский, С.Маловтардың аудармасы жатады. Екіншісі – И.Стеблева жасаған өлең аударма.

Шындығында, мұқият қарасақ, руналық жазулардың кейбір жолдары шығарманың мазмұнын ғана беріп тұрған жоқ, сонымен бірге өлең шумақтарын да жасап тұр.

Өлең атаулының ең көне үлгісі – Орхон ескерткіштерін қазақ тіліне аударумен біз біраздан бері шұғылданып келеміз. Қазақ өлеңі Бұқардың, Махамбет пен Абайдың тұсында бірден туа қалған жоқ. Ол сонау бағы замандарда туып, келе-келе түрленіп, Абайдың қолына сан түсті бояуларымен, әдемі өрнектерімен жеткен. Ұлы Абай өлең кестесіне зәру нәр мен жиһазды сол халық өрнектерінен алған.

Енді ескерткіштерді қалай аудардық және нендей принциптерге сүйендік дегенге келетін болсақ, бұл ретте біз алдымызға екі түрлі мақсат қойғандығымызды айтуымыз керек. Біріншіден, сол бір көне әдебиет үлгісін бүгінгі оқушыға бүтін көркем шығарма түрінде жеткізуді мақсат еттік. Өйткені, Орхон ескерткіштерін өзінің эстетикалық нәрін, қуатын әлі күнге дейін жоймаған құнды мұра деп есептейміз. Осыған орай біз көне автор қолданған көркемдік тәсілдерді бүтіндей сақтауға тырыстық.

Екіншіден, бірді-екілі үзінділерді есептемегенде, Орхон ескерткіштерінің әлі күнге дейін қазақ тіліндегі толық ғылыми аудармасының жоқтығын ескере отырып, біз мүмкіндігінше аудармамызды ғылыми дәлдіктің талаптарына жауап бере алатындай етіп жасауға тырыстық.

Орхон шығармаларын қазақшалаудың қиындығы да, жеңілдігі де бар. Қиындығы дейтініміз, жоғарыда айтқанымыздай, көне түрк мұраларын қазақ тіліне толық аударудың бұрын-соңды тәжірибесін кездестіре алмадық. Бұл жерде Ғ.Айдаровтың Тоныкөк ескерткішін аударуын ғана атауға болады. Оның өзі де прозалық (мағыналық) аударма.

Бізде көркем аударма мәселесі көп дәрежеде шешімін тапқан да, ал ғылыми аударма жәйі күні бүгінге дейін ауызға да, қолға да алынбай келеді. Мәселен, ғылыми аударма көп еркіндікті, түпнұсқадан ауытқушылықты қаламайды; дәлдікті, нақтылықты қажет етеді. Біз жұмыс үстінде осыны мүмкіндігінше жадымызда мықтап ескеруге тырыстық.

Содан соң, бізге алдымен көне түрк диалектісіндегі өлеңдік ұйқастардың өзін ажыратып, Орхон ескерткіштерінің жыр ізіндегі транскрипциясын жасау керек еді.

Жеңілдігі дейтініміз, өзімізге дейін аталған ескерткіштердің орыс тілінде бірнеше аудармасы, соның ішінде өлең аудармасы дайын болатын. Сол себепті кей тұстарда ескерткішті басқа нұсқалармен салыстырып отыруға да мүмкіндік болды.

Алайда біз дайын істің ізіне түскеніміз жоқ, жырды аударуда көбіне қазақ тілінің, қазақ өлең құрылысының тұрғысынан келдік. Сол себептен де біздің жұмысымыздың орыс тіліндегі нұсқасынан көп өзгешеліктері болатыны да өзінен-өзі түсінікті.

Атап айтқанда: біріншіден, Орхон жырларының қазақ тіліндегі аудармасын орыс тіліндегідей таза аударма деп түсінбей, жартылай аудармаға жатқызу керек. Олай дейтініміз, сол көне ескерткіштің тілі, ондағы өлең ұйқастары мен қазіргі қазақ тілі, қазақ өлең ұйқастарының арасында пәлендей бөгделік, алшақтық жоқ. Толып жатқан сөздер, «Қызыл қанымды ағыздым, Қара терімді төктім» секілді өлеңдік ұйқастар сол күйінде өзгеріссіз алынды. Орыс тіліндегі аудармадан біздің мүмкіндігіміздің мол болғандығын дәл осы ерекшеліктен деп білу керек. Сондықтан да біз аудармамызды осы сөздің тура мағынасындағы аударма демей, бір тілдің көне формасынан сол тілдің дамыған, қазіргі түріне жаңашалау деп есептейміз. Басқа сөзбен айтқанда, бұл ескерткіштердің тіліне ана тіліміздің байырғы формасы ретінде қараймыз.

Екіншіден, Орхон ескерткіштерін аударуда біз оның рухын, стилін түгел сақтауды мақсат еттік. Осыған орай жазудың әрбір жолын, ұйқасын, буын санын да өзгертпеуге тырысып отырдық. Бірер мысал:

*Түн удусукум келмеді,
Күнтұз олурсукум келмеді (ТК)*

Аудармасы:

*Түнде ұйықтағым келмеді,
Күндіз отырғым келмеді.*

Осы үзіндінің түп нұсқасының әрбір жолы сегіз буыннан тұратын болса, жаңашасы да сегіз буынға құрылды.

Немесе:

*Қаның субча йүгірті – Қаның судай ақты,
Соңүкүң тағча йатды – Сүйегің таудай жатты.
Бегілік уры оғлың құл болты – Бек ұлдарың құл болды.
Сілік қыз оғлың күң болты – Пәк қыздарың күң болды.*

Осындағы ұйқастарда да пәлендей өзгешелік жоқ сияқты. Біздің аудармамызды бөгде тіл үлгілерінің аудармасы демей, бір тілдің байырғы формасынан бүгінгі түріне жаңашалау дейтініміз де, міне, сондықтан. Ұстаздарымыз – орыс достарымыз жасаған аудармадан біздің аудармамыздың түпнұсқамен бүтіндей үндесіп жататындығын да аудармашының пәлендей шеберлігінен деп түсінбей, сол көне түрк тілі мен қазіргі қазақ тілінің туыстығынан, тектестігінен деп білу қажет. Мәселен:

*Тізлігіг сөкүртіміз – Тізеліні бүктірдік,
Башлығығ йүкүнтүртіміз – Бастыны еңкейттік (КТү)*

деген жолдарды орыс тіліне мынадан артық етіп аудару еш мүмкін болмас еді: «Имевших колени заставили преклонить колени, имевших головы заставили склонить головы» [7].

Бұған қарап, шығармадағы жолдардың бәрі бірдей осындай түсінікті екен деп ұқпау керек. Ескерткіштерде қазіргі қазақ оқушысы бірден түсіне қоймайтын сөздер де кездесіп отырады. Ондай сөздердің дәл баламасын табуға тырыстық. Түсінеді-ау деген сөздерді сол күйінде қалдырдық.

Сырттай қарағанда мұның өзі біржақтылық болып көрінуі мүмкін де, аударма дәл қазіргі өлеңдердей ойнап, құлпырып тұрмауы ықтимал. Бірақ біз бұдан ұтылмаймыз. Керісінше, осылай еткенде ғана қазақ өлеңдерінің ең ертедегі, байырғы құрылысы, ерекшелігі жайында зерттеулер жасауға мүмкіндік тудыратын боламыз.

Алдағы уақытта Орхон ескерткіштерінің талай аудармалары жарық көріп, бірте-бірте жетіле түсетіні ақиқат.

Бұл тұста орыс әдебиетінің орта ғасырдағы тамаша жыры «Игорь полкы туралы сөздің» 1800 жылы Мусин-Пушкин жасаған аудармасы мен 1965 жылы жарық көрген үлгісінің (аударғандар: В.Стеллецкий, Л.Тимофеев) арасында елуден астам аударманы басынан кешкендігін ескертсек те жеткілікті.

Басқа ғалымдардан, соның ішінде И.Стеблевадан біздің аударамыздың өзгешелігі неде, енді соған тоқталайық.

Руналық ескерткіштердің орыс тіліндегі тұңғыш өлең аудармасын жасаған И.Стеблева шығарманың табиғатын, құрылысын, стилін негізінен дұрыс сақтаған дедік. Әйткенмен, ғалым көп ретте ескерткіштегі ұйқасты жолдарды түрк халықтарының поэзиясына ортақ болып табылатын төрт жолды бір шумақ өлеңге еріксіз бағындыра бергендігін ескертуге тиіспіз. Басқаша айтқанда, зерттеуші қисыны келсін-келмесін, әйтеуір төрт жолдан тұратын бір шумақты өлең жасай берген. Мәселен, мына бір үзіндіні алып қарайық.

Ілгерү – Шантұң йазыққа тегі сүледім,

Талуйқа кішік тегмедім.

Біргерү – Токуз Ерсенке тегі сүледім,

Түпүтке кішіг тегмедім.

Құрығару – Иінчу үгізіг кече

Темір Қапығқа тегі сүледім.

Иығару – Иер Байырку йеріне тегі сүледім

Бунча йерге тегі йортыдым. (КТ ү)

Жаңашасы:

*Ілгері – Шаңтұң жазыққа дейін жауладым,
Теңізге сәл жетпедім.
Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін жауладым,
Тибетке сәл жетпедім.
Батыста – Инжу өзенін кеше
Темір қақпаға дейін жауладым,
Терістікте – Байырқы жеріне дейін жауладым,
Осыншама жерге дейін жорыттым.*

Осы сегіз жолдан И.Стеблева екі шумақ өлең жасаған. Біздіңше, бұл дұрыс емес. Өйткені, Орхон ескерткіштерінен өлең шумақтарын жасау үшін тек ұйқас, ырғақ қана іздеу жеткіліксіз. Өйткен жағдайда біз шығарманың болмысын жете анықтамаған боламыз. Сол себепті ондағы ұйқас, ырғақтарға мән берумен қатар, ең негізгісі – белгілі бір тиянақты аяқталған ойға құрылған түйдектерді табуға тиіспіз, олай дейтініміз, ескерткіш көбіне ой ұйқастарына құрылған. Сондықтан да біз жоғарыда келтірілген үзіндіні екі шумақ деп қарамай, жорық сапарларын суреттеген сегіз жолды тұтас шумақ деп қараймыз.

Сонымен қатар дәл Стеблеваның ұғымындағыдай, ескерткіштегі сөз біткеннің бәрін бірдей ағыл-тегіл өлең деуге болмайды. Қазақтың «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді әйгілі жырларында кездесетін өлең арасындағы әлқисса-түсіндірме көркем қара сөздер мұнда да кездесіп, араласып отырады. Мысалы, «Өтүкен йышда иді йоқ ерміс, ел тұтсық йер Өтүкен йыш ерміш. Бу йерде олурып, табгач будун бүрле түзелтім. Алтун, Күмүш, Ісігі, қутай буңсыз анча берүр табғач будун сабы сүчіг, ағысы йымшақ ерміс» - «Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді, бірақ ел тұтатын жер осы Өтүкен қойнауы еді. (Дәл) осы жерде отырып табғаш халқымен тағдырластым. Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті осыншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы асыл еді» (КТ к).

Тағы бір мысал: «Келігме беглерін, будунын ітіп йугур (аз) ча будун тез – іс ерті, он оқ сүсін сүлетдім» – «Келген бектерін, халқын

жайғастырып жатқанда, біраздаған жұрт қашып кетті. Он оқтың әскерін аттандырдым» (КТ к).

Келтірілген жолдарды И.Стеблеваның зерттеуіндей өлең үлгілеріне жатқызу қиын-ақ. Көне түрк авторлары, өзімізге әбден қанық қазақтың батырлар жырларындағыдай, болашақ жорықтарды немесе өткен оқиғаны ақындық тәсілмен, үлкен пафоспен баяндай отырып, өздеріне елеусіз деп есептеген сәттерді жыр арасында қара сөзбен жеткізіп те отырған. Әдетте, мұндай прозалық жолдардың көркем болуы шарт емес, керісінше түсінікті болу жағына баса мән берілген. Осы заңдылықты Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөктерге арналған үш шығарманың үшеуінде де кездестіреміз. Өз кейіпкерін дәріптеуде, оның жойқын соғыстарда көрсеткен есепсіз ерліктерін суреттеуде сан түрлі бояуды, бейнелеу тәсілдерін мол пайдалана отырып шабытпен жырлаған автор бір сәт прозалық баяндауды да қолданады. Мұны біз көне түрк ғұламаларының эпикалық мұра жасаудағы қалыпты, дәстүрлі әдісі ме деп ойлаймыз.

Екіншіден, Орхон ескерткіштеріндегі өлеңдер тек қана төрт жолды бір шумақ қана болып келмейді, онда өзіміздің батырлар жырында жиі ұшырасатын аралас ұйқас та, шалыс, шұбыртпалы ұйқас та мол. Осыған сәйкес біз бір шумақтың үш жолдан, сегіз жолдан да, он үш, кейде тіпті одан да көп жолдардан тұратындығын аңғардық.

Ескерткіште кейбір жолдар өшіп, сол күйінде түсініксіз қалған. Бірақ текстiнi аса зейiнмен оқыған кiсi түпнұсқадан әңгiменiң не жайында, кiм туралы болып отырғандығын түсiнедi. Ондай жолдарды бiз төменге түсiрiп, түсiнiктеме берiп отырдық.

Сол сияқты, шығарманың табиғатын неғұрлым дәл беру мақсатымен жырдағы кездесетін байырғы, бірақ қазіргі оқушы түсінетін кейбір сөздерді де сол күйінде қалдырып, ол туралы анықтаманы төменде беріп отырдық.

Филология ғылымдарының докторы Ғ.Мұсабаев Күлтегін ескерткішінің кіші жазуын қазіргі қазақ тіліне аударып жариялады.

Бұл әбден құптарлық әрі игі жұмыс. Сонымен бірге біз мынаны да айтуға тиіспіз. Ғ.Мұсабаевтың аудармасын дәл аудармаға да, еркін

аудармаға да жатқызу қиын. Кей тұста ғалым ескерткіштің стилін сақтайды да, кей тұстары бүгінгінің өлеңдеріндей болып шыққан.

Мәселен, ғалым тек әйтеуір ұйқастыру мақсатымен бір ғана сүледім (аттандым) деген сөзді жүргіздім, өргіздім, кіргіздім деп аударған. Ал, шындығында бұл үшеуі үш түрлі мағынаны білдіретін сөздер. Көне әдеби ескерткіштерді жаңашалағанда мұндай еркіндікке жол беруге болмайды.

Қысқасы, бұл ескерткіштерді аудару керек; бірақ аударғанда, көне мұраның өзіне тән стилін, ерекшеліктерін берік сақтаған абзал.

Орхон жырларын қазақ тіліне жаңашалау, аудару мәселесі жаңа ғана қолға алына бастады деу керек. Көне мұралардың бірнеше өлең аудармасын, жаңашасын жариялап, соларды салыстыра отырып, әбден жетілген нұсқасын жасау – алдағы міндет. Мұны орыс ғалымдарымен қатар, өздерін Орхон жазуларының мұрагері есептейтін түрк халықтары зерттеушілері де істеуге тиіс.

Қазақ ақындары да бұл игілікті жұмысқа ден қоя бастаған тәрізді. Мұның куәсі ретінде «Жұлдыз» журналының 1970 жылғы 3-санында ақын Қадыр Мырзалиев аударып жариялаған «Күлтегін» жырының үзіндісін атауға болады

Бұл табиғаты жағынан әсілі ақындық тәсілден туған еркін аудармаға жатады. Десе де Қадырдың аудармасы өте сәтті шыққан. Сондықтан да ескерткіштің эпикалық сарыны бүгінгі оқушыға дәл жеткен. Ақындық шабыттан туған бұл аудармадан ежелгі жырау Йоллығ-тегіннің қолтаңбасын да, ұлылығын да танығандаймыз.

Енді Орхон ескерткіштерінің көне түрк тіліндегі нұсқасы мен қазіргі қазақ тіліндегі жаңашаланған үлгісіне назар аударыңыз.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ (VII-VIII ғ.ғ.)

Қазіргі Орта Азия, Қазақстан, Сібір жерлерін аралаған жиһангер бүгінгіөзгерген өңірдің салтанатты, әсем қалаларын, зәулім заводтарын, алып фабрикаларын қызықтап-тамашалары сөзсіз. Сонымен бірге бұл өлкелерден қол қусырып мүлгіген жансыз, меңіреу балбал тастарға да, опат соғыстардан қирап жер астына түскен ескі қалалардың жал-жал көмескі қорғандарына да, сол бір жойқын бүліншіліктерге төтеп берген сәулет өнерінің не бір ғажап ескерткіштеріне де көз тоқтатып, тарих түбіне ой жіберіп өтері де ақиқат.

Ғылымның табыстары нәтижесінде сол көне ескерткіштерге, шексіз сахарада мүлгіп қалған меңіреу тастарға бүгінде тіл бітіп, іргелі ел болып қанат жайған түрк халықтарының бақытты ұрпағына тарих шежіресін баян етуде.

Бір кездерде сақтар жайлаған, ғұндар шарлаған кең атырапты заманымыздың VI-VIII ғасырлары арасында үш жүз жыл бойы ұзын найзалы, жарау атты түрктер еркін билеген. Бертінде Дешті Қыпшақ аталған, моңғолдар ат тұяғына таптатқан бұл өлкені ежелден-ақ қазіргі түрк тілдес халықтардың түпкі төркіні болып табылатын көк түрктер мекен етуші еді.

Әрбір дәуірдің елеулі, кезеңді оқиғаларын заманының белгілі ақын-жазушылары дастан-жырларға, ойшылдары тарих-шежіреге айналдырып, шеберлер сәулет өнерінде бейнелеп қалдырған ғой.

Тек түрк халықтары мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ондай ескерткіштердің мәні өте зор. Сондай құнды рухани мұралардың қазақ жерінде де көптеп жасалғандығы біздің халқымыз үшін үлкен мақтаныш.

Біздің ендігі әңгімеміз ежелгі мәдениет ескерткіштерінің ең бір кереметі, бүкіл әлемге әйгілі болған ақын тас, жыршы тас – Орхон ескерткіштері (VIII ғ.) жайында, Білге Қағанға, Күлтегінге, Тоныкөкке арналған құлпытастағы жазулар жайында болмақ.

Бұл ескерткіштер Селенга, Орхон өзендерінің бойынан табылған². Көздің жасымен, жүректің қанымен құлпытастарға қашалып тұрып жазылып, қаймағы бұзылмай бізге жеткен осы бір ғажайып руналық жазулардан кейде жоқтау, кейде мадақтау ыңғайында айтылған шешендік сөздердің, өлеңдік ұйқастардың, мақалды тіркестердің небір көне үлгілерін көреміз.

Онда VIII ғасырдың іргелі мемлекеті – Түрк қағанатының құрамындағы толып жатқан рулардың өзара есепсіз жауласуы, сабылған жорықтары мен соғыстары суреттеледі. Бұл ескерткіштердің басты кейіпкерлері хандар, бектер, тектілер, олардың өз жұртына таяныш боп қалың елін дұшпандардың езгісінен құтқарып, бақытты өмірге жетелеген «аз халықты көп еткен, аш халықты тоқ еткен» күрескерлік өнегесін, сонымен қара халықтың өмір-тіршілігін шыншылдықпен суреттеу талабын да анық көреміз.

Текстологиялық жағынан жан-жақты зерттелген бұл ескерткіштердің жанры жайындағы мәселе күн тәртібіне беріректе ғана қойыла бастады, сондықтан да ғылымда пікір таласы әлі өте көп.

Орхон жазбаларын кейбір зерттеушілер тарихи деректер жиынтығына жатқызса, енді біразы оларды тарихи ерлік жыры деп тануда. Қалай дегенде де өте ертеде жасалған бұл ескерткіштердің түркхалықтары тарихынан, мәдениеті мен әдебиетінен, ой-санасынан, әдет-ғұрпынан, дәстүрінен құнды деректер беретін бағалы мұра екендігі даусыз. Біз олардың қазақ әдебиетіне қатысы жағын сөз еттік. Бұл ретте өз ойларымызды, пікір-тұжырымдарымызды ашық айтуды, ортаға салып отыруды жөн көрдік.

Мәселен, Орхон жазбаларының жанрлық табиғаты, құрылыс-ерекшелігі деген мәселеге өзге ғалымдардан біз басқаша қараймыз.

Сөз болғалы отырған ескерткіштердің авторлары – *Иоллығ-тегін мен Тоныкөк*.

² Тасқа қашалып жазылған жазуларды ғылымда руналық жазулар деп атайды. Мұндай жазбалар, таңбалы тастар Қазақстан жерінен көптеп табылған. Солардың ең көлемдісі – Талас ескерткіші.

Халқымыздың ерекше дамыған жыраулық дәстүрін қалыптастыруда бұл тәрізді көне ойшылдардың, ең ежелгі ақын-жыраулардың белгілі дәрежеде роль атқарғандығы сөзсіз. Ал, есімдері тарихта сақталмаған, байтақ мұра тудырған ақын-жыраулар қаншама?

Орхон ескерткіштерінің өте ерте замандарда туғандығын ескеріп және де оқушыға түсініктірек болу үшін, бұл шығармаларды таныстырудан, талдаудан бұрын, әуелі сол ескерткіштерді тудырған дәуір мен ондағы тарихи деректерге тоқталайық.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТУҒАН ДӘУІР, ОНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Тарихтан жиі ұшырасатын Скиф (Сақ), Үйсін, Қаңғы (Қаңлы), Дулат, Оғыз, Қыпшақ – бәрі де Сібірді, Қазақстанды, Орта Азияны, Орта-Төменгі Еділді, Каспий жағалауларын сонау ерте замандардан-ақ мекендеген түрк-моңғол руларының әр кездегі ру-ұлыстық, түрлі бірлестік аттары еді.

Заманымыздың V ғасырынан бастап бұл өңірлерде әлгі аталған бірлестік-мемлекеттердің негізінде түрк халқы қоғамдасып, соның негізінде Түрк қағанаты орнады. Бүгінде түрк халықтары деп аталатын қазіргі әзербайжан, түркмен, қырғыз, қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, алтай, хақас, ұйғыр, чуваш, ойрат, тува халықтары осы Түрк қағанатына топтасқан ру-тайпалар негізінде қалыптасқан.

Түрк халқын әдетте хан басқарған. Ханның Ордасы болған. Ордада ханмен бірге әр уақытта ақылшы жырау тұрған. Ханнан кейінгі басшыны – *жабғы* (бас уәзір), ханның өз мұрагерін – *тегін* деп атаған. Ал дулаттар (дулу) билеген Батыс Қағанатында ханнан кейінгі дәреже *жора* деп аталған.

Әскери демократияға негізделген түрк қоғамында халық: бек (ақсүйек), қара будун (бұқара), құл, күң деп жіктелген.

Күші жағынан да, мекені жағынан да заманының іргелі мемлекеті болған Түрк қағанатының тарихы V ғасырда Хундардан қашып шығып, Алтай тауының түстігіне қоныс тепкен Ашындардан басталады.

Тарихи деректерге қарағанда, Ашындар көшіп келген Алтай тауын ол кезде өздерін түркіз деп есептеген қаңлылар, қыпшақтар, төлістер, қырғыздар, байырқылар, басмалдар, құрықандар, отыз татарлар, ізгілдер, едіздер, қарлұқтар, кеңгерестер, дулаттар, үйсіндер, сол сияқты бертінде түрк халықтарының негізін құрған басқа да көптеген дала тайпалары мекендеген.

V ғасырдан бастап осы аталған рулардың бәріне түсінікті, ортақ түрк тілі қалыптаса бастайды.

Бүкіл Сібірді, қазіргі Қазақстан мен Орта Азияны түгел жайлаған «ұзын найзалы, жарау атты» түркілер үш ғасыр (VI-VII-VIII ғ.ғ.) бойы Ұлы далада адам айтқысыз алапат, жойқын соғыстарды басынан кешкен.

Түрк халықтарының бірлесуін тарихшылар *Бумын* қаған үстемдік еткен 545 жылдан санайды.

Бумын – саясатқа мықты, айлакер адам болса керек. 551 жылы өзімен көршілес жужандарды талқандап, көшпелілердің арасында даңқы асқан ол Елханы деген атқа ие болады. Бумын қайтыс болған соң, таққа бірінен кейін бірі қатарынан оның үш ұлы отырады. Солардың ішінен тарихта Муганханның есімі ерекше аталады. Ол өзімен көршілес жужандарды, татабыларды, қидандарды түгел бағындырды.

Түркілердің жойқын соғыстарының біразы Бумын ханның інісі *Естеми* ханның атымен сабақтасады. Ол – Бумынның тірісінде-ақ қол басқарып көзге түскен, ханның жабғысы (уәзірі) болған адам. Естеми Батыс жорықтарын басқарған. 555 жылы Шаш (Ташкент) қаласын, Жейхун (Амудария), Інжу (Сырдария) өзендерін қаратып, Арал теңізіне дейін жеткен. Осымен Естеми жорығы тәмамдалады.

VI ғасырдың 80-ші жылдары хан тұқымдарының арасында дау-жанжал өршіп, соның салдарынан Түрк қағанаты Батыс және Шығыс қағанаты болып екіге бөлінеді. Жетісу өңіріндегі, Шу бойындағы, Еділдің төменгі, Ертіс, Есіл өзендерінің жоғарғы сағасындағы өзара жауласып, әбден титықтаған түрк рулары Батыс қағанаттың құрамына енеді.

Батыс қағанаттың құрамына енген рулардың ішіндегі ең бастылары Дулу (дулаттар) одағы мен Шу, Талас, Ыстықкөл маңындағы нушебилер (үйсіндер) еді. Дулаттар мен нушебилердің әрқайсысы дербес бес рудан тұрса керек. Батыс қағанатын кейде «он ру» немесе «он оқ»³ халқы деп атайтыны да сондықтан.

604 жылы Батыс қағанат құлайды. 635 жылы дулаттың бес руы, нушебидің бес руы бөлініп, өз араларынан бек сайлап, биліктің белгісі ретінде оларға оқ береді. «Он оқ түрк» деген сөз содан қалған. Дулаттар мен нушебилердің шекарасы ретінде Шу өзені белгіленеді.

³ Қазақ арасында халықтың құрамын білдіретін буын, бау, сан деген сөздер де кездеседі. Мәселен, «Тоқсан баулы қыпшақ», «Он санды оймауыт, тоғыз санды торғауыт» дейді. Мұның өзі бір ғана қыпшақтың тоқсан тараудан, оймауыттың - он, торғауыттың - тоғыз тармақтан тұратындығын білдіреді.

Қолдарына билік тимеген қарлық, яғма, қыпшақ, басмал тәрізді ру басылары жаңа тәртіпке көне қоймайды да, өршіген наразылық ақыры Шұбар Төліс басқарған он оқ ордасына қарсы көтеріліске ұласады. Шұбар Төліс хан төңірегіндегі достарымен қашып, Ферғанаға жетіп, 639 жылы дүние салады. Ал жауласқан екі жақ бітім жасап, Іле өзенінің екі бетін бекініс етеді.

Іле өзенінен бастап Сібір тайгасына дейінгі аралықты жайлаған батыс түрк руларының басына 641 жылы Үкі шад таққа отырады. Олардың құрамына Жоңғариядағы басмалдар, Алтайдағы қыпшақтар, Минусинск ойпатындағы қырғыздар, Енисей, Тарбағатайдағы басқа да көптеген тайпалар енеді.

Үкі шад Жетісудың оңтүстігінде дулаттармен жойқын соғыс жасайды. Бірақ дулаттардан жеңілген ол қашып Байшынху (ертеректегі Исфиджаб, бертінде Сайрам аталған қала, Шымкенттің шығысында) қаласына жасырынады. Бұл жерден қол жинап, қайта шабуыл жасайды. Бірақ жауынгерлікпен атағы шыққан дулаттар батыс ашын руларының бірінен шыққан Халлығы (лақап аты, оның шын аты тарихта сақталмаған) хан көтеріп, Үкі шадтың қолын қайта талқандайды. Сөйтіп, Халлығ соғыстан әбден шағылған, қалжыраған он оқ халқына көп жылдар бойы олардың аңсаған бейбітшілігін қамтамасыз етеді. Дулаттарға – «Чур» (шора), нушебилерге – «иегін» атағын беріп, өзіне және өзінің сарбаздарына арнап Мыңбұлақ (қазіргі Тараз қаласының маңында) алқабында қамал салдырады. Өзінің ұлына «Багадүр жабғы» деген дәреже тағып, оны өзінен соңғы Батыс қағанаттың әміршісі етіп сайлайды.

656 жылдың қақаған қысын пайдаланып, Қытай империясы Батыс қағанатқа төтеннен шабуыл жасайды. Тұтқиылдан лап берген есепсіз күшке төтеп бере алмаған нушебилер, дулаттар бірінен соң бірі жеңіліп, олардың басшысы Халлығ қалған қолымен Іле өзеніне шегінеді. Сөйтіп, он оқ халқынан бүтіндей қол үзген ол шегінгеннен шегініп, ақыры Шу өзенінде тізе бүгеді.

Бірақ Халлығ соңына баласын ертіп, аздаған атты әскерімен жауды адастырып, оңтүстікке қашып кетеді. Шаш (Ташкент) қаласына

жақындағанда әбден титықтап, болдырған аттары төрт аяқтап, табанда тұрып алыпты. Шаш қаласының тарханы бұларды ұстап, қол-аяғын байлап, қуғыншылардың қолына берген екен. Сөйтіп, Халлығ 659 жылы зындан түбінде азап шегіп, жалғыздықтың тақсиретінен дүние салады.

Ал, көп жылдар өктемдік еткен қытайлар 692 жылға дейін дулаттар мен нушебилердің 60-70 мыңдаған кісісін қырып тынады. Осыдан бастап Түрк қағанаты күйреді деп есептеледі.

Әбден қорлық көрген түрктер VII ғасырдың аяғында Қытай империясына қарсы көтеріліске шығады. Әдепкіде біраз табысқа жеткенмен, Қытайдан жаңа күш келіп, Қарақұмға шегінген көтерілісшілер ақырында, аштыққа ұрынады.

Бірақ түрк халқы бұл жолы жеңілгенмен, тойтарыс алдық деп босқа қарап отырмаған. Бір жылдан соң Гудулу (Құтлығ) басқарған түрк халқының жаңа толқыны қайта өршиді. Құтлығ – әскери білімі бар, айла-тәсілге жетік кісі болса керек. Ол тоз-тоз болған түрк халқын қайта жиып, дана Тоныкөкті соңына ертіп, 683 жылы Қытай басқыншыларынан түрк жерін азат етеді. Осы әрекеті үшін халық Құтлығты Елтеріс (елді теруші, жинаушы мағынасында) хан деп атап кетеді.

Түрк халқын құрап іргелі ел еткен Елтеріс 693 жылы дүние салады. Соңында әлі де балиғатқа жетпеген, әжетке жарай қоймаған екі ұлы қалады. Сондықтан да таққа оның інісі – Мочур (Қапаған) отырады.

Қапаған тым арманшыл, қиялшыл, қатал кісі болыпты. Ол бір кезде даңқы жайылған Түрк қағанатындай мемлекет орнатуды армандайды. Оның тым әсіре қаталдығы халық наразылығын күшейтіп, ақыры Қапаған 716 жылы көтерілісшілердің қолынан қаза табады.

Бұл жағдай Елтеріс ханның буыны бекіп, бұғанасы қатайған заңды екі мұрагері – Білге мен Күлтегінді таққа әкеледі.

Кішісі – Күлтегін өте ер болған. Қарлұқтармен арада болған соғыста (711-715) даңқы жайылған жас батыр бұрыннан келе жатқан ата дәстүрін бұзбай, «Білге хан» деген ат беріп, таққа өзінің ағасын отырғызады. Ал, Білге хан болса, інісі Күлтегінді әскер басы етіп сайлайды. Басқаша айтқанда, бұл шын мәніндегі Қағанат иесі деген сөз еді.

Билікті түгел қолдарына алған Елтеріс (Құтлығ) қағанның үйелмелі-сүйелмелі екі ұлы (Білге мен Күлтегін) саясатты әуелі ағасы Қапағанмен сыбайлас болған ақсақалдарды жоюдан бастайды. Бұрын-соңды соғысқа араласып жүрген кәрі тарландардан Елтерістің тұсында да көрегендігімен көзге түскен, Қапағанға да кеңесші болған Тоныкөкті ғана ақылшы етіп қалдырып, оған Баға Тархан (мемлекеттік кеңесші) атағын береді. Қарт данышпан бұл кезде 70 жаста еді. Көп кешікпей айлакер Тоныкөк өз қызын Білге қағанға қосады. Сөйтіп, осы үшеуінің тұсында түрк халқының даңқы қайта жер жарады.

731 жылы Күлтегін қайтыс болады. Батырдың азасына ат қойып елден келген көңіл айтушыларда есеп болмаған. Батырлығының куәсі ретінде оның басына мәңгілік ғажап ескерткіш орнатылады.

Көп кешікпей, 734 жылы дүниеден Білге қаған да өтеді. Оны сатқындар у беріп өлтіреді.

Таққа отырған Иоллығ-тегін әкесі Білге ханның басына зәулім ескерткіш орнатады. Сөйтіп, ағасына да, әкесіне де арнап тасқа қашап олардың ерліктерін дәріптеген жоқтау-мадақ жырын жаздыртады.

Иоллығ-тегін – ақын, тарихта болған адам. Ол 739 жылы өз ажалынан қайтыс болады.

Міне, Түрк халықтарының тарихына қатысты және біз осы еңбекте жариялап отырған Орхон жырларында (Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері) бейнеленген тарихи оқиғалардың желісі осындай.

Түрк қағанатының құрамына енген, бертінде түрк халықтарына ұйытқы болған және Орхон ескерткіштерінде аталатын рулар, тайпалар өте көп. Олардың басты-бастылары жайында қысқаша мынаны айтуға болады:

Төлістер – қазіргі таулы Алтайдың шығыс бөлігін мекендейтін телеуіттердің арғы ата-тегі. Телеуіттер терістігінде – татарлармен, шығысында – тувамен, түстігінде – қазақтармен, батысында алтайлықтармен шектеседі.

Мәдениеті, тілі жағынан түрк руларымен төркіндес келетін ру – *қырғыздар*. Олар VII-VIII ғасырларда Енисей бойын мекендеп, өзімен

көршілес қарлұқ, құрықан, дубо (тува), меркіт тайпаларымен үнемі қақтығысып тұрған.

Тарихшылардың айтуына қарағанда, *құрықандар* қазіргі якуттердің ата-тегі де, ал *қырғыздар* – *хақастардың* арғы тегі. Екеуінің де тілі, әдет-ғұрпы түрк тектес. Әйткенмен, қырғыздарды тек қана хақастардың арғы тегі деу жеткіліксіз. Біздіңше Орхон ескерткіштерінде жиі кездесетін қырғыздар бірнеше рулардың бірлікті аты болуға тиіс. Өйткені, оларды қазіргі қырғыздардан бүтіндей бөліп қарау дұрыс болмас еді. Сондықтан да байырғы қырғыздарды қазіргі хақас, қырғыз халықтарына бірдей қатысы бар бірнеше рудың бірлікті одағы деп түсінген жөн.

Сырдария мен Амударияның аралығында оғыздар тұрған. *Оғыздар* – қазіргі әзербайжан, түркпен, түрік халықтарының арғы тегінен саналады.

Жоңғария мен Жетісу өлкелерін мынадай елдіктер жайлаған: Қара Ертісте – *қарлұқтар*, Орталық Тянь-Шандағы Іле өзенінің бойында – *түргештер*. Ертістің жоғарғы сағасында *басмалдар* тіршілік еткен.

Түрк руларының бірінен саналатындар – *кенгерестер*. Кенгерестердің тарихтағы басқаша бір аты - *Қаңғарлар* (қаңлы). Олар Сырдарияның төменгі және орта сағасын мекендеген. Қара Ертістегі қарлұқтар мен Сырдариядағы печенег-қаңғарлардың арасында бұл кезде қыпшақтар келіп қоныстана бастаған кең дала жатады. Қазіргі Қазақстандағы далалы өлкенің Дешті қыпшақ - Қыпшақ даласы аталуы осыдан. Бұл жерде қыпшақтар қаңғарлармен араласып, шығыста – қыпшақ, Европада – коман (құман) ал, Россияда – половецтер деп аталып кеткен халықты құрайды.

Тарихта аты сақталған Орта Азия, Қазақстан, Сібір жерлерін мекендеген ол кездегі басты ру одақтары жайындағы қысқаша деректер осындай. Ал, заманымыздың III-V ғасырларына дейін өзара қақтығыс салдарынан аты жоғалып кеткен, не бертінде өзгеріп кеткен шағын рулардың есебі жоқ.

Жоғарыда аталған түрк рулары үнемі бір орында, өздерінің алғаш қоныс тепкен жерінде тұрақтап отыра бермеген. Кейде өзара жауласу, соғысу салдарынан, кейде бөгде ру-тайпалардың, яки халықтардың

жорық-шапқыншылықтары салдарынан зор жойқыншылыққа ұшырап, бір өлкеден екінші бір өлкеге өтіп, қоныстарын жиі өзгертіп отырған. Сондықтан да болу керек, тарихшылар арасында қазақ рулары түгелдей әуел бастан, өмірбақи көшпелі болды, тек мал шаруашылығымен ғана айналысып, үнемі жөңкіліп көшіп жүрді деген пікір бар. Бұл пікірді дұрыс деуге, қостауға болмайды.

Күн шығыстағы ру, тайпалар тарихтың басынан-ақ бір жағы көшпелі, бір жағы отырықшы өмір сүрген, оны археология ғылымы дәлелдеп отыр. Қазақ рулары да түгелдей өмірбақи жөңкіліп көше бермеген, біразы көшпелі мал шаруашылығымен айналысса, бірқатары отырықшы өмір сүрген – қыстақты, кентті, қалалы жерлерде, солардың төңірегінде тұрып егіншілікпен, қолөнер кәсібімен шұғылданған. Олардың теріден, ағаштан, киізден, жібектен жасаған небір әсем жиһаздары болған.

Түрк сарбаздары металмен қаптаған қазіргі қазақ тымағы тәрізді бас киім, үстіне жезден істелген ұзындығы тізеден, жеңі шынтақтан сәл жоғары сауыт, аяқтарына етік киген. Жауға аттанған жауынгер сауыт киіп, садақ асынып, беліне алдаспан байлап, білегіне шоқпар іліп, кеудесіне қалқан, қолына найза ұстап шығатын болған.

Олар соғыстан бос уақытында малшаруашылығымен, аңшылықпен айналысқан. Сойылған малдың, аңның терісінен киім тігіп киген. Ол заманда киімнің жалпы аты «тон» делінген. Осы сөз киім мағынасында әлі де кездеседі. Мәселен: «Әркім өз бойына қарап тон пішеді», «Кеңеспен пішкен тон келте болмас», «Апасы киген тонын сіңлісі де киеді» тәрізді мақалдар бар.

Негізгі баққан, өсірген малдары – қой, жылқы. Жылқының қымызын, қойдың ағын ішіп, түркітер малдың қамымен қыс-қыстауға, жаз-жайлауға көшіп жүрген. Осы кәсібі жайында тарихшы Л.Гумилев былай дейді: «Түркітердің әйелге деген құрметін есептемегенде, олардың жанұясын ХІХ ғасырдағы қазақтардың отбасынан пәлендей өзгешелігі бар еді деп айтуымызға ешқандай негіз жоқ». Жаз салқын тау қойнауын саялап, қыс түссе жазықты жайлайтын түркітердің басты панасы көшіп-қонуға жеңіл киіз үй болған.

Бір кезде қазақ арасына кең жайылған әмеңгерлік салт сол замандардан қалған. Түрк халқының салты бойынша ағасы өлсе інісі жеңгесіне үйленетін болған. Деректерге қарағанда, түрктер әйелді ерекше құрметтеген. Жолаушылап келген баласы үйге кіргенде, әкесінен бұрын әуелі шешесіне бас иеді екен. Мұның үлгісін Орхон ескерткішіндегі Күлтегінге арналған үзінділерден көреміз.

Түрк халқының діни көзқарастары жөнінде. Ол уақытта (ислам діні тарамаған кез) халық құдайды, әулиені білмеген. Көкке – Тәңіріге, қара жерге, суға табынған. Небір қысылшаң тар кезеңдерде дағдарған, есеңгіреген түрк халқына дем беретін де осылар – түрктің қасиетті жер-суы. Демек, түрк халқы жеке бір адамға емес, көбінесе табиғатқа, жер, көкке табынған: «Тәңірі текті, тәңіріден жаралған» деп басталатын Орхон жазбалары табиғаттың өзінен туғандай елдің кескінін аңғартады.

Түрк халқы о дүниені жер үстіндегі тірліктің жалғасы деп түсінген. Дүниеден қайтқан кісінің қазасына жоқтау шығарып айтатын болған. Жоқтау шығаратындар *сығытчылар* (жоқтаушылар) деп аталған. Өлгендерге қайғыру белгісі ретінде әйелдер бетін жыртқан, кейде тіпті өзін құрбан ететін болған. Сол дәуірдің мәліметтерінде: «Қаны мен көз жасы бірдей ағылды» деп жазады.

Көңіл көтерген сауық кештерінде жұрт қақ жарылып бетпе-бет тұрып айтысатын болған. Қазақ халқының арасында кең тараған жар-жар, айтыс содан келеді.

Жоғарыда аталған тарихи деректер түрк халқы жасаған эпиграфиялық ескерткіштерде сақталып бізге жетіп отыр. Орхон, Талас өзендерінен, Қазақстанның басқа да жерлерінен көптеп табылған мұндай ескерткіштер бұл өңірді мекен еткен үйсін, дулат, қаңлы, найман, қыпшақ, керей, қоңырат тәрізді ру-тайпалардың VII-IX ғасырларда-ақ өз дәуіріне лайықты мәдениетінің болғандығын айқындайды. Мұны әркезде жүргізілген археологиялық зерттеулер бүгінде мүлтіксіз дәлелдеп отыр.

Қазақстан жеріндегі халықтар Византиямен, Қытаймен, Киев Русімен мәдени, сауда қатынасын ерте кезде-ақ өрістеткен. Қазақстанның,

әсіресе батыс, солтүстік-батыс аудандарының халқы Русьпен етене берік ынтымақта, байланыста болған.

Аталған дәуірде материалдық мәдениет, тоқыма өнеркәсібі, қала құрылысы өрістейді. Ол кездегі қалалардың шоғырланған жерлері - Қаратау маңы, Сырдария алабы, Талас, Шу өңірлері, Жетісу өлкесі.

ТАСТАР СӨЙЛЕЙДІ

Жеті жүз отыз бірінші жылдың жазында шексіз даланы армансыз билеген Бумын, Қапаған, Естемі, Құттық қағандардың ұрпағы, ұзын найзалы, жарау атты түркілердің ырысы әрі бақыты – Бозайғырлы айбынды ер Күлтегін дүние салады.

Бетіне дұшпан қаратпаған айбынды ердің қазасы қасірет пен қайғы болып бүкіл түрк қауымының арасын лезде-ақ шарлап шығады. Оның басына тізе қосқан досы да, кескілескен қасы да тегіс жиылған. Ұшы-қиырсыз, дамылсыз ағылған халықтың қаралы шеруі даңқты батырға деген ықылас-пейілдің куәсіндей еді.

Заманының атақты ақын-жырауы, Күлтегіннің немере інісі Йоллығ тегін жан-жақтан шеберлер алдырып, келесі жылдың күзінде Күлтегіннің басына оның батырлығының белгісіндей мәңгілік ескерткіш – зәулім құлпытас орнаттырады. Әдемі әшекеймен оймышталып, өзгеше нақышпен өрнектелген заңғар құлпытаста ел сүйген ерге халық жоқтауын көне түрк тілінде мәңгілікке өшпестей қашатып тұрып жаздырады:

*Сонау бастан, о бастан
Жаралғалы қара жер,
Жаралғалы көк Аспан,
Естемі мен Бұмынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан.
Бүкіл түрк үмітпен*

*Екеуіне қарасқан,
Қол астына жиылып,
Қол астынан тарасқан.
Олар салған дүбірден
Қаптап жатқан қалың жау
Шыбын жаннан түңілген.
Дардай болып келгенмен,
Бордай болып үгілген.
Басы барлар иіліп,
Тізесі бар бүгілген.⁴*

Тастың бетіне қашалған тарихи жыр осылай басталады...

Содан бері мың үш жүз жылдай уақыт өтті. Тарихтың беті сан өзгеріске ұшырады. Жылдар жылжып, ғасырлар алмасты. Жер жаңарып, қоныс өзгеріп жатты. Бірақ Орхон өзенінің бойындағы қас батырдың ерлігіндей тәкаппар, сұсты, маңғаз тас ескерткіш он екі ғасырдан аттап, өз заманының шындығын, қайғы-қасіретін, амал-әрекетін арқалап, сол күйінде бұзылмай, бүлінбей бүгінгі күнге аман жетті. Ол ескерткіштер кімдікі, қалай табылды, кім ашты, кім аударды, кім зерттеді; жазбалардың мазмұны, жанры қандай – міне, ендігі әңгіме сол туралы.

⁴ Күлтегінге арналған ескерткішті ақындық тәсілмен жаңашалаған ақын – *Қадыр Мырзалиев*

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ МӘТІНДЕРІ
(VII ғасыр)

БІРІНШІ ЖЫР

1.

Теңрі тег, Теңрі йаратмыш.
Түрк Білге қаған,
Бұ өдке олуртым.
Сабымын түкеті есідгіл:
Улайу іні йігүнім, оғланым,
Бірікі оғушым, будунім,
Беріе-шад-апыт беглер,
Йырайа – тарқат буйрук беглер,
Отұз [татар].....

Тәңірі текті, Тәңіріден жаралған
Түрк Білге⁵, қаған⁶
Бұл шақта отырдым.
Сөзімді түгел естіңдер:
Бүкіл жеткіншегім, ұланым,
Біріккен әулетім, халқым.
Оңымда шад⁷, апа⁸, бектер
Солымда - тархан, бұйрық бектер
Отыз [түрк].⁹

⁵ Түрк Білге – кісі аты. Білге – ақылды, данышпан, кемеңгер деген ұғымды білдіреді.

⁶ Хан деген сөз.

⁷ Ақсүйектерге, әскер басыларына берілетін атақ.

⁸ Ақсүйектерге, әскер басыларына берілетін атақ.

⁹ Біз тастағы контексті ескере отырып, әрі «отыз» деген санмен анықталатын Өтүкен маңындағы «түрк» болуы мүмкін деп ойлаймыз.

2.

Токуз оғуз беглері, будуны,
Бу сабымын едгүті есід,
Қатығды, тыңла.
Ілгерү – күн тоғсыққа,
Берегрү – күн ортусыңару,
Қурығару – күн батсықыңа.
Йырғару – түн ортусыңару
Анта ічрекі будун коп маңа
Көрүр, анча будун

Тоғыз оғыз бектері, халқы,
Бұл сөзімді мұқият тыңда,
Терең ұқ.
Ілгері – күн шығысында,
Оң жақта – күн ортасында¹⁰
Кейін – күн батысында,
Сол жақта – түн ортасында¹¹
Осының ішіндегі халықтың бәрі
Маған қарайды, халықты

3.

Көп ітдім. Ол амты аңығ
Йоқ түрк қаған Өтүкен йыш
Олурсар, елте буң йоқ.

Осынша көп еттім. Егер қазір баяғы
Кексіз түрк қағаны Өтүкен¹²
қойнауында¹³ отырса, (онда) елде мұң жоқ.

¹⁰ Оңтүстік.

¹¹ Солтүстік.

¹² Өтүкен – қасиетті жердің аты.

¹³ Қойнау (йыш): С.Малов бұл сөзді орыс тіліне «чернь (лес и горы)» деп аударған.

4.

Ілгеру – Шаңтұң йазықа тегі сүледім,
Талуықа кішіг тегмедім.

Біргеру – Тоқуз ерсенке тегі сүледім,
Түпүтке кішіг тегмедім.

Қурығару – йінчу үгіз кече
Темір қапығқа тегі сүледім,

Йырғару – йер Байырқу

Йеріңе тегі сүледім,

Бунча йерке йортыдым,

Ерміс, ел тұтсақ йер Өтүкен

Йыш ерміс. Бу йерде

Олурын, Табғаш будун бірле түзелтім

Ілгері – Шаңтұң жазыққа дейін жауладым,

Теңізге сәл жетпедім.

Түстікте – Тоғыз Ерсенге дейін жауладым,

Тибетке сәл жетпедім,

Батыста – Інжу¹⁴ өзенін кеше

Темір қақпаға дейін жауладым.

Терістікте – Байырқы жеріне дейін жауладым,

Осыншама жерге дейін жорыттым,

Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді,

бірақ ел тұтатын жер осы

Өтүкен қойнауы еді.

(Дәл) осы жерде отырып, табғаш халқымен табыстым.

5.

Алтун, күмүш, ісігті,

қутай буңсыз анча бірүр

Табғаш будун сабы сүчіг,

ағысы йымшақ ерміс.

¹⁴ Сырдария өзені.

Сүңіг сабын, йымшақ ағын
арып, ырақ будуныг анча
йагутыр ерміс. Йағру контукда
кісре аныг біліг анта өйүр ерміс.

Алтынды, күмісті, дақылды,
жібекті соншама шексіз беріп жатқан
табғаш халқының сөзі тәтті,
бұйымы асыл еді.
(Олар) тәтті сөз, асыл қазынасын беріп,
жырақтағы халықты (өзіне) сонша жақындатар еді.
Жақын қонып, сосын (олардан) әдепсіз қылықты үйренуші еді.

6.

Едгү білге кісіг, едгү алып кісіг йорытмаз ерміс.
Бір кісі йаңылсар, оғушы, будуны, бірсүкіңе тегі, қыдмаз ерміш.
Сүңіг сабыңа, йымшақ ағысыңа артурып үкүс
Түрк будун, өлтіг,
Түрк будун үлесікің.
Біріе чуғай йыш түгүл,
Түн йазы қонайын тісер,
Түрк будун, үлесікің.

Ақылды кісілерді, батыл кісілерді табғаштар қозғай алған жоқ.
(Егер) бір кісі алданса (онда) руы, халқы тұқымына дейін қалмас еді.
Тәтті сөз, асыл дүниесіне
көп алданып
Түрк халқы, қырылдың,
Түрк халқы, жойылдың,
Түстікте Шұғай қойнауы түгіл,
Түн жазығына қоныстансақ десуші ең.
Түрк халқы, жойылдың.

7.

Анта аңығ кісі анча бошғурур ерміс:

«Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр,
Йағұқ ерсер, едгү ағы бірүр» – тіп.

Анча бошғурур ерміс.

Біліг білмез кісі ол сабығ алып.

Йағру барып, үкүш кісі өлтіг.

Сонда өш адамдар былай

иландырып еді:

«Жырақ болса, жаман сыйлық берер,
Жақын болса, жақсы сыйлық берер», – деп.

Осылай иландырып еді.

Білімсіз кісілер сол сөзге нанып,

Жақын барып, көбің қырылдың.

8.

Ол йерерү барсар,

Түрк будун өлтөчісен.

Өтүкен йер олтурып,

Арқыш-тікіш ысар,

Нең бунуғ йоқ,

Өтүкен йыш олурсар,

Беңгу ел тута олуртачы сен,

Түрк будун, тоқ.

Арық оқ сен,

Ачсық, тосық өмез сен,

Бір тодсар, ачсық өмез – сен.

Ол жерге барсаң,

Түрк халқы, өлімшісің.

Өтүкен жерінде отырып.

(Қазынаға) керуен жіберсең,

Еш мұңың жоқ.
 Өтүкен қойнауында отырсаң,
 Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен,
 Онда түрк халқы тоқ.
 Ашсың ғой сен,
 Аштықта тоқтықты түсінбейсің,
 Бір тойсаң аштықты түсінбейсің.

9.

Анағыңның үчүн ігідміш,
 Қағаныңын сабыл алматын,
 Йер-сайу бардығ,
 Көп анта алқынтығ, арылтығ,
 Анта қалмыш йер-сайу көп
 Туру-өлү йорыйур ертіг.
 Теңрі йарлықадуқын үчүн,
 Өзім құтым бар үчүн,
 Қаған олуртым.
 Қаған олурып.

Соның үшін алдандың,
 Қағаныңның тілін алмадың,
 Жер-жерге бардың,
 Әбден алқындың, арыдың.
 Сонда қалғандар жер-жерге қаңғып,
 өлімші босқын (боп еді).
 Тәңірі жарылқағандықтан,
 Өзімнің бақытым бар болғандықтан,
 Қаған отырдым,
 Қаған болып,

10.

Йоқ, чыгай будунуғ
көп қобартдым,
Чыған будунуг бай қылтым,
Аз будунуг үкүш қылтым,
Азу бу сабымды ігің барғу?
Түрк беглер, будун, буны есідің!
Түрк будунығ тіріп,
Ел тұтсықыңын бунта уртым.
Йаңылып, үлескіңін йеме
бунта уртым.

Жоқ, кедей халықты
көп көтердім,
Кедей халықты бай қылдым,
Аз халықты көп қылдым.
Осы сөзімде өтірік бар ма?
Түрк бектері, халқы, бұны тыңдаңдар!
Түрк халқын жиып,
Ел болғандарыңды мұнда бастым.
Жаңылып, кешкендеріңді де
мұнда бастым.

11.

Неңнең сабым ерсер,
Беңгү ташқа уртым.
Аңар көрү білің,
Түрк амты будун беглер –
Бөдке көрігме беглер,
Гү йаңылтачы сіз
Мен беңгү таш...
Табғач қағанта бедізчі

Келүртім, бедізітім,
Менің сабымын сымады.

Барлық сөзімді айтар,
Мәңгі тасқа бастым.
Бұған қарап біліңдер,
Түрк халқының қазіргі бектері –
Таққа кіріптар бектер,
Сендер жаңылғышсыңдар ғой?
Мен мәңгі тас...
Табғаш қағаннан бәдізші¹⁵
алдырдым, жазу жазғыздым,
Менің сөзімді бұзбады.

12.

Табғаш қағаның
іңрекі бедізшігі ыты.
Аңар адынчығ барқ йаратуртым,
Ішін-ташын адынчығ бедіз уртуртым, таш тоқытдым,
Көңүлтекті сабымын У...
(Он оқ оғлын)а, татыңа
тегі,
Буны көру, білің,
Бәңгү таш тоқытдым.

Табғаш қағаны ішкі өңірден
Бәдізшілерін жіберді.
Оларға бөлекше мазар салдырдым,
Іші-тысына жазу жазғыздым,
Тас қалаттым.
Көңілдегі сөзімді¹⁶... .

¹⁵ Тасқа қашап өрнек салатын бедерші.

¹⁶ Бір сөзі өшіп қалған.

Он оқ ұлдарына, таттарға дейін,
Бұны көріп, біліңдер,
Мәңгі тас қалаттым.

13.

(Бу еріг) ерсер,
Амтыка еріг йерте ірсер,
Анча еріг йерте
Беңгү таш тоқұтдым, бітідім.
Аны көріп, анча білің –
Ол таш...дым,
Бу бітіг бітігме –
Атысы йол(л)ығ тегін.

(Бұрын) бұл аялдама болса,
Қазірде аялдама жер болса,
Сол аялдама жерге
Мәңгі тас қалаттым, жаздырдым.
Бұған қарап, мынаны біліңдер –
Ол тас...тым¹⁷
Бұл жазуды жаздырғанның
Аты Йоллығ-тегін.

¹⁷ Тастағы өшіп қалған жерге көп нүкте қойып отырмыз. Өшкен сөзді мағынасына қарай ажыратуға болады.

КҮЛТЕГІН

(үлкен жазу)

1.

Үзе, көк теңрі,
Асра йағыз йер қылынтұқда.
Екін ара кісі оғлы қылынмыс.
Кісі оғлынта үзе ечүм апам
Бумын қаған, Істемі қаған олурмыш.
Олурыпан, түрк будуның елін, төрүсін
Тута бірміс, іті бірміс.

Биікте көк Тәңірі,
Төменде қара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бұмын қаған, Естеми қаған отырған.
Отырып, түрк халқының ел-жұртын
Қалыптастырған, иелік еткен.

2.

Түрт булуң қой йағы ерміс,
Сү сүлепен,
Түрт булуңдақы будуның
Коп алмус, баз қылмыс,
Башлығы йүкүнтүрміс,
Тізлігіг сөкүрміс,
Ілгерү – Қадырқан йышқа тегі,
Керү-Темір Қапуғқа тегі қонтұрмыс

Төрт тараптың бәрі дұшпан екен,
Сарбаздарымен аттанып,

Төрт тараптағы халықты
Көп алған, бәрін бейбіт еткен,
Бастыны еңкейткен,
Тізеліні бүктірген,
Ілгері – Қадырқан қойнауына дейін,
Кері – Темір қақпаға дейін жайлаған.

3.

Екін ара іді оқсыз көк түрк
(іт) Анча олурыр ерміс.
Білге қаған ерміс.
Буйуруқы йеме білге ерміс ерінч.
Алп ерміс ерінч.
Деглері йеме будуны йеме түз ерміс.
Ану үчүн еліг анча тұтмұс ерінч,
Еліг тұтуп, төрүг ітміс,
Өзінче кергек болмус.

Екі аралықта жүрген иесіз
Көк түріктерді осылай қоныстандырған екен.
Білге қағандар екен,
Алып қағандар екен,
Әміршілері де білге болған екен,
Алып болған екен.
Бектері де, халқы да сенімді екен.
Сол үшін де елін сонша
(ұзақ) билеген екен.
Ел ұстап, төрелік еткен,
Өздері қаза болған.

4.

Йығчу-сығутчу:
Өңре күн тоғусқда,
Бөклі чөл(л)іг ел,

Табғач, түпұт, апар нұрұм,
Қуркуз, үч қурықан,
Отуз татар, қытан, татабы
Бұнча будун келіпен,
Сығтамыс-йығламыс.
Антаг күліг қаған ерміс.

Жылаған-сықтаған:
Әуелі күн шығыстан
Бөклі шөлінің елі,
Табғаш, тибет, авар, үрім,
Қырғыздар, үш құрықандар,
Отыз татар, қытай, татабылар –
Осыншама халық келіп
Сықтады, жылады.
Осындай сыйлы қағандар еді.

5.

Анта кісре інісі қаған болмус ерінч,
Оғлу та қаған болмус ерінч.
Анта кісре інісі ечісін тег қылынмадуқ ерінч,
Оғлу қанун тег қылынмадуқ ерінч.
Білігсіз қаған олурмус ерінч,
йаблақ қаған олурмус ерінч,
Бұйруқы йәме білігсіз ерінч,
йаблақ ерміс ерінч.

Соңындағы інілері қаған болған,
Ұлдары да қаған болды.
Соңындағы інісі ағасындай болмады,
Ұлдары әкесіндей болмады.
Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен.
Әміршілері де біліксіз екен.
Жалтақ болған екен.

6.

Беглері, будуны түзсіз учүн
Табғач будун теблігін күрліг үчүн,
Армақчусун үчүн,
Інілі-есілі кіншүртүкін үчүн,
Беглі-будунлығ йоншүртүкін үчүн
Түрк будун елледүк елін учғуну ыдмыс,

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,
Арбауына көнгендігінен (сенгендігінен),
Інілі-ағалының дауласқандығынан,
Бекті-халқының жауласқандығынан
Түрк халқы елдігін жойды,

7.

Қағанладық қағанун иітүрү ыдмыс:
Табғач будунқа беглік ұру оғлун құл болту,
Сілік куз оғлун күң болту,
Түрк беглер түрк атын ыты,
Табғачу беглер табғач атын тутупан,
Табғач қағанқа көрміс,
Еліг йыл ісіг-күшіг бірміс.
Қағандығынан айрылды;
Табғаш халқына бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түрк бектер түрк атын жоғалтып,
Табғаш бектердің табғаш атын тұтынып,
Табғаш қағанына бағынды,
Елу жыл ісін-күшін берді.

8.

Ілгерү – күн тоғысықда
Бөклі қағанға тегі сүлейү бірміс,

Құрығару Темір Қапығқа тегі сүлейү бірміс,
Табғач қағанға елін-төрүсін алу бірміс.

(олар) ілгері – Күншығыста
Бөклі қағанға дейін шапқындады,
Кері – Темір қақпаға дейін шапқындады.
Табғаш қағанына елі-жұртын алдырды.

9.

Түрк қара қамуғ будун анча тіміс:
«Елліг будун ертім,
Елім амты қаны?
Кемке еліг қазғанурмен тір ерміс.
Қағанлуғ будун ертім,
Қағаным қаны?
Не қағанқа ісіг-күчіг бірүрмен?» – тір ерміс.
Анча тіп, табғач қағанқа йағу болмыс.

Күллі түрк халқы былай десті:
«Елді халық едім,
Елім қазір қайда?
Кімге ел-жұрт іздермін? – десті.
Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым берермін?» – десті.
Осылай деп табғаш халқына жау болды.

10.

Йағу болып,
Ітіну йарағуну умадук,
Иана ічікміс.
Бунча ісіг-күчіг біртүкгерү сақынматы.
Түрк будун:
«Өлүрейін, уруғсыратайын» – тір ерміс.

Йоқоду барыр ерміс,
Үзе түрк Теңрісі,
Түрк ыдуқ йері, субу

Жауы болып,
Қолдарынан түк келмей,
Қайта бағынды.
Бүйтіп күш-қуатын
Бергілері келмеді.
Түрк халқы:
«Қырылайық, жойылайық» – десті,
Ажалға жылжи бастады.
Көкте түрк Тәңірісі,
Түріктің қасиетті жері, суы

11.

Анча тіміс:
Түрк будун йоқ болмазун тійін,
Будун болчүн тійін,
Қанум Елтеріс қағануғ,
Өгім Елбілге қатұнығ.
Теңрі төпесінде тұтұп
Иөгерү көтүрміс ерінч.
Қанум қаған йіті йегірмі ерін ташықмыс.

Былай депті:
«Түрк халқы жойылмасын, – дейді, -
Ел болсын», – дейді.
Әкем Елтеріс қағанды,
Шешем Елбілге қатынды
Тәңірі төбесіне ұстап
Жоғары көтерген екен.
Әкем қағанға он жеті ер еріпті.

12.

Ташра йорыйур, тійін есідіп,
Балықдақы тағықмыс,
Тағдақы інміс,
Тіріліп йетміс ер болмыс.
Теңрі күч біртүк үчүн
Қанұм қаған сүсі бөрі тег ерміс,
Йағысы қоң теге ерміс,
Ілгерү-қурығару сүлепі тірміш, қобартмыш,

Шетте жортып жүр дегенді есітіп,
Қаладағылар өрлепті,¹⁸
Таудағылар індепті.¹⁹
Жиылып жетпіс ер бопты.
Тәңірі қуат берген соң,
Әкем қағанның әскері бөрідей бопты,
Жаулары қойдай бопты.
Ілгері-кейін аттанып жинапты, көтеріпті.

13.

(Қа) мұғы йеті йүз ер болмыс
Йеті йүз ер болып,
Елсіреміс, қағансырамыс будунығ,
Күңедміс, құледмыс будунығ,
Түрк төрүсүн ычғынмыс будунығ
Ечум-апам төрүсінче йаратмыс, бошғұрмыс.
Төліс, тардуш...

Қолы жеті жүз ер болыпты.
Жеті жүз ер болып,
Елсіреген, қағансыраған халықты,
Күңденген, құлданған халықты,

¹⁸ Тауға өрлепті.

¹⁹ Таудағылар төмен түсіпті.

Түрк иелігінен айрылған халықты
Ата-баба мекеніне қайта орнатты.
Төліс, тардұш (тарға).

14.

Йабғұт, шадығ берміс.
Біріе табғач будун йағы ерміс,
Йырайа Баз қаған, тоғыз оғуз будун йағы ерміс.
Қырғыз, қурықан, отұз татар,
Қытай, татабу – қоп йағы ерміс.
Қанұм қаған бунча...

Жабғы, шад²⁰ сайлапты
Оңында – табғаш халқы жау еді,
Солында – Баз қаған, тоғыз оғыз халқы жау еді.
Қырғыз, құрықан, отыз татар,
Қытай, татабы – бәрі де жау еді.
Әкем қаған осынша²¹...

15.

Қырқ артуқ(ы) йіті йолы сүлеміс,
Иегірмі сүңіс сүңүшміс.
Теңрі йарлықадұқ үчүн
Еллігіч елсіретміс.
Қағанлығығ қағансыратмыс,
Йағығ баз қылмыс,
Тізлігіс сөкурміс,
Башлығығ йүкүнтүрміс.
Қаңым қаған інче еліг-терүг қазғанып

Қырық жеті рет аттанды,
Жиырма айқас жасады.

²⁰ Билеушілерге берілетін атақтар

²¹ «Жауға» деген сөз түсіп қалған секілді.

Тәңірі жарылқағандықтан
Елдігін әлсіретті,
Қағандығын қансыратты.
Жауын бейбіт етті.
Тізеліні бүктірді,
Бастыны еңкейтті.
Әкем қаған сөйтіп ел-жұрт құрап,

16.

Ұча бармыс.
Қаңым қағанға башлайү
Баз қағанұғ балбал тікміс.
Ол төрүде үзе
Есім қаған олурты.
Есім қаған олурыпан,
Түрк будунуг йіче ітді,
Ігіті
Чығайығ бай қылты,
Азығ үкүс қылты.

Ұша барды²².
Әкем қағанның басына
Баз қағанның балбалы қойылды.
Оның елінің үстіне
Ағам қаған болды.
Ағам қаған болып,
Түрк халқын көркейте түсті,
Көтерді.
Кедейді бай қылды,
Азды көп қылды.

17.

Есім қаған олуртуқда,
Өзім тардуш будун үзе шад ертім.

²² Дүниеден қайтты.

Есім қаған бірле-ілгеру – йашул үгүз,
Шаңтүң йазыққа тегі сүледіміз.
Құрығару – Темір қапығқа тегі сүледіміз.
Көңмен аша қырқыз йеріңе тегі сүледіміз.

Ағам қаған болғанда,
Өзім тардуш халқына шад болдым.
Ағам қағанмен бірге ілгері – Жасыл өзеніне,
Шантүң жазығына дейін аттандық,
Кері – Темір қақпаға дейін аттандық.
Көгменнен аса қырғыз жеріне дейін аттандық.

18.

Қамуғы беш отұз сүледіміз.
Үч йегірмі сүңүшдіміз.
Еллігіг елсіретдіміз,
Қағанлығығ қансыратдымыз,
Тізлігіг секүртіміз,
Башлығығ йүкүнтүртіміз,
Түргес қаған түркіміз,
(Будунум) ерті,
Бас аяғы жиырма бес (рет) аттандық,
Он үш рет соғыстық.
Елдігін әлсіреттік,
Қағандығын қансыраттық.
Тізеліні бүктірдік,
Бастыны еңкейттік.
Түргеш ханы түркіміз,
(Өз) халқымнан еді.

19.

Білмедүкін үчүн,
Бізіңе йанлуқын үчүн қағаны өлті.
Бұйруқы, беглері йеме өлті,

Он оқ будун емгег көрті.
Ечүміз, апамыз тұтмыс
Йер-суб ідісіз болмазун тійін,
Аз будуңығ ітіп,

Білместігі үшін,
Бізге жауыздығы үшін қағаны өлді,
Әміршілері, бектері және өлді.
Он оқ халқы азап көрді.
Атамыз, бабамыз ұстаған
Жер-су иесіз болмасын деп,
Аздарды²³ халық етіп құрап,

20.

Иар (атып) Барс бег ерті.
Қаған ат бұнта біз бертіміз,
Сіңлім кунчуйуғ біртіміз,
Өзі йаңылты, қағаны өлті,
Будуны күң, құл болты,
«Көгмен йер-суб ідісіз қалмазұн» – тійін.
Аз, қырқыз будунығ йаратып,
Келтіміз, сүңүшдіміз.

(Оларға) Барс бек болды.
Қаған атағын оған біз бердік,
Қарындасымды – қаған қызын бердік.
Өзі жаңылды, қағаны өлді,
Халқы күң, құл болды.
Көгмен жер-суы иесіз қалмасын дедік,
Аз, қырғыз халқын жинап,
Келдік, соғыстық.

²³ Тайпаның аты.

21.

Елін йана бертiмiз.

Ілгерү – Қадырқан йышығ аша,
Будунығ анча контуртымыз, анча ітдіміз,
Қурығару – Кену тарманқа тегі түрк будунығ,
Анча контуртымыз, анча ітдіміз,
Ол өдке құл құллығ болмыс ертi,
Күң күңліг болмыс ертi,
Інісі ечісін білмез ертi,
Оғлы қаңын білмез ертi.

Елін қайта бердік.

Ілгері – Қадырқан қойнауынан аса халықты
Осынша қондырдық, осынша еттік.
Кері – Кену тарманға дейін түрк халқын
Осынша қондырдық, осынша еттік.
Ол шақта құл құлды болған еді,
Күң күңді болған еді.
Інісі ағасын білмес еді,
Ұлы әкесін білмес²⁴ еді.

22.

Анча қазғанмыс ітміс еліміз, төрүміз ертi.
Түрк, оғуз беглері, будун, есідің!
Үзе теңрі басмасар,
Асра йер тілінмесер,
Түрк будун, еліңін, төріңін кем артаты?

Сонша иелік еткен
ел-жұртымыз осындай еді.
Түрк, оғуз бектері, халқы, тыңдаңдар!
Төбеңнен тәңірі баспаса,

²⁴ Жердің кеңдігін, халық тұрмысының түзелгендігіне меңзейді.

Астыңнан жер айрылмаса,
Түрк халқы, ел-жұртыңды кім қорлайды?

23.

...Түрк будун өкүн!
Көргүңін үчүн ігідміс білге қағаныңа,
Ерміс, бармыс едгү еліңе
Кентү йанылтығ, йаблақ күгүртіг,
Йарықлығ қантан келіп,
Йана елтді?
Сүңігліг қантан келінен
Сүре елтді?
Ыдуқ, Өтүкен йыш будун, бардығ.

Түрк халқы, өкін!
Бағынғаның үшін (өзіңді)
Көтерген қағаныңа,
Қасиетімен, ісімен жақсы еліне
Кінәлісің, жаман шатастың.
Қарулылар қайдан келіп,
Тағы (сені) құлдыратты?
Найзалылар қайдан келіп,
Тағы (сені) ыдыратты?
О, қасиетті Өтүкен
қойнауының халқы, бостың.

24.

Ілгерү бардығма бардығ,
Қурығару барығма бардығ
Бардуқ йерде едгүг ол ерінч.
Қаның субча йүгурті,
Соңүкүң тағча йатды,
Бегліг уры оғлың құл болты,
Сілік қыз оғлың күң болты,

Білмедүк үчүн, йаблақының үчүн
Есім қаған уча барды.

Біресе ілгері шаптың,
Біресе кері шаптың,
Барған жерде не пайда таптың?
Қаның судай ақты,
Сүйегің таудай үйілді.
Бек ұлдарың құл болды,
Пәк қыздарың күң болды.
Білместігіңнен, нашарлығыңнан
ағам қаған дүниеден өтті,

25.

Башлайу қырғыз қағанығ
балбал тікдім.
Түрк будунығ аты-күші
йоқ болмазун тийін,
Қаңым қағанығ,
Өгім қатунығ
Көтүрміш Теңрі,
Ел бірігме Теңрі,
Түрк будунығ аты-күші
Йоқ болмазун тийін
Қаған олуртды ерінч.

басына қырғыз қағанының
балбалын тіктім.
Түрк халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,
Әкем қағанды,
Шешем қатынды
Көтерген Тәңірі,
Ел берген Тәңірі,

Түрк халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,
(Мені) қаған (етіп) отырғызған еді.

26.

Нең йүлсығ бай будунқа олурмадым.
Ічре ашсыз,
Ташра тонсыз
Йабыз, йаблақ будунта үзе олуртым,
Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз.
Қаңымыз, ечіміз қазғанмыш будун
Аты-күчі йоқ болмадун тійін,
Ең болмаса бай халыққа отырмадым,
Ішер ассыз,
Сырты тонсыз,²⁵
Бейшара, мүсәпір халыққа отырдым.
Інім Күлтегінмен ақылдастық.
Әкеміз, ағамыз құраған халықтың
Аты, даңқы өшпесін деп,

27.

Түрк будун үчүн
Түн удымадым,
Күнтүз олурмадым.
Інім Күлтегін бірле,
Екі шад бірле
Өлү-йіту қазғантым.
Анчу қазғанып,
Бірікі будунығ от-суб қылмадым.

Мен өзім қаған олуртуқыма,

²⁵ Аш-жалаңаш деген мағынада. «Орамал тонға жүрмейді, жолға жүреді», «Айт – аттыныкі, той – тондыныкі» дейтін мақалдар қазақта әлі бар. «Ат-тонын олжалап» деген жолды «Қобыланды батыр» жырынан оқимыз. Демек «тон» сөзі қазақ арасында күні бүгінге дейін киім мағынасында қолданылады екен. Бірақ бұл сөз ертеректе барлық киімнің орнына қолданылған болса, бертінде халық санасының өсуіне, тұрмысының түзеліп, киім түрлерінің көбеюіне байланысты теріден жасалатынын (сеңсең тон) ғана сақтап қалған.

Түрк халқы үшін
 Түн ұйықтамадым,
 Күндіз отырмадым.
 Інім Күлтегінмен бірге,
 Екі шадпен бірге
 Өліп-тіріліп жерді ұлғайттым.
 Біраз ұлғайтып,
 Біріккен халықты от-су²⁶ қылмадым.
 Мен өзім қаған боп отырғанда,

28.

Иір сайу бармыш будун
 Өлү-йіту
 Йадағын-йалаңын
 Йана келті.
 Будунығ ігідейін тійін:
 Йырғару – оғуз будун тапа,
 Ілгеру – қытай татабы будун тапа
 Біргеру – табғач тапа
 Ұлуғ сү екі йегірімі...
 сүңүшдім.

Жер-жерден босыған халық
 Өліп-жітіп,
 Жаяу-жалпы
 Келіп жатты.
 Халықты көтермек боп:
 Терістікте – оғыз халқына қарсы,
 Шығыста – қытай, татабы халқына қарсы
 Түстікте – табғашқа қарсы
 Көп қолмен он екі жорық жасадым.

²⁶ Өштестірмеді деген мағынада.

29.

Анта кісре Теңрі йарыказу,
Қутым бар үчүн,
Үлүгім бар үчүн,
Өлтөчі будунуг тірігрү ігітім.
Йалаң будунығ тоңлығ,
Чығай будунығ бай қылтым.
Аз будунығ үкүш қылтым,
Ығар еллігде йег қылтым

Сөйтіп Тәңірі жарылқады.
Бағым болғандықтан,
Сәті түскендіктен ,
Өлімші халықты тірілттім.
Жалаңаш халықты тонды,
Кедей халықты бай қылдым.
Аз халықты көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым.

30.

Төрт булундақы будунуғ
Қоп баз қылтым,
Йағысыз қылтым,
Қоп, маңа көрті.
Ісіг-күчіг бірүр бұнча төрүг қазғанып,
інім Күлтегін өзінче кергек болты.
Қаңым қаған учдуқда,
Інім Күлтегін йіті (йашда) қалты.

Төрт тараптағы халықты
Бәрін бейбіт қылдым,
Тату қылдым,
Бәрі маған бағынды.
Ісін-күшін беріп, осынша ел жиып,

інім Күлтегін өзі қайтыс болды.
Әкем қаған өлгенде
Інім Күлтегін жеті жаста қалды,

31.

Он яшда Умай тег өгім қатун құтына
Інім Күлтегін ер ат болты.
Алты йегірмі йашыңа
Еңім қаған елін-төрүсін
анча қазғанты.
Алты чүб, соғдақ тапа
Сүледіміз, бұздымыз.
Табғач Оң тұтұқ бес
түмен сү келті,
Сүңүшдіміз.

Он жаста Умай текті
Шешемнің бағына
Інім Күлтегін ер атанды.
Он алты жасқа (келгенде)
Ағам қағанның ел-жұртын
сонша молайтты,
Алты чуб, соғдаларға қарсы
Аттандық, талқандадық.
Табғаш, Оң тұтұқтың бес
мың әскері келді,
Соғыстық.

32.

Күлтегін йадағын оплайу тегді.
Оң тұтұқ йорчын йарақлығ елігін тутды
Йарақлығды қағанқа анчулады.
Ол сүг анта йоққышдымыз.
Бір отуз йашыңа

Чача Чеңүнке сүңүшдіміз.
Ең ілкі Тадықан чурың
Боз атығ бініп тегді,
Ол ат анта өлті.

Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды.
Оң тұтұқты қарулы басшыларымен
қолға түсірді.
Қарулыларды қағанға еншіледі,
Ол әскерді сонда талқандадық.
Жиырма бір жасында
Чача Сеңүнмен айқастық;
Ең ілкі Тадықын чурдың
Боз атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.

33.

Екінті Ышбара йамтар
Боз атығ бініп тегді.
Ол ат анта өлті.
Үчінч йегін Сіліг бегің
Кедімліг торығ ат бініп тегді.
Ол ат анта өлті.
Йарақынта йалмасынта йүз артуғ
оқуын урты.
Иізек башыңа бір теғурмеді.

Екіншіде Ышбар Ямтардың
Боз атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.
Үшіншіде йегін Сілік бектің
Ерттеулі торы атын мініп шапты,
Ол ат сонда өлді.
Қаруына, сауытына жүзден артық

оқ тиді.

Барлаушының басына бір де дарыған жоқ.

34.

Тегдүкін, түрк беглер көп білірсіз!

Ол сүгү йоқ қылдымыз.

Анта кісре йер Байырқу улұғ

Іркін йағы болты.

Аны йануп Түргі йарғұн көлте бұздымыз.

Улуғ Іркін азқына ерін тезіп барды.

Оның шабуылын, түрк бектері, жақсы білесіңдер!

Ол әскерді жоқ қылдық.

Осыдан кейін Байырқылық

Ұлық Еркін (бізге) жау болды.

Оны қуып, Түргі Йарғын көлінде талқандадық,

Ұлық Еркін аз ғана ерлерімен қашты.

35.

Күлтегін (алты отуз) йашыңа

Қырқыз тапа сүледіміз.

Сүңүг батымы қарығ сөкінен,

Көгмен йышығ тоға йорып,

Қырқыз будунуғ уда басдымыз.

Қағанын бірле Сұңа йышда сүңүңшдіміз.

Күлтегін Байырқун (ың)

Ақ адғырығ бініп,

Оплайу тегді.

Күлтегін жиырма алты жасқа (келгенде)

Қырғыздарға қарсы аттандық.

Найза бойлар қардан өтіп,

Көгмен қойнауынан асып,

Қырғыз халқын ұйқыда бастық.

Қағанымен Сұңа қойнауында айқастық.
Күлтегін Байырқының ақ айғырына мініп,
Шабуылға ұмтылды.

36.

Бір еріг оқуын ұрты,
Екі еріг удышру санчды;
Ол тегдүкде Байыркунуң
Ақ адғырығ удлықын сыйу ұрты.
Қырғыз қағанын өлүртіміз,
Елін алтымыз.
Ол йылқа түргіс таңа

Алтун йышығ тоға,
Бір ерін оққа ұшырды,
Екі ерін найзаға шаншыды.
Сол шабуылда Байырқының
Ақ айғырының белі үзілді.
Қырғыз қағанын өлтірдік,
Елін алдық.
Сол жылы түргешке қарсы
Алтын қойнауынан асып,

37.

Ертіс үгзік кече йордымыз.
Түргіс будунығ уда басдымыз.
Түргіс қаған сүсі Болчуда
Отча, борача келті
Сүңүшдіміз;
Күлтегін Башғу боз ат бініп тегді,
Башғу боз

Ертіс өзенін кеше жорыттық
Түргеш халқын ұйқыда бастық.

Түргеш қағанының әскері Болшыда
Отша, боранша келді,
Соғыстық.
Күлтегін Башғы боз атқа мініп шапты
Башғы боз²⁷

38.

Екісін өзі алтызды
Анта йана кіріп,
Түргіс қаған бұйруқы,
Аз тутукуғ елігін тутды,
Қағанын анта өлүртіміз,
Елін алтымыз.
Қара түргіс будун көп ічікді.
Ол будунығ табарда қондуртымыз.

Екеуін өзі құртты,
Сосын тағы кіріп,
Түргеш қағанының әміршісін,
Аз тұтықтың елін алды.
Қағанын сонда өлтірдік,
Елін алдық.
Түргеш халқының бәрі бағынды.
Ол халықты Табарға қондырдық.

39.

Йана йорып, соғдақ будун
ітейін тійін, йенчү үгүзіг кече,
Темір Қапығқа тегі сүледіміз.
Анта кісре кара түргіс будун йағы болмыш.
Кеңерес тапа барду.
Бізің сү ату тұтуқ, азуку йоқ ерті.
Йаблақ кісі ер...

²⁷ Тастағы жазулар өшіп қалған.

Тағы жылжып, соғданы халық етпек боп,
 Інжу өзенін кешіп,
 Темір қақпаға дейін аттандық.
 Одан соң бүкіл түргеш халқы
 Жау болды.
 Кеңерестерге қарай бардық.
 Біздің әскердің аты арық, жемі жоқ еді.
 Қорқынышты кісілер,

40.

Алп ер бізіңе тепміш ерті.
 Антағ өдке өкүніп,
 Күлтігініг аз ерін үртүрү ытымыз.
 Улуғ сүңүш сүңүшміш.
 Алп Шалчы ақ атын бініп тегміш.
 Қара түргес будунығ
 Анта өлүрміш алмыш.

Алып кісілер бізге шабуыл жасады.
 Сол мезетте өкініп,
 Күлтегінді шағын қолмен жібердік.
 Жойқын соғыс жасапты.
 Алып Шалшы ақ атқа мініп шауыпты.
 Баршасы түргеш халқының
 Сонда өлім тауыпты.

41.

Йана йорып... бірле,
 Кушу Тутуқ бірле сүңүшміш.
 Ерін қоп өлүрміс,
 Ебін, барымын
 (Қолы) сыз қоп келүрті.
 Күлтігін йіті отүз йашуңа
 Қарлуқ будун ерүр барур
 Ерілі йағы болты.

Тамағ ыдуқ башда сүңүшдіміз.
Тағы да жылжып,
Құшы Тұтықпен айқасты.
Ерінің бәрін жайқапты,
Үйін, мүлкін
Қалдырмай түгел әкепті.
Күлтегіннің жиырма жеті жасында
Қарлұқ халқы еркіндіктен жау болды.
(Олармен) Тамағ шыңында соғыстық.

42.

(Күл) тігін сол сүңүшде
Отуз йашайур ерті.
Алп Шалчу (ақ а) тун бініп,
оплайу тегді.
Екі еріг үдүшру санчды,
Қарлуқуғ өлүртіміз, алтымыз.
Аз будун йағы болты,
Қара көлте сүңүшдіміз
Күлтігін бір қырқ йашайур ерті

Күлтегін сол соғыста
Отыз жаста еді.
Алып Шалшы ақ атқа мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Қос батырын найзамен шанышты.
Қарлұқтарды қырдық, алдық.
Аз халқы (бізге) жау болды,
Қара көлде соғыстық,
Күлтегін отыз бір жаста еді,

43.

Алп Шалчы ақын бініп,
Оплайу тегді:

Аз елтеберіг тұтды.
Аз будун анта йоқ болты.
Есім қаған елі
Қамығыш болтуқынта,
Будун елігі кегі, болтуқынта
Ізгіл будун бірле сүңүшдіміз.
Күлтігін алп Шалчы ақын бініп,

Алып Шалшы атын мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Аздардың ел басшысы тұтылды,
Аз халқы сонда жоқ болды.
Ағам қағанның елі
Бүлікшіл болғанда,
Халқы күншіл, кекшіл болғанда
Ізгіл халқымен соғыстық.
Күлтегін алып Шалшы ағын мініп,

44.

Опла (йу тег) ді,
Ол ат анта түс(ді),
Ізгіл будун өлті.
Тоқуз оғуз будун кентү будуным ерті,
Теңрі, йір булғақын үчүн йағы болты;

Шабуылға ұмтылды.
Ол ат сонда құлады,
Ізгіл халқы қырылды.
Тоғыз оғыз халқы өзіме тән (бағынышты) халық еді,
Жер-көктің бұлқан-талқандығынан жау болды;

45.

Бір йылқа біш йолы сүңүшдіміз.
Ең ілік Тоғу балықда сүңүшдіміз.

Күлтігін Азман ақығ бініп,
Оплайу тегді,
Алты еріг санчды,
Су тегісінте йітініч еріг қылычлады.
Екінті Қушлағақта
Едіз бірле сүңішдіміз.
Күлтігін Аз йағызыч бініп,
Оплайу тегіп,
Бір еріг санчды.

Бір жылда бес рет шайқастық,
Ең ілкі Тоғу кентінде шайқастық.
Күлтегін Азбан ағын мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Алты ерін шанышты,
Шайқаста жетінші ерін қылыштады;
Екінші (рет) Құшлағақта
Едіздермен шайқастық.
Күлтегін Аз қарагерін мініп,
Шабуылға ұмтылып,
Бір ерін шанышты,

46.

Токуз еріг егіре тоқыды
Едіз будун анта өлті:
Үчінч Бол...нда
Оғуз бірле сүңүшдіміз,
Күлтігін Азман ақығ бініп,
Тегді, санчды:
Сүсін санчдымыз,
Елін алтымыз.
Төртінч Чуш башынта сүңүшдіміз.

Тоғыз ерін қуып тақымға басты.
Едіз халқы сонда қырылды;
Үшінші (рет) Бол.. .да
Оғыздармен соғыстық,
Күлтегін Азман атты мініп,
Шапты, талқандады;
Әскерін жеңдік,
Елін алдық.
Төртінші (рет) Чуш үстінде
соғыстық;

47.

Түрк будун адақ қамаштды,
йаблақ болт (ач)ы ерті.
Оза келміс сүсін Күл ті- (гін) ағытып,
Тоңра бір оғуш алпағу он еріг,
Тоңа тігін йоғынта егіріп өлүртіміз.
Бесінч Езгенті Қадазда
Оғуз бірле сүңүшдіміз.

Түрк халқының аяғы әлсіреді,
(Өзі)жаман қалжырады.
Оза келген (жау) әскерін Күлтегін қуып,
Тоңра руынан шыққан он ерді
Тоңатегінді жерлеген жерде қуып жетіп өлтірдік.
Бесінші (рет) Езгенті Қадазда
Оғыздармен соғыстық,

48.

Күлтігін Аз айғызын бініп тегді.
Екі еріг санчды,
Балық (к) а бармады,
Ол сү анта өл(ті).
Мағы құрған (к)ышлап, йазыңа

Оғузғару сү
ташукдымыз.
Күлтігін бег башлайу – құтымыз
Оғуз йағы ордуғ басды.

Күлтегін Аз қаракерді мініп шапты.
Екі ерін шанышты,
(Бірақ) қалаға бармады.
Ол әскер сонда қырылды.
Мағы қорғанында қыстап, жазына
Оғыздарға қарай әскермен жылжыдық.
Күлтегін бек – бастаушымыз, құтымыз
Оғыздардың ордасына кірді.

49.

Күлтігін Өгсіз ақын мініп
Тоқуз ерін санчды,
Ордуғ бірмеді,
Өгім қатун улайу өглерім,
Екелерім, келіңүнім, кунчуйларым,

Күлтегін Өгсіз ағын мініп.
Тоғыз ерін шанышты,
(Бірақ олар) Орданы бермеді,
Шешем - қатын, (онан) соңғы аналар,²⁸
Жеңгелерім, келіндерім, ханымдар,

50.

Өзім сақынтым,
Өд теңрі йасар,
Кісі оғлу қоп өлгелі төрүміс,

²⁸ Әңгіме көп әйел туралы болып отыр.

Өзім қайғырдым.
Тағдырды Тәңірі жасар,
Адам баласы бәрі өлгелі туған.

51.

Анча сақынтым,
Көзде йаш келсер,
Іті да көнулте сығыт келсер,
Йантуру сақынтым,
Қатуғды сақынтым:
Екі шад, улайу інійігүнім.
Оғланым, беглерім, будуным
Көзі-қашы йаблақ болтачы тіп сақынтым.
Йуғчы- сығытчы:
Қытай, татабы будун башлайу

Қайғырғаным соншама
Көзге (ыстық) жас келер,
Көңілге ауыр шер келер.
Шексіз қайғырдым,
Қатты қайғырдым:
Екі шад, бүкіл жеткіншектерім(нің),
Ұландарым, бектерім, халқым(ның)
Көзі-қасы өз болар деп қайғырдым²⁹
Жылаушы-сықтаушы (жоқтаушы):
Қытай татабы халқын бастаған

52.

Удар Сеңүн келті:
Табғач қағанта
Ісйі Лікең келті,
Бір түмен ағу, алтун,
Күмүш керегексіз келүрті.

²⁹ Жылай-жылай екі көзі көр болар деп қайғырдым деген мағынада.

Түпүт қағанта Бөлен келті.
 Құрийа – күн батсықдақы
 Соғд, Берчекер, Бұқарығ улыс будунта
 Нең Сеңүн, оғул тарқан келті.

Удар Сеңүн келді:
 Табғаш қағанынан
 Ісиі Лікең келді.
 Он мың сый, алтын,
 Есепсіз күміс әкелді.
 Тибет қағанынан Бөлен келді.
 Арттан – күнбатыстан
 Соғда, Бершекер, Бұхар ұлыстарының халқынан –
 Нең Сеңүн, Тархан ұлы келді.

53.

Он оқ оғлым түргес қағанта
 Макрач тамғачы,
 Оғуз білге тамғачы келті.
 Қырқыз қағанта
 Тардуш Ынанчу чур келті.
 Барқ ітүгчі,
 Бедіз йаратығма бітіг таш ітүгчі
 Табғач қаған чықаны
 Чаң Сеңүн келті.
 Күлтігін қоң йылқа, йіті йегірмеке учды.
 Токузынч ай йіті отузқа йоқ ертүртіміз.
 Барқын, бедізің, бітіг таш(ын)
 бічін йылка, йітінч ай йіті отузқа қой алқады(м)ыз.
 Күлтігін ө(ліп) құрқ артұқ (ы й) іті йашың булыт.
 Таш... бұнча бедізчіг, тойғұн елтебер келү(р)ті.

Он оқ ұлым, түргеш қағанынан,
Макрач таңбашы,³⁰
Оғыз білге таңбашы келді.
Қырғыз қағанынан
Тардуш Ынаншы чур келді.
Мазар тұрғызуға,
Өрнектеген жазба тасты тұрғызуға
Табғаш қағанының зергершісі
Чаң-Сеңүн келді.
Күлтегін қой жылы, он жетінші күні өлді.
Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік.
Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын
бешін³¹ жылы жетінші айдың жиырма жетісінде тегіс аяқтадық.
Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.
Тас... көптеген бәдізшілер, тойғұндар, елтеберлер (де) келтірілді.³²

³⁰ Мөр иесі.

³¹ Мешін

³² Құлпытасты тұрғызуға, оны өрнектеп, жырды тасқа қашап жаздыру үшін жан-жақтан небір шеберлер алдырды деген мағынада.

ТОНЫКӨК

1.

Білге Тонукук бен өзүм
табғаш еліне қылынтым.
Түрк будун табғачқа көрүр ерті.

Білге Тоныкөк,³³ мен өзім,
табғаш елінде тәрбиелендім.
Түрк халқы (ол кезде)
табғаштарға бағынышты еді.

2.

Түрк будун, қанун болмайун,
Табғачда адурулту, қанланту.
Қанун қодуп,
Табғачқа йана ічігді,
Теңрі анча теміс ерінч:
Қан бертім

Түрк халқы, ханы болмай,
Табғаштардан ажырады, хандық құрды.
Хандығын тастап,
Табғашқа қайта бағынды.
Тәңірі (сонда) былай деген екен:
Хан бердім,

3.

Қанун қодуп, ічікдің
Ічікдүк үчүн
Теңрі өлүтміс ерінч,
Түрк будун өлті.

³³ Орыс тіліндегі аудармаларында «Тоньюкук» деп жазылады.

Алкунту, йоқ болту.
Түрк сір будун йерінте бод қалмаду.

Ханыңды тастап, бағындың.
Бағынғаның үшін (басқаға)
Тәңірі (сені) өлімші етті.
Түрк халқы қырылды,
Әлсіреді, жойылды.
Түрк-сір халқы жерінде тіршілік қалмады.

4.

Ыда ташда қалмусу
Кубрануп, йеті йүз болту.
Екі үлүгі атлуғ ерті,
Бір үлүгі йадағ ерті.
Йеті йүз кісіг удузуғма,

Ойда-қырда қалғаны
Жиылып, жеті жүз болды.
Екі бөлігі атты еді,
Бір бөлігі жаяу еді.
Жеті жүз кісіні ерткен,

5.

Ұлуғ шад ерті.
Йағул!— тіді.
Йағмусу бен ертім—
Білге Тоныкук.
Қаған му кусайур тідім
Сақунтум:
Туруқ буқалы,
Семіз буқалы
Арқада білсер,
Ұлығы шад еді.

– Ілесіндер! – деді.
Ілескен мен едім –
Білге Тоныкөк.
Хан сайласам ше? – дедім,
Ойладым:
Арық бұқаның,
Семіз бұқаның
Артта (барын) білсе де,

6.

Семіз буқа,
Туруқ буқа тійін
Білмез ерміс — тійін.
Анча сақунтум.
Анта кісре теңрі біліг бертук үчун
Өзүм оқ қаған қусдум.
Білге Тонукук, бойла бағатарқан бірле,

Семіз бұқаны
Арық бұқаны, – дедім,
Айыра білмес дедім.
Осылай ойладым.
Сөйтіп Тәңір ақыл берген соң
Артта (барын) білсе де,
Өзім оны қаған еттім.
Білге Тоныкөк – Бойла Баға тарқанмен

7.

Елтеріс қаған болайуын,
Беріе табғачуғ,
Өңре Кұтануғ,
йурайа Оғузуғ – үкүс ок өлүрті.
(Мен, Елтеріс қаған болайын) деді.
Түстікте – табғашты,

Шығыста – құтанды,
Терістікте – оғызды өте көп қырды.

8.

Біліг есі
Саб есі бен көртүм.
Чуғай кузун,
Қара кумуғ олурур ертіміз.
Кейік ййу, табусған ййү, олурур ертіміз.
Будун боғзу тоқ ерті,
йағумуз тегіре учук тег ерті,
Біз чег ертіміз.
Анча олурур еріклі
Оғыздантан көрүг келті,

Ақыл иесі,
Сөз иесі мен болдым.
Шұғай құзында,
Қара құмда отырушы едік,
Киік жеп, қоян жеп отырушы едік.
Халық тамағы тоқ еді,
Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді,
Біз жемтік едік.
Осылай отырған шақта
Оғыздардан елші келді,

9.

Көрүг сабу антағ:
Тоқуз оғуз будун үзе қаған олурту, тір,
Табғачғару Куну Сеңүнүг удмус,
Кутаңғару Тоңра семіг удмус.
Саб анча удмус:
Азқуна түрк будун йоруйур ерміс,

Елші сөзі мынадай:
Тоғыз оғыз халқына хан сайланды, – деді.
Табғаштарға Күн Сеңүнді жіберді,
Құтандарға Тоңра Семді жіберді
Сөзді былай жіберді:
Аз ғана түрк халқы көшпелі еді,

10.

Қағану алп ерміс,
Айғучусу білге ерміс.
Ол екі кісіг бар ерсер,
Сені – табғачуғ өлүртегі тірмен,
Өңре қутануғ өлүртегі тірмен,
Бені оғузуғ өлүртегі өк тірмен.

Қағаны алып еді,
Ақылгөйі білгір еді.
Ол екі кісі тірі тұрса,
Сені – табғашты қырады, – депті,
Шығыста – құтанды қырады, – депті,
Мені – оғызды қырады, – депті.

11.

Табғач, беріденийен тегі!
Қутаң, өнденийен тегі!
Бен йурдантайан тегейін!
Түрк сір будун йерінте іді йорумазун!
Усар, іді йок қысалум! – тірмен.

Табғаштар, түстіктен шабыңдар!
Құтандар, шығыстан шабыңдар!
Мен терістіктен шабайын!
Түрік – сір халқының жерін жат баспасын!
Сол дұшпанды жояйық! – депті.

12.

Ол сабуғ есідіп,
Түн удусукум келмеді,
Күнтүз олурсукум келмеді,
Анта өртү қағанума өтүнтім.
Анча өтүнтүм:
«Табғач, Оғуз, Құтаң -
Бу учегү қабусур қалтачу, біз

Осы сөзді есітіп,
Түнде ұйқым келмеді,
Күндіз отырғым келмеді.
Ақыры, қағаныма өтіндім.
Былай өтіндім:
«Табғаш, оғыз, құтан —
Бұл үшеуі біріксе, біз

13.

Өз іші-тасун тутмустег, біз.
йуйқа ерікліг
топлағалу үчүз ерміс.
Йуйқа қалун болсар,
Топлағулуқ алп ерміс,

Өз іші-тысымызды
ұстап қала алмаспыз³⁴.
Жұқаны бүктеу – оңай.
Жіңішкені үзу – оңай.
Жұқа қалыңдаса, (Оны тек) алып бүктейді.

³⁴ Жерімізді, елімізді жаудан сақтап, қорғап қала алмаймыз деген мағынада.

14.

йінчге йоған болсар,
Үзгүлүк алп ерміс.
Өңре – Қутанда,
Беріе – Табғачда,
Куруйа – курданта,
йурайа – оғузда,
Екі-үч бің сүмүз,
келтечіміз бар мү, не?
Анча өтүнтүм.

Жіңішке жуандаса,
(Оны тек) алып үзеді.
Шығыста – құтанға,
Түстікте – табғашқа,
Батыста – құрданға,
Терістікте – оғызға
Екі-үш мың қолмен
бара аламыз ба?
Осылай өтіндім.

15.

Қағанум, бен өзүм білге
Тонукук өтүнтүк өтүнүчүмін есідү:
Кеңлунча удуз, – тіді.
Қөк Өңүг йуғуру, ру,
Өтүкен йышғару удузтум.
Іңгек көлүкін Тоғлада оғуз келті.

Қағаным мен өзім –
Білге Тоныкөк өтінген өтінішімді тыңдады:
10. Своим тюркам, своему народу сделал много добра. Столь приобретая, отец мой, каган, в год Собаки десятого месяца двадцать шестого числа улетел. Двадцать седьмого числа пятого месяца года Кабана священное место создал.

11. Во главе с Лисун Тай-сенгуном пришло пятьсот человек. Принесли много красивой посуды из керамики, [а также] бесчисленные множество золота, серебра. Привезли и посадили на священном месте деревья. Сандаловые деревья посадили сами.

12. Столь много народа порезало себе уши, волосы. Подарили [собравшимся] лучшего личного коня, раздали много черных соболей, голубых белок.

13. Вот речь моя, тюрк Бильге-кагана, порожденного Тенгри, сотворенного Тенгри. Когда отец мой, Бильге-каган, был на престоле, теперешние тюркские беки: на западе тардуш-беки, шады, апыти, беки во главе с Кули-чором; на востоке беки во главе толес-беки, апа-тарханы, все

14. шады, апыти, беки, военона начальники, Таман-тархан, Туйукук-бойла-тархан, все военона начальники, внутренние военона начальники во главе с Себик-Куль-еркином – все нынешние беки были равные, опорой моего отца-кагана.

15. Он гордился опорой [ими]. Гордясь нынешними беками, народом-опорой, одаривал их. Поэтому тюркские беки, народ, изготовили, привезли, установили скульптуру, священное место отца моего кагана. Мне самому столько ...[...]....

16. Надписи Бильге-кагану наставник я, Йолуг-тегин, писал один месяц четыре дня. Орнаменты, рисунки на стенах храма были высечены [резчиками]. []

Южная сторона (БК. IV. 1-115)

1. Порожденный Тенгри, рожденный по милости Тенгри, я, Тюрк Бильге-каган, нынче сел на престол. Речь мою полностью выслушайте [вы], идущие за мной мои младшие братья, потомки, и [вы], народы, подвластные мне; [вы] справа – шады, апа, беки, [вы] слева – тарханы и военона начальники, беки отуз-татар, беки и народ тогуз-огуза, эту речь мою хорошенько слушайте и крепко ей внимайте.

2. Впред, к солнечному восходу; справа, в стране полуденной; назад, к солнечному закату; слева, в стране полуночной – повсюду в этих пределах живущие [находящиеся внутри] народы. Столько народов я всех устроил. В моей речи нет неправды. [Если] тюркский каган будет сидеть в Отюкенской черни, то у народа не будет печали. Вперед [на восток] я прошел войском до Шандунской равнины. Немного не дошел до моря. Направо [на юг] я воевал до Тогуз-Ерсен.

3. Немного не дошел до Тибета. Назад [на запад], переправаясь через реку Инчу, я ходил походом до Темир-Капыг. Налево [на север]

я прошел войском до Йер-Байырку. Столько земель я покорил. В Отыюкенской черни не было настоящего владыки. [Именно] Отыюкенская чернь – та земля, где нужно было создать [свое] государство. Проживая на этой земле, мы мирно жили с народом табгач .

4. У народа табгач, дающего столь много золота, серебра, крепкие напитки, шелка, речь была сладкая, а драгоценности «мягкие» [привлекательные]. Сладкой речью, драгоценностями он [народ табгач] привлекал к себе далеко живущие народы. Те, кто поселился рядом, перенимали у него дурные привычки. Люди, истинно мужественные люди, не поддавались [обману]. Если один человек ошибался, [то тогда] все поколение его подчиненного народа до колыбели страдало.

5. Обманувшись их сладкой речью, драгоценностями, тюркский народ, ты погиб. Тюркский народ, Тогултенская равнина, находящаяся на юге Шугайской черни, - это твои уделы. Если хочешь поселиться, это твоя земля [удел], тюркский народ. Тогда враги так подстрекали: «Тому, кто живет далеко, дают плохие дары; тому, кто живет близко, дают хорошие дары». Вот так подстрекали.

6. Несведущий человек, поверив словам, поселился близко к врагу, многие погибли. Если будешь жить там, то, тюркский народ, погибнешь ты. Когда же ты, находясь в Отыюкенской земле, посылаешь караваны за данью, то у тебя совсем нет горя. Когда ты остаешься в Отыюкенской черни, ты можешь жить, созидая свое вечное государство. И ты, тюркский народ, бывал то сытым, то голодным. Ты не понимал голода-сытости своей. А раз насытившись, не думаешь, что можешь быть голодным.

7. Поэтому ты не слушал своего кагана, который возвысил тебя. Скитался ты везде. Так изнемог, изнурился. Оставшиеся скитались полумертвые, полуживые. По милости Тенгри и поскольку у меня самого была удача, я стал каганом. Став каганом, я поднял неумуший, бедный мой народ. Бедный народ сделал богатым, малочисленный народ сделал многочисленным.

8. Разве есть неправда в этой моей речи? О, тюркские беки и народ, слушайте меня! Как, объединив тюркский народ, создал государство,

здесь высек. Как, заблуждаясь, вы распадаетесь, - [тоже] вырезал на этом вечном камне. Смотри на него, знайте вы, нынешний тюркский народ [и] престолопослушные беки. Вы же склонны ошибаться!

9. Когда отец-каган, дядя-каган были на троне, живущие по четырем углам народы они так установили, так обустроили. По милости Тенгри, я сам, будучи на престоле, объединил народы, живущие по четырем углам, создал государство. Я отдал кагану тюргешей свою дочь. Ему, равному [достойному], вернул верховную власть.

10. Дочь тюргешского кагана, верховную власть, равную [достойную] кагана, передал своему сыну. Я, тюркский каган ...[...]. Дух [трон] каганата так вернул. Народы, живущие по четырем углам, сделал мирными, головы [их] склонил, [их] колени преклонил. Благодаря милости Тенгри сверху, Земли снизу я

11. невиданные, неслыханные [доселе] народы вперед до востока, назад до запада, вправо до юга, слева до севера обустроил. Желтое золото, белое серебро, красивые шелка, крепкие напитки, [их] личных лошадей и жеребцов, черных соболей,

12. голубых белок – все это принес своему тюркскому народу. Сделал его богатым. Сделал народ без печали (счастливым). Наверху по милости Тенгри [] так было [...] не останься [...] свой народ я

13. доверил. Не страдай, не мучайся, не беспокойся. [На престол] я так воссел. Тюркские беки, мой тюркский народ [...] отуз-татары. Мой каган доволен народам. Создав балбал народа татабов [...] Если ты не лишаешься своего кагана, своих беков, земли-воды, тюркский народ,

14. ты сам познаешь благо, ты будь счастлив, будь единым, - так я желал. Потом от кагана табчагей пригласил скульптора. Моя просьба не осталось без внимания. Орда направила скульптора. Скульптор храм поставил. Внутри и снаружи были высечены орнаменты, рисунки. Поставил из камня памятник. На камне высек сокровенные слова.

15. От потомков Он-ок до татов, вошедших в состав тюркского народа, видя [это], знайте. Вечный камень [...] на земле [...] поставил. Надпись сделал. Видя это, знайте. Тот камень, храм....[...]

Восточная сторона (БК. III. 1-9)

(надпись выше китайского текста)

[] вверху []

Бильге-каган улетел.

Пусть он продолжает жить наверху.

Если поднять тревогу.

Если не будет настроения.

Буду тосковать по тебе, отец-каган.

Камень твой, сам каган.

[.....]

[.....]

Надпись на балбале (БК. V)

Каменный балбал Толешского чада.

ТЕКСТЫ ПАМЯТНИКА ТОНЫКОКУ

Перевод первая (большая) стела

Западная сторона (Туй.I)

1. Я, мудрый Тоныкок, воспитывался в стране табгачей. В те времена тюркский народ был в подчинении у табгачей.

2. У тюркского не было своего кагана, от табгачей отделился и обрел своего кагана. Потеряв своего кагана, вновь, подчинился табгачам. Тенгри тогда сказал: «Я дал хана [тебе],

3. лишившись кагана, ты покорился чужим. Из-за подчинения [чужим] Тенгри тебя наказал». Тюркский народ ослабел, обессилел, исчез. На земле тюркского трона не остался дух-хранитель престола.

4. Оставшиеся в лесу [и] в горах объединились в [отряд] 700 воинов. Всадников было две части, а одна часть была пешей.

5. Во главе семисот воинов стоял шад. «Объединяйтесь!» - сказал он. Тот, кто их объединил, - это был я, мудрый Тоныкок. Я думал, советовался со своим каганом. И размышлял: «Он должен понимать, что у него есть и владельцы жирных быков, и владельцы тощих быков».

6. Сможет ли в отдельности различить, где жирный бык, где тощи бык. Так я думал. Поскольку Тенгри даровал мне мудрость, поэтому я сам пришел к согласию со своим всесильным каганом.

7. «Да, я буду Эль-терис-каганом [только вместе] с мудрым Тоныкоком Бойла бага-тарханом». Он много уничтожил на юге табгачей, на востоке – киданей, на севере огузов. Я достиг мудрости и красноречия. Мы обитали на вершинах Чугая, в Каракуме.

Северная сторона (Туй.II)

8. Мы жили, питаясь косулями, зайцами. Народ был сыт. Враги наши кругом были, как хищные птицы. Мы были [для них подобные] падали. Когда мы вот так жили, от огузов пришел вестник.

9. Слова вестника таковы: «Над народом тогуз-огузов воссел каган», - сказал он. Ку-сенгуна послал к табгачам, к киданям послал Тонгра-Сема. С такой речью послал: «Небольшой тюркский народ может совершить

10. набег. Каган [их] могучий, а советник – мудрый. Пока будут эти два человека, то вас, табгачей, они уничтожат», - сказал он. «На востоке они уничтожат киданей», - сказал он. «Нас, огузов,

11. тоже уничтожат», - сказал он. «Табгачи, нападайте с юга, кидане, нападайте с востока, я нападу с севера. Пусть на земле тюркского трона не властвуют сами [тюрки]. Вот так и уничтожим», - сказал он.

12. Услышав эти слова, я ночью не спал, днем мне не сиделось. Я посовещался с каганом. Размышлял так: «Если объединятся эти трое – табгачи, огузы, кидане, -

13. то мы останемся сами по себе внутри (одни). Если тонкое станет толстым, то сложить может [его только] сильный.

14. Если слабое сделается крепким, то разорвать его может [только] сильный. Вперед к киданям, вправо к табгачам, назад к курданам, влево к огузам – сможем ли мы с двумя-тремя тысячами воинов выступить?» Так просил кагана

15. я, мудрый Тоныкок. Мой каган выслушал просьбу мою. Он сказал: «Веди [войско] по собственному разумению». Я повел [войско] вдоль Кек-Онг в сторону Отюкен. По реке Тогле пришли огузы на волах.

16. Войско их состояло из трех тысяч, нас была две тысячи. Сразились. Благодаря милости Тенгри мы победили. [Они] бросились в реку. [Там] били их. Многие из них по пути преследования погибли. Потом огузы пришли всем миром [подчинились нам].

17. Услышав о том, что я, мудрый Тоныкок, с тюркским каганом, с тюркским народом в Отюкенской земле поселился, пришли к нам южные, западные, северные и восточные народы.

Восточная сторона (Туй. III)

18. Нас была две тысячи. [Это] составило два войска. Со времени сотворения тюркского народа до времени правления нашего тюркского кагана мы не совершали набегов к городу Шандун, к реке Тенгиз. Согласовав со своим каганом, я двинул войско.

19. Я сделал набег на город Шандун, реку Тенгиз. Разрушили двадцать три города. Миражи океана оставались позади. Каган народа табгачей был нашим врагом. Каган народа Он-ок был нам врагом.

20. Сзади кыргызский Кучлуг-каган стал нам врагом. Эти три кагана, посоветовавшись, так сказали: «Объединимся мы на Алтунской черни». [Они] так решили: «Да отправимся мы вместе в поход на восток, против тюркского кагана. Если мы не выступим против него, то они нас погубят.

21. Каган [их] - могуч, а советник – мудрый, они нас погубят. Слушайте! Нужно единство!» Тюркешский каган так сказал: «Мой народ пойдет.

22. Тюркский народ в смятах, огузы же его находятся в рассеянии», - сказал он. Услышав эти слова, ночью я не спал, днем не находил покоя. Тогда я думал:

23. «Было бы правильно выступить против кыргызов». Дорога на Кёгмэн только одна, и она завалена снегом. Услыхав [об] этом, я сказал: «Не годится идти этой дорогой». Я искал проводника, [и] нашел его из степных азов.

24. «Допусти, что я сам из азов. Не знаю местности [реки] Аны. Поедем вдоль Аны. До нее (до Кегмэна) один переход (узкий проход одного) коня. Если идти этим путем, то [это] возможно», - сказал я [и] задумался.

Южная сторона (Туй.IV)

25. Я посоветовался со своим каганом. Я двинул войско. Сказал: «На коней!» Переправившись через Ак-Термел, быстро продвигались. Верхом на лошадях пробили [дорогу] через снег. Ведя коней на поводу, наверх [горы] прошли пешком, держась за деревья.

26. По следам прошедших воинов перевалили Ибар-Баш. С мучениями спустились. На десятую ночь добрались до лагеря со знаменем. Проводник сбился с пути [и] был зарезан. Разгневанный каган говорил: «Скачите быстрее!»

27. Мы достигли реки Аны. Мы шли по берегу этой реки. Чтобы пересчитать [свое войско], мы приказали остановиться. Лошадей привязали к деревьям. [Затем] и днем, и ночью мы быстро скакали. На кыргызов напали внезапно.

28. ...проложили путь копытами. Хан их и войско собралось. Сразились, закололи. Хана их мы убили. Кыргызский народ покорился нашему кагану, повиновался ему. Мы вернулись обратно, обойдя Кегмэнскую чернь.

29. Мы от кыргызов вернулись. От тюргешского кагана пришел лазутчик. Слово его таково: «Отправляю войско против кагана [тюркского]. Если мы не отправим войско, то, их каган – могуч, советник – мудрый, они

30. нас могут погубить». Тюргешский каган сказал: «Мы поднимемся». Народ Он-ок сказал: «Все до единого поднимемся. Войско табгачей тоже готово». Услышав эти слова, мой каган сказал: «Я отправляюсь в лагерь,

31. жена умерла, совершить в честь нее погребальный обряд, – сказал он. Ты же иди с войском и оставайся в Алтунской черни, сказал он. – Во главе войска пусть будет Инэль-каган и тардушский шад», – сказал он. – А мне, мудрому Тоныкоку, сказал:

32. «Веди это войско. Трудности преодолевай сам. [Вот] что еще я тебе скажу. Если кто присоединится, то прибавится сила, если же никто не придет, то сам владей». Мы остановились в Алтунской черни.

33. Пришли три лазутчика. Речи их одинаковы: «Тюргешский каган поднял войско, народ Он-ок целиком поднялось. Соберемся мы на равнине Ярыс», – говорит лазутчик. Услышав эти слова, я послал их к кагану. От [кагана]

34. пришло ответное слово. Он передал: «Продолжайте сидеть, правильно ставьте сменный караул, чтобы не застали врасплох». Потом Бегу-каган мне так сказал: «Апа-таркану послал секретные слова: «Мудрый Тоныкок хитер, он сам поймет.

35. Если отправить войско, то не соглашайся». Услышав эти слова, я двинул войско. Мы пересекли Алтунскую чернь без дороги, без брода переправились через Иртыш. Ехали всю ночь. Достигли Болчу к утру.

Вторая стела

Западная сторона (Туй.V)

36. Привели лазутчика. Слова его таковы: «В степи Ярыс собралось десять тысяч воинов». Услышав эти слова, беки все сказали:

37. «Возвратимся обратно! Стыд чистых хорош (стыд сильнее смерти)». Я так сказал: «Я, мудрый Тоныкок. Мы пришли, перевалив Алтунскую чернь, переправившись через реку Иртыш».

38. «Тех, кто придет [посмотрим, какие они] герои», - [другие люди] сказали. Они не угадали. «Если Тенгри, Умай, священная Земля-вода даровали нам победу, зачем нам бежать,

39. говоря, что их много, почему боимся; говоря, что их много, зачем мы должны сдаваться? Нападем мы!» - сказал я. Напали, прогнали врага. На второй день [они]

40. пришли, пламенея, как пожар. Сразились. По сравнению с нами два крыла их войска были намного больше. По милости Тенгри, мы

41. не испугались, говоря, что их много. Мы сразились. Мы вместе с тардушским шадом победили [их]. Кагана [их] захватили, [их] ябгу [и] шада

42. убили. Мы захватили трон [и] собрали обеспокоенный, испуганный народ Он-ок. Услышав эти слова, беки [и] народ Он-ок, поняв [свою ошибку], пришли,

43. подчинились. Когда я устраивал и собирал пришельцев-беков и народ – народ азов убежал. Я отправил войско Он-ок,

44. и мы отправились в поход, преследовали их. Прогнали их, переправляясь через реку Инчу, прогнали за горы Бенглик-Ек, земли династии Тинси.

Южная сторона (Туй. VI)

45. Мы преследовали до Темир-Капыга. Их оттуда вернули. Инэль-кагану ...с тезиками и тохарусунами ...

46. Тогда, поняв, пришел весь согдийский народ с чалмой на голове. В тот же день они подчинились. Тюркский народ дошел до Темир-Капыга,

47. до горы – места жительства династии Тинеси, где не было хозяина. Услышав, что, я, мудрый Тоныкок, достиг той земли,

48. принесли мне бесчисленное множество желтого золота, белого серебра, [привели] дев и женщин, двугорбых верблюдов и другие сокровища. Благодаря [своей] мудрасти, мужеству Эль-терис-каган

49. с табгачами сразился семнадцать раз. Против киданией выступил семь раз, против огузов выступил пять раз. Тогда [и] советником был я, [и] предводителем

50. был я. Эль-терис-кагану, Тюрк Богу-кагану, Тюрк Бильге-кагану ...

Восточная сторона (Туй. VII)

51. Капаган-каган воссел [на престол] в 27 [лет]. Тогда [] было. Капаган-каган был у власти. Ночью не спал,

52. днем не сидел. Я проливал свою красную кровь, стекал (лился) мой черный пот. Я отдавал все труды и силы. В дальние набегі также я сам отправлял.

53. Увеличил [сторожевые] отряды Аркуя и кырги (передовые). Я сделал так, что враги сами приходили, подчинились. Мы с каганом выступили. Благодаря милости Тенгри

54. на наш тюркский народ я не навлекал вооруженных врагов, также не наводил на него снаряженную конницу. Если бы Эль-терис-каган не приобретал;

55. следуя за ним, если бы я сам не приобретал, то не было бы ни государства, ни народа. Потому, что он (каган) приобретал [и] потому, что следом за ним я сам приобретал,

56. государство стало государством, народ стал народом. Сам я состарился, возвысился. Если бы в какой-либо земле у народа, имеющего кагана,

57. [...]когда у народа есть подвижник (глашатай), какая скорбь может быть у него?

58. [...] Я, Тоныкок, приказал написать (это) для народа Тюрк Бильге-кагана.

Северная сторона (Туй. VIII)

59. Если бы Эльтерис-каган не приобретал, если его не было, если бы я сам, мудрый Тоныкок, не приобретал, если бы меня не было,

60. на земле Капагана-кагана, на тронной тюркской земле – не было бы ни народа, ни людей, ни властителя.

61. В связи с тем что Эльтерис-каган [и] мудрый Тоныкок приобретали, народ Капаган-кагана, тюркский трон священен.

62. Тюрк Бильге-каган возвышает народ тюркского трона, народ престола огузов.



II. ҰЛЫ ДАЛА ЖЫРЫНЫҢ, ЖАНРЛЫҚ-ПОЭТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Орхон ескерткіштері тіл, тарих мұрасы ретінде толық тексерілгенмен, жанры жағынан әлі тиянақты анықталған жоқ. Бұл маңызды мәселені шешу түркологияның қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін жауапты міндетінің бірінен саналады.

Орхон жазбаларынан әдебиеттің белгісін танып, оның өлеңдік қасиетіне мән берген ғалымдардың бағалы сөздері ертеде шыққан кітаптарда да кездеседі.

Мәселен, Түрк халықтар өлеңінің құрылысын алғаш жете зерттеген ғалымдардың бірі Ф.Корш өзінің «Древнейший народный стих турецких племен» деген әйгілі еңбегінде Орхон жазулары мен түрк халықтары өлеңінің арасындағы ырғақ сәйкестігіне назар аударған еді.

П.Фалев «Как строится кара-киргизская былина» деп аталатын мақаласында: «Халық эпосы шығармаларын Орхон жазуларымен салыстыру әбден орынды» деген өте құнды пікір айтады.

Күлтегінге арналған ескерткішті өлең текстіне алғаш жатқызған кісінің бірі – А. Бернштам. Ғалым өлең деп тануын танығанмен, өз ойын нақтылы дәлелдей алмаған да, соның салдарынан үміт сәулесіндей осы бір құнды пікір кезінде түркологтар тарапынан қолдау таппаған.

Ескерткішті тек лингвистік тұрғыда зерттеген П.Мелиоранский мен С.Малов секілді көрнекті ғалымдар да өз еңбектерінде руналық жазулардың тілінде, баяндау стилінде өзгеше жатықтық бар дегенді айтады.

Міне, бір мың тоғыз жүз елуінші жылдардың ортасына дейінгі Орхон ескерткіштерінің сыпаты, жанры жайындағы ой-пікірлер осындай болатын.

Орхон жазуларының жанрлық табиғаты туралы түркологияда қарама-қайшы екі түрлі көзқарас қалыптасты. Оның бірі – А.Щербактың, екіншісі И.Стеблеваның есімімен байланысты.

А.Щербак былай деп жазады: «Өзінің сипаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды». Басқаша айтқанда,

А.Щербак Орхон ескерткіштерін әдебиет үлгісіне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, Түрк қағанатының қысқаша, дәл, тарихи деректер жиынтығы деп қарайды.

Осы айтылған пікірді тарихшы Л.Гумилев те қуаттайды: «И.Стеблеваның монографиясы Күлтегін мен Тоныкөктің құрметіне арналған жазуларды өлеңге жатқызып және оны тарихи поэма ретінде дәлелдеуге әрекеттенген. Автордың сонысына қарамастан, біз одан өлеңге ең қажетті нәрсе – ырғақты таба алмадық. Сол себептен де «Сыпаты жағынан бұл жазуларды ақындық шығармаға жатқызуға болмайды деген А.Щербактың тұжырымына қосыламыз» - дейді зерттеуші.

Демек, Л.Гумилев те көне руналарды жыр емес, түрк халқы тарихының қысқаша шежіресі есебінде танып отыр.

Бұл пікірді біз қостай алмаймыз. Көне түрк руналарын өлең жолына түсіріп, ақындық өнердің үлгісі деп танып, алғаш рет композициялық, жанрлық, стильдік тұрғыдан тексерген И.Стеблеваның монографиясындағы батыл да бағалы тұжырымдарды ескеру қажет.

Ғалым былай деп жазады: «Туған елінің тәуелсіздігі мен құлдыққа қарсы күресін, халқына және оның ерлеріне деген сүйіспеншілігін ақындық шабытпен жазған Орхон текстілерін жалаң тарихи (тарихи-өмірбаяндық) деректемелерге жатқыза қоюға болар ма екен? Керісінше, белгілі бір ақындық дәстүрдің ортасында туған осы жазуларды тарихи-ерлік поэма деп тану әлдеқайда орынды болар еді».

Біз И.Стеблеваның осы пікіріне, негізінен, қосыламыз. Бірақ, ол ғалым айтқандай бірегей ағыл-тегіл жырға жата ма?

Орхон жырлары тек қана өлеңге құрылмаған, жоғарыда айтқанымыздай, арасында қара сөз араласып келіп отыратын өзіміздің «Алпамыс», «Қобыланды» тәрізді эпикалық жырларды еске салады.

Мәселен, «Күлтегін қоң йылқа йеті йегірмеке учды. Тоғызынч ай йеті отузқа йоқ ертүртіміз. Барқын, бедізін, бітіг ташын бечін йылқа йетінч ай йеті отузқа қоп алқадымыз. Күлтегін өл (ліп) қырқ артұқы йашық булыт».

Жаңашасы: «Күлтегін қой жылы он жетінші күні өлді. Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік. Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы жетінші айдың жиырма жетісінде аяқтадық. Күлтегін өлгенде қырық жаста еді» тәрізді жолдардан зорлап өлең жасаудың еш қисыны жоқ.

Өйткені, эпикалық мұраның ең көне үлгілерінің біркелкі өлеңнен ғана тұруы шарт емес. Әдебиеттің көптеген түрі бір шығармада-ақ араласып жататын (синкретизм) ерте дәуірде өлең де, қара сөз де қатар жүрсе, оған таңданбауға тиіспіз. Орхон ескерткіштерін кейбір ғалымдардың (Л.Гумилев) өлеңнен іргесін бүтіндей аулақтатып, көркем прозаға жатқызуының себебі сол араластық белгісінен болу керек.

Алайда: «Мінсіз қара сөз жазу үшін де өлеңдік өлшемдердің үлкен шебері болу қажет» деген ғой ұлы Гейне. Сонда әдебиет әлемінде үлгілі әсем қара сөз жасап қалдырудың өзі ақындық өнердің тамаша бір белгісі болып шықпақ.

Қазақ әдебиетінде өзге халықтар творчествосында кездесе бермейтін шешендік сөздер деп аталатын қызық жанр бар. Соның қай үлгісін алсаң да, өмірдің шындығына суарылған, ешкім өзгерте алмайтындай асыл жолдарды көресің. Тыңдайсың да халқың жасаған ғажап өнерге ғашық боласың. Соның бірін тыңдап көріңіз.

Баяғы заманда аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін бір кедей шешен дауда суырылып сөйлеп отырса, дәулетті біреу: «Сөйле, сөйле, құлағы жоқ шұнақ биім, құйрығы жоқ шолақ биім» - деп кекетіпті, сонда әлгі кедейден шыққан шешен: «Сөйлесе несі бар. Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады. Сен мал мен басқа мақтандың. Байлық түбі – бақыл, қазына түбі – ақыл. Ешкі егіз тауып қойдан көп болмас, ит сегіз тауып малдан көп болмас. Құлағым шұнақ болса, сұңқар шығармын, құйрығым шолақ болса тұлпар шығармын. Тасыма! Құдайдың маған берейін десе баласы жоқ па, саған жіберейін десе, бәлесі жоқ па?» - деген екен. Осы бір аз ғана жолда қаншама өмір, қанша даналық бар?! Осының өзі жосылған мінсіз жыр емес пе?

Екі сөздің бірінде дәл осылай мақалдап сөйлейтін, қара сөзден сан түрлі жарасымды қисындар тауып сан құбылтқан, жадағай сөзді

алтайы түлкідей ойнатқан ақын халық – қазақ халқы Гейне айтқан мінсіз қара сөз жасаудың асқан шебері. Ендеше, қазақ халқындағы асқан шешендіктің бір ұшы сол байырғы Орхон ескерткіштерінде жатыр деуге болады.

Шынында да, Орхон жазулары әдеби мұра ма? Болса, оның қай үлгісіне жатпақ? И.Стеблеваның пікірінде қаншалықты қисындылық бар? Міне, бұл сауалдарға жауап берудің жалпы түрк халықтары әдебиеті үшін, оның ішінде қазақ әдебиеті үшін үлкен мәні бар.

Егер халқымыздың ерлік дәстүрлерін көркем образдарға ұластырған қазақ эпостары мен Орхон жазуларының арасындағы табиғи туыстықты айқындай алсақ, онда заты қазақ өлеңінің ең әдепкі үлгілері хақында нақтылы сөз етудің мүмкіндігі туатыны да ақиқат.

Руналық жазудың жанрын айқындаудағы И.Стеблеваның еңбегін тиісінше бағалай отырып, ғылымдағы дәлділік, әділдік үшін мына бір мәселенің де бетін ашып алу керек-ақ секілді:

Расында ескерткіштің жанры турасындағы концепция бір ғана И.Стеблеваның атымен байланысты айтылуға тиіс пе? Ол туралы бұрын-соңды ешкім ештеңе жазбады ма екен?

Рас, И.Стеблева Орхон ескерткіштерінің жанрлық табиғатына арнайы тәп-тәуір зерттеу жұмысын жүргізді. Бірақ сол шығармалардың жанры туралы ғылыми құнды пікірлерді одан да бұрын кездестірген жоқ па едік.

Бұл ретте біз көрнекті қазақ ғалымдарының қағаберіс қалдыруға еш болмайтын, И.Стеблевадан әлдеқашан бұрын-ақ жасаған аса маңызды тұжырымдарын еске салғымыз келеді.

Түрк қоғамын терең зерттеушілердің бірі – академик Әлкей Марғұлан түрк халқының мәдениетін, әдебиетін кеңінен тәптіштей келе былай деп жазады:

«VI-VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге-ханның басындағы құлпытастарына жазылған

жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың текстісі эпостық әңгіме стилінде жазылған».

Ғалымның Орхон ескерткіштерінен ақындық тәсілді де, дәстүрді де тауып, оларды жанры жағынан ерлік жырына жатқызып отырғанын осы мысалдан да көруге болады.

Заманымыздың әйгілі жазушысы, ойшылы, академик М.Әуезов 1952 жылы 8 шілдеде «Манас» эпосына арналған Фрунзе (Бішкек) қаласындағы бүкілодақтық конференцияда құнды пікір айтқан еді:

«Орхон жазулары» деген не?

Бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіші ретінде зерттеп жүр. Соған қоса ол фольклордың мейлінше көне үлгілерінің де ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар ғой».

Ғалым дәл осы жерде Күлтегін мен Тоныкөкке арналған руналық ерлік жырының белгілерін айқын тауып отырған жоқ па?

Орхон мұраларын зерттеуші ғалымдардың, әсіресе оның әдеби сыпатына ерекше мән берген И.Стеблеваның жоғарыда келтірілген бағалы тұжырымдарды ескермеуі өте өкінішті-ақ. Біздің мұны әдейі айтып отырған себебіміз, біздің ғасырымыздың елуінші жылдарына дейін советтік тюркологияда Орхон ескерткіштерінің табиғатына жақын пікір айтқан бірде бір зерттеуші болған жоқ. Жүздеген жылдар бойы тек тілдік, тарихи мұра ретінде зерттеліп келген Орхон жазуларының әдеби сыпатын тану, сөз жоқ ғылым әлеміндегі үлкен жаңалық еді.

Сондықтан да Орхон ескерткіштерінің жанры туралы мәселені күн тәртібіне алғаш қойған ғалымдар: Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан деп есептеліп, И.Стеблева болса, осы зерттеушілердің концепциясын ғылымда тұңғыш рет дәлелдеуші ретінде танылуға тиіс.

Түрк қағанатының тарихын Күлтегін мен Тоныкөкке арналған жазулармен салыстырудың нәтижесі ескерткіш авторының алдында әдеттегідей тарихи жүйелеуден гөрі әлдеқайда бөлек, әлдеқайда биік міндет тұрғандығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, Орхон жазуларының авторларын жалаң тарихи фактілер емес, белгілі бір идеяға арқау бола алатын тарихи оқиғалар қызықтырған тәрізді.

Түрколог-тарихшылардың біразы (С.Кляшторный, Л.Гумилев): «Тарихи оқиғалар дәл, алайда жеткіліксіз» деген пікірді айтқанда, руналық жазулардың әдебиет үлгісіне жататындығынан ғана халық тарихын егжей-тегжей баяндамай, оның ең қажетті, тартымды деген сәттерін ғана сұрыптап алып суреттейтіндігін ескермеген.

Екіншіден, егер біз Орхон жазулары сөз етіп отырған фактілер жайында ертеректе жазылған мәліметтерден бұрын-соңды оқып білмеген болсақ, онда ескерткіштердегі там-тұмдап қана берілген сараң тарихи деректерден жарытып ештеңе түсінбеген болар едік.

Сол себепті, Орхон ескерткіштерін жалаң тарихи фактілер тізбегі деп қарамай, түрк халқының ізгі арманын, кескілескен соғысын, айбынды батырларын өзгеше әуезбен жыр еткен ерлік эпосының ең әдепкі үлгісіне жатқызу орынды.

Сондықтан да бір кездерде эпостық дәстүрі айрықша дамыған қазақ халқының бай мұрасы мен Орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеудің ерекше мәні бар.

Өйткені, Орхон жырларын зерттеу проблемасын жалпы әдеби процесімізден бөліп қарауға болмайды. Қайта біз халқымыздың тарихи өткенінен, рухани өсуінен мол мағлұмат беретін шығарманы терең зерттей түссек, онда бұл шығармалар эпикалық мәдениетіміздің көп сырларын ашуға мүмкіндік береді.

Басқаша айтқанда, эпостарымыздың жасалу процесін, оған қоса ғасырлар құрдымынан бүгінге дейін үзілмей, жалғасып келе жатқан жанды дәстүрді дәлелдей алатын боламыз. Қазақтың ұшан-теңіз эпикалық жыр дәстүрінің қайнар бұлағын, оның сарқылмас көзін ендігі жерде біз солардан іздеуге тиіспіз.

Осы уақытқа дейін қазақ эпосының тууы жайындағы қорытындылар тұспалдап қана айтылып келсе, Тоныкөк, Күлтегінге арналған жырлардың зерттелуімен байланысты, бұл мәселені нақты дәлелдермен топшылауға мүмкіндік алатын боламыз. Осы ретпен біз енді Орхон жырларын қазақ эпостарының кейбір үлгілерімен салыстырып көрейік.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ЭПОСЫ

Жалпы эпос (хебос) – жыршы деген сөз. Демек, бұл ұғымның ең алғашында белгілі бір елеулі оқиғаны дәріптеумен, жыр етумен байланысты шыққандығы сөзсіз.

«Шынын айтқанда, – деп жазды А.Н. Веселовский, - батырлардың ерлігін жырлаған эпостар халықтың қалыптасуымен қатар туа бастаған. Тарихи кезеңдердің елеулі тұлғалары – ерлердің төңірегінде неше түрлі өлеңдер құрастырылып, солардың негізінде бүтін цикл жасалған».

Қазақ эпосының тууы жайындағы академик Қажым Жұмалиевтің мына бір пікірін келтірейік: «Қай елдің эпосы болмасын, белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туғанға ұқсайды және ол бір күн, не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандағы патриархалдық рулық құрылыс кезінде: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ замандарында, әр рудың өз істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қысқа көлемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылса да есте сақталынып қалған аңыздардың негізінде ұзақ жыр, поэмалардың тууы мүмкін».

Бұл пікірді бір ғана Қ.Жұмалиев емес, әдебиетіміздің тарихын зерттеген: М.Әуезов, Е.Ысмайылов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин тәрізді көрнекті ғалымдарымыздың қай-қайсысы да кезінде айтқан болатын.

Демек, А.Веселовский айтқандай, ерлік жырлары халықтың қалыптасуымен бірге қатар туған болса, онда Күлтегінге арналған жыр, дәл осылай, түрк халқының қалыптасу кезеңінде жасалған. Ал, Күлтегін, Тоныкөк жырларының өзі Үйсін, Қаңлы, Қыпшақ, Қоңырат, Дулат, Керей, Найман, Жалайыр, Алшын руларының VI-VIII ғасырлардағы Түрк қағанаты астына топтасқан дәуірдегі мұралары еді.

Сол себепті біз қазақ эпостарының әдепкі арналары Түрк қағанатының кезінен басталады дейміз. Қырғыз әдебиетіне қатысты бұл пікірді академик М.Әуезов баяғыда-ақ айтқан болатын:

«Түрк рулары мен қағанаттарының тілсіз таста із қалдырған осынау жорықтары қырғыздың сол кездегі эпостық аңыздарының тууына ықпал жасамаған бола ма? Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе? Егер мұндай жыр-аңыздарды тоғыз оғыздар; түргештер және басқа да тайпалар шығара алған болса, сондай аңыздарды сол дәуірде, тіпті IX ғасырда емес, VI-VII ғасырларда соншалықты бұғауда болған, халықты қорғаушы батырға әсіресе ділгір болған қырғыздар қайтіп шығармайды?.. Эпостың туу дәуірін айқындап анықтағанда осындай жәйттерді ескеру қажет».

Осы айтылғандардың бәрі де тегі бір түрк тілдес халықтардың эпосының, оның ішінде қазақ эпосының тууына қатысты емес деп кім айта алады? Әрине, ешкім де айта алмас еді. Түрк руларындағы Азман атты Күлтегін, қыпшақтағы Тайбурылды Қобыланды, қоңыраттағы Байшұбарлы Алпамыс жалпы түрк халықтарының М.Әуезов айтып отырған сондай ділгірлігінен туған қаһармандары еді.

«Сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, қашан да тұрлаулы сөздің төркінін тосып, оған төрелік беретін, өлмес-өшпес мол жырлар тудырған қазақ халқы ежелден-ақ шешен сөйлеген.

Халқымыздың осы жыршылық, шешендік қасиетін ілгергі ғалымдардың көбі тамсана жазған еді.

Соның бірі академик В.Радлов былай дейді: «Қазақ, қырғыз шешен болады. Олар түрк тектес басқа халықтардың қай-қайсысынан болсын сөзге ұста келеді... Сөйлеп тұрғанда кідіру, күрмелу дегенді білмейді... Көп уақытта қазақ, қырғыздың сөзі өлең, жыр тәрізді болып келеді: сөздері ырғақты, ұйқасты шығады.

Қазақ, қырғыз халқы шешен, өткір, көркем сөзді сүйеді. Поэзияны қадірлейді. Сондықтан да оларда халық поэзиясы мейлінше өркендеген. Қазақ, қырғыздың мақал, мәтелі болсын, жоқтау, қоштасуы болсын, айтыстары мен билік сөздері болсын – бәрі де өлең, жыр болып келеді».

Өткен ғасырдың соңғы ширегінде В.Радлов аралаған кезде Қазақстанның қазіргі байтақ даласында толғау-жырдың әлі де толастамаған шағы еді.

*Құйрығы жоқ, жалы жоқ,
Құлан қайтіп күн көрер?
Аяғы жоқ, қолы жоқ
Жылан қайтіп күн көрер?*

деген Асан Қайғының (XVI ғасыр);

*Арғымақ атта сын болмас
Қиған қамыс құлақсыз.
Азаматта сын болмас
Арты болса тұяқсыз.
Айдын көлде сын болмас
Жағасы болса құрақсыз.
Асқар тауда сын болмас
Бауыры болса бұлақсыз.
Ақ киікте сын болмас
Арты болса лақсыз.
Жеті арнада сын болмас
Аяғы болса тұрақсыз, -*

деп айтқан Абылдың (XVIII ғасыр);

*Асқар таудың өлгені -
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені -
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені -
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені -
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені -
Қар астында жатқаны.*

*Өлмегенде не өлмейді?
Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді, -*

сияқты Бұқар жыраудың толғауларын естіген В.Радловтың таңдана жоғары баға беруі де заңды еді. Енді бұған халық арасында туған есепсіз даналық сөздерді қоссақ, онда байтақ қазақ даласының ән қалықтап, күй төгілген, жыр ағылған аңыздай келбетін елестету қиын болмас еді.

Қазақ халқы осындай ақындық қабілет-дарынды өзінің ата-тегі – байырғы түрк тайпаларынан мұра тұтқан.

Олай дейтініміз, соншалықты ерте туғандығына қарамастан, Орхон ескерткіштерінде шешендік арнауның, келісімді ырғақтың, ойлы мақалдың, азалы жоқтаудың, жойқын соғыс суреттерінің сан үлгілері ұшырасады. Солардың қай-қайсысының да дамыған, жетілген түрлерін әдебиетіміздің әр саласынан қиналмай-ақ тауып жатамыз.

*Тәңірі текті, тәңіріден жаралған
Түрк Білге қаған,
Бұл шақта, отырдым (таққа),
Сөзімді түгел естіңдер!*

немесе

*Тоғыз оғыз бектері, халқы!
Бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ –*

деген жолдардан қазақ әдебиетінде ерекше дамыған шешендік сөздердің жоралғысын танимыз. Риторикалық сұраққа негізделген шешендік арнауың мұндай түрлері Орхон ескерткіштерінде өте көп-ақ.

Тағы бір мысал:

*Түрк халқы, тыңдаңдар!
Көктен тәңірі баспаса
Төменде жер айрылмаса,
Ел-жұртыңды кім қорғайды?!*

*О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы!
Біресе ілгері шаптың,
Біресе кері шаптың,
Барған жерде не пайда таптың? (КТ ү)*

Осының бәрі де кейде адасып, быт-шыт болған, кейде ес жиып іргелі ел болған түрк халқына, оның ерлеріне арналған.

Осындай арнау түрінде жазылғандығына байланысты Орхон ескерткіштерін ерлік жырына жатқызғанның өзінде, үндеу, үгіттеу мақсатында туған деп есептейміз. Бұл олардың эпостық құнын төмендете алмайды. Өйткені, қазақ эпостары да негізінен арнаумен байланысты туған.

«Халық арасында әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал» деген еді М.Әуезов.

Дүние салған кісіні жыл бойына ас бергенге дейін жоқтау салты қазақта ежелден бар. Әдетте жоқтау өлеңдерін өлген адамның жанкүйер жақындары шығарады да, ол өлеңдерде әлгі кісінің қадір-қасиеті, тіршілігі ардақталып, қазасының орны толмас өкініш, ауыр қайғы екендігі егіле айтылады. Ал, ел арасына кең тараған даңқты ерлер жайындағы жоқтауларды сол тұстың атақты ақын-жыраулары шығарып отырған емес пе еді?

Міне, халықтың сондайлық аяулы батырының қазасына арналған, олардың тіршіліктегі істеген ерлігін баян еткен жұрт жарасы, ел шері – ежелгі жоқтау өлеңдерінің, М.Әуезов айтқандай, бертінде қазақ эпостарына негізгі қазық болғандығы даусыз. Орхон жырларындағы сондай жоқтау өлеңдерінің бір үлгісін келтіре кетейік.

Жырда Күлтегін жасаған жорықтар мен оның айқастары суреттеліп келеді де былай делінеді:

*Інім Күлтегін қаза болды,
Өзім қайғырдым.
Көрер көзім көрместей,*

*Білгір ақылым білместей болды,
Өзім қайғырдым.
Тағдырды тәңірі жасар,
Адам баласының бәрі өлгелі туған.
Қайғырғаным соншама:
Көзге (ыстық) жас келер,
Көңілге ауыр шер келер,
Тағы да ойландым,
Қатты қайғырдым.
Екі шад, бүкіл жеткіншектерімнің,
Ұландарым, бектерімнің, халқым (ның)
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым.*

Осы жолдар:

*Қосабаның жолында,
Құс қонбас, құла жапанда,
Жылай-жылай бір жалғыз
Дүниеден өтті дегейсің, -*

деп, қапылыста мерт болып, әуелеп ұшқан алты қаздан ата-ана, іні-қарындасқа сәлем жолдаған аяулы Төлегеннің ащы зарымен қалай әдемі үндесіп жатады. Бүгінгі ұрпақ сол Төлеген сәлемінен әділетсіз заманның жалғаса алмай, үзіліп қалған жас арманын, қимас сезімін ұғынады. Немесе Орхон ескерткіштеріндегі:

*Көрер көзім көрместей,
Білгір ақылым білместей болды.
Жылай-жылай жұртымның,
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым, -*

деген жолдар мен «Қобыландыдағы»:

*Жайықтың суы лай-ай,
Көр болды көзім жылай-ай, -*

секілді Аналық зарының арасында; «Алпамыстағы»:

*Көретін көзім көр болды,
Бір перзентке асық боп.
Аққан жасым тыя алмай
Көзімнің жасы төгіліп,
Жылап-еңіреп, егіліп,
Арасында шеңгелдің, -*

деп, ботадай боздап келе жатқан Байбөрі қасіретінің арасында қаншалықты алшақтық бар?

Біз келтірген үзіндінің бәрі де қаһармандардың басына түскен ауыр шерді баяндайды:

Халық сүйген аяулы ерден, туған інісінен айырылған Білге қаған ақылынан адасып, бүкіл түрк халқының көзінің жасы көл болулы.

Сондайлық батырды зарыға күткен Аналық пен Байбөрінің де жылай-жылай екі көзі көр болады.

Бұл тек перзентке зарыққан ата менен ананың ғана тақсіреті емес, опат соғыстардан титықтап, әбден қалжыраған, сөйтіп, өзіне қорғаныш іздеген, іздегенде Алпамыстай, Қобыландыдай батырды минут сайын, секунд сайын ыждағатсыз, тағатсыз асығып күткен халықтың аңсаулы арманы.

Осы тәрізді перзентке зар болу, сол батырдың өлсе қазасын жоқтау – қазақ эпостарындағы негізгі мотивтерден саналады.

Осындай жоқтау жырларын ең көне деп есептелетін «Қозы Қөрпеш - Баян сұлу» эпосынан да көретінбіз.

Сонымен, жоқтау өлеңдерін, шешендік арнау сөздерді қазақ әдебиетінің ең көне түрлерінің бірі деп есептесек, сол үлгілерді Орхон ескерткішінен де кездестіріп отырмыз. Мұның өзі Орхон жырларының қазақ халқына қатысты туынды екендігін тағы дәлелдей түседі.

Халқымыздың ең көне эпикалық мұрасы – Күлтегін мен Тоныкөк жырларын ерлік жырына жатқызудың тағы бір себебі мынада: қазақтың батырлар жырына тән бұлжымас ортақ қасиеттердің денін біз Орхон жырларынан да табамыз.

Ол ортақ қасиеттер қандай еді (*Біз бұл жерде Орхон ескерткіштерін қазақтың Қобыланды, Алпамыс жайындағы көне эпостарымен салыстырып отырмыз*).

Біріншіден, Орхон ескерткіштерінің де, қазақ эпостарының да негізгі идеясы бір. Ол - өз елін, өз жерін шет басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау идеясы.

Екіншіден, солардың қай-қайсысында да әлеуметтік сарын басым. Ат жалын тартып, қолына қару алған жас батыр елінің намысы үшін сыртқы жауға қарсы аттанып, есепсіз қиындықтардан өтіп, ақыры жеңіспен оралады. Батырдың ерлігі қырғын қантөгісте көрінеді.

Біздіңше, батырға ер атағын – лақап атын осындай жауапты айқастарда көрсеткен ерлігі үшін беретін болу керек.

Үшіншіден, эпикалық жырларда жеңілуді білмейтін ежелгі батырлардың жас шағынан өмірінің ақырына дейін ерлік әрекеттері түгел, тұтас жырланады: Қобыланды мен Алпамыс батырлардың дүниеге келуінен бастап суреттелсе, Орхон жырларында Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейінгі өміріндегі ерлік істері баяндалады.

Мұның себебі неде? Біріншіден, біз алдыңғы екі жырдың әуелде қандай үлгіде туғандығын білмейміз. Бізге олардың талай жыраулардың қолынан өтіп, талай ғасырларды аттап, алғашқы нұсқасынан өзгеріп, толығып жетіп отырғандығы белгілі.

Екіншіден, «Күлтегін» тасқа басылған жыр десек, М.Әуезов айтпақшы, оның ауызша одан да толық варианттарының халық арасында таралмауы мүмкін бе?

Үшіншіден, Күлтегіннің мол жорықтарының өзі қазақтың төл жырларының кейбіреулеріне арқау болмады ма екен?

Келешекте бұл мәселені де айқындау қажет.

Төртіншіден, эпостарда батырлардың астындағы ұшса - қанат, сенімді, қанатты тұлпар серіктеріне ерекше мән беріледі. Олар: Қобыландының Тайбурылы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы.

Ал, Орхон жырларында бір Күлтегіннің астынан мұндай сәйгүліктердің талайын көреміз. Бір өзгешелігі, батырдың жойқын айқастарына шыдай алмай, олардың біразы оққа да ұшып жатады. Әйткенмен, солардың ішінен Күлтегінге шыдағандай, оған айнымас серік болғандай: Алып Шалшы ақ айғыр, Азман ақ, Қаракер, Жетімек тәрізді батырдың даңқына сай тұлпарлар бөлек көрінеді.

Қазақ жырларының басқа халықтар эпосынан бір айырмашылығы да осы ер қанатын аса бір махаббатпен, эпикалық деңгейде, ерекше ықыласпен суреттеуінде.

Бесіншіден, Орхон жырларында да, қазақ эпостарында да дәстүрлі қайталаулар жиі ұшырасып отырады.

Мысалы, «Қобыландыдағы» –

*Түтікпенен су берген,
Түндікпенен күн берген –*

немесе,

*Жасы құрдас менімен,
Мұңы мұңдас менімен, –*

деген тіркестер «Алпамыстағы» –

*Қаланың аузын қан қылды,
Қақпаның аузын шаң қылды,-*

тәрізді жолдар; Орхон жырларындағы –

*Бастыны еңкейтті,
Тізеліні бүктірді -*

яки,

*Кедейді бай қылдым,
Азды көп қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым, –*

секілді жолдар, жырдың лейтмотивіндей, шығарманың басынан аяғына дейін үнемі қайталанып отырады.

Бір ғана бұл айтқандар емес, Күлтегін, Тоныкөк жырлары мен қазақ эпостарының арасында басқа да толып жатқан сәйкестіктер бар. Сондай-ақ, эпостағы көне элементтің бірі – ұланғайыр жорықтар, айбынды айқастар суреті десек, олардағы жоғарыда аталған жырлардың бәрінде де ерекше шабытпен әрі өте ұқсас жырланады.

Көршілес оғыздарға, қырғыздарға, табғаштарға қарсы аттанып, жауының Елдігін жойып, Хандығын қиратып жүрген Күлтегіннің әрекеттері Тайбурылды шиыршық аттырған Қобыландының, күллі қалмақты үрейлендірген Алпамыстың ересен қимылдарына ұқсамай ма?

Бірде найзаласқан, бірде қылыштасқан қанды айқастар кескінін бұл жерде тізіп жатудың қажеті бола қояр ма екен? Оны жоғарыда келтірілген жыр нұсқасынан анық көруге болады.

Салыстырып отырған «Күлтегін», «Алпамыс», «Қобыланды» жырларынан бірінің бірі көшірмесіндей, егіз, туысты көріністерді қиналмай табуға болады.

Батырлар жасаған ерлік көріністердің соншалықғы ұқсастығына бірер мысал келтірейік:

*«Күлтегінде» – Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.*

*«Қобыландыда» – Түн ұйқыны бөлгендей,
Қай шаһарға барасың?*

«Алпамыста» – Күннен күнге түн қатып.

Бұл жолдардан біз өз халқының тәуелсіздігі, намысы үшін түн ұйқысын төрт бөлген ерлердің қимылын, дамылсыз жортуылын көрер едік.

Тағы бір мысал. «Қобыланды батыр» мен «Алпамыс батыр» жырларындағы сөзбе-сөз келетін мына бір:

*Қаланың аузын қан қылды,
Қақпаның аузын шаң қылды,
Айдарлысын құл қылды,
Тұлымдысын тұл қылды, -*

деген шумақты, «Күлтегіндегі» мына бір жолдармен салыстырып қараңыз:

*Бастыны еңкейтті,
Тізеліні бүктірді.
Бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.*

Осындағы құл, күң сөздерінің бәрінде де бірдей мағынада қолданылуына әрі жоғарыда келтірілген басқа да көптеген ұқсастықтарына қарап, Күлтегін, Алпамыс, Қобыланды жайындағы эпостарды әр дәуірдің, бір әдеби дәстүрдің жалғасты туындылары деп есептеуге болар еді.

Дәлірек айтқанда, олардың бәрі де ерте дәуірдегі ерлікті дәріптеген эпикалық дәстүрдің мұралары. Айырмашылығы тек «Күлтегін» жырының тасқа басылып, ондағы шығармаға қатысты нақтылы тарихи деректердің өзгеріссіз сақталып қалғандығында.

Ал, «Қобыланды», «Алпамыс» эпостарында жеке рулар мен Алпамыстың, Қобыландының және басқа да бірді-екілі басты кейіпкерлердің атауы, есімі ғана сақталғандығы болмаса, ондағы суреттелген оқиға халықтың бертіндегі басынан кешкен дәуірлік кезеңдеріне, оқиғаларына сәйкес бүтіндей өзгеріп кеткен.

Тасқа басылған демекші, «Алпамыс» эпосының Орхон дәуіріне жалғасты шыққандығының айқын бір дәлелін жырдың өз ішінен табамыз:

*Шаң астына қараса,
Айшықты ала ту⁴³ көрді.
Ту астына қараса,
Жер қайысқан қол көрді.*

⁴³ Түрк қағанатында әр рудың өз туы болған.

*Қол астына қараса,
Ақ шатыр мен көк шатыр⁴⁴
Баратын тура жол көрді.
Аяғының астында,
Тақтай тастың бетінде
Жазылған таста хат жатыр.
Хатқа бала қараса,
Іші толған тамаша,
Талай-талай кеп жатыр.
Түсінбеген түсінсін,
Болмаған бұрын сөз жатыр.*

Әрі қарай оқи түсейік:

*Осы жолмен жүрсе деп,
Алпамыс жалғыз келсе деп,
Жазған хатты көрсе деп,
Тасқа қалам басады.
Алпамыс деп ат жазып,
Өзінің атын қосады.*

Көріп отырсыздар, тас бетіндегі жазудың дерегін «Алпамыс» та беріп отыр. Бұл, сөз жоқ, эпостың шығу дәуірін анықтауға септігін тигізетін құнды айғақ.

Оның үстіне тақтай тастың бетіндегі жазудың

*Іші толған тамаша,
Талай-талай кеп жатыр.
Түсінбеген түсінсін,
Болмаған бұрын сөз жатыр –*

дейтін жолдары бізді ойландыру керек. Себебі, жырдың ең көне жолдарының бірі осылар деп есептейміз.

⁴⁴ Түрк халқы көбіне көк шатыр тігіп, бектері киімді көк түстен киген. Мұның өзі аспанды тәңірі деп танып, содан жаралдық дейтін халықтың өзін Тәңірі-аспан түсіне ұқсатуынан. Түрк халқын кейде көк түрк деп те атайтыны сондықтан.

«Алпамыстың» ең алғашқы нұсқасында тастағы жазудың мазмұны толық болған деу керек, амал не, ғасырлар өткен сайын ол жазулар ұмытылып, осы күндері «сол жазулардың ішінде не бір болмаған сөз бар еді» деген тәрізді елесі ғана қалған. Жалпы ұрпақтан-ұрпаққа, ғасырлардан-ғасырға ауызша тараған әдебиет үлгілерінің тағдыры осындай. Жылдар өткен сайын ауызекі таралатын жырлар әр жыраудың тұсында өзгеріске ұшырай береді.

Біз салыстырып отырған жырлардың бөріне бірдей жау - қойға, батыр- бөріге теңеледі.

«Күлтегіндегі»:

*Әкем қағанның қосыны бөрідей,
Жаулары қойдай бопты –*

деген жолдардың «Алпамыс» пен «Қобыландыдан» дамытылған, жетілген түрін көреміз.

*Қойға тиген қасқырдай
Сойып кетіп барады.
(«Қобыланды»)*

*Қойға шапқан бөрідей
Талқандап қуып бөледі.
(«Алпамыс»)*

Ұнамды кейіпкерлерді бөріге теңеу түрк халқы бөріден тараған деген аңыздан шықса керек. Өзінің түп тегі санаған халық бөріні ерекше қасиеттеген. Қазақта бөрімен байланысты Қасқырбек, Бөрібек, Бөлтірік, Бөрібай тәрізді кісі аттарының өте көп болуы осыдан.

Түрк руының батырлары жорыққа аттанғанда өз туларының ұшына қасқырдың бас терісін байлап шығатындығы жайында сол дәуірдің деректерінде жиі кездеседі.

Эпостарда, шайқастар да соншалықты ұқсас беріледі. Мысалға:

*Қаны судай ақты,
Сүйегі таудай (үйіліп) жатты.
(«Күлтегін»)*

*Майданнан аққан қызыл қан
Сарқырап ақты судай боп.
Өліктері төбе боп,
Төскейден шапқан қырдай боп.
(«Алпамыс»), [52;302].*

Қанды – аққан суға, өлікті – үйілген төбеге әйтпесе тауға теңеу – «Эпикалық жырдың тілі, әсіресе ондағы теңеулер үнемі тұрақты болады» дейтін А.Веселовскийдің пікірін толық растап отыр.

Мынадай бір қызықты жайды да айта кеткен жөн.

Жеңілген елге ханды, бекті батырдың өзі сайлауы жырларымызда о бастан-ақ желісін үзбей келе жатқан жалғасты дәстүр екенін аңғарамыз.

Мысалы, Орхон жырларында Білге қаған, Күлтегін өздері жеңген елдерге шад, бек тағайындайтын болса, Алпамыс қалмаққа Кейқуатты патша етеді.

*Патша болды Кейқуат
Қалмақтың қалың еліне.*

Эпостарда быт-шыт болып ыдырап кеткен, өлімші халге жеткен халықты қайта жиып, қалпына келтіретін де, ел-жұрт ететін де - сол батырлар. Батырлардың негізгі міндеті өз Отанын сыртқы жаулардан қорғау болса, сол қорғаудағы мақсат – ел тұрмысын жақсарту. Жырларда осындай маңызды мәселе де ерекше орын алады.

Табғаштардың «тәтті сөз, асыл дүниесіне алданған», өз арасында іріткі шығып, бағынбай, бағытсыз кеткен түрк халқы жайында «Күлтегін» жыры:

*Аштықта тоқтықты түсінбейсің,
Бір тойсаң аштықты түсінбейсің,*

*Сондығың үшін алдандың,
Ханның тілін алмадың.
Жер-жерге бардың (сандалды),
Аштықтан әбден арыдың, -*

деп, ашына әрі оларды жазғыра жазады.

Әйелі – күң, ері – құл болып, осылай тозып кеткен халықты атамекеніне қайта жинап қоныстандыратын – Күлтегін.

Күлтегіннің ерлігінің арқасында түрк халқының:

*Кедейі бай болды,
Азы көп болды,
Құл құлды болды,
Күң күңді болды.*

Сөйтіп, ешкімге кіріптар болмай бейбіт өмір сүрді. Осындай жәйттерді «Қобыланды», «Алпамыс» жырларынан да кездестіреміз.

Қобыландының жырақта жүргендігін пайдаланып, Алшағыр оның елін шауып алады. Қалмақтың құрсауынан босатып, ызғыған қыпшаққа берекені қайта дарытатын – Қобыландының өзі:

*Қалың қыпшақ жағалай
Қараспан тауға қоныпты.
Кемшілік көріп көпірден
Пенде болып байланған,
Жылаған қыпшақ баласы
Бұрынғыдан екі есе
Бақ-дәулетке жолықты.
Қалмақтан алған көп олжа
Бөліп берді еліне,
Пақыр, кедей кеміне.
Кедейі байға теңеліп,
Риза болды бәрі де.*

«Орхон», «Қобыланды» жырларындағы жағдайды «Алпамыстан» да көреміз.

Байбөрінің қателігінен Қоңырат елі ыдырап, тозып кетеді. Неше түрлі азап-қиындықты басынан кешіріп, ұзақ сапардан Алпамыс батыр еліне қайта оралғанда: Ұлтан құлы бек болған; бабасы - жалшы, әкесі - құл, анасы мен қарындасы күң болған; Жәдігері - додаға, жесірі саудаға түскен ақырзаманға тап болады.

Осыншама меһнаттан, бұғаудан халқын құтқарып, жұртын қайта түзейтін тағы сол ел батыры – Алпамыс.

*Жиылған халық жылады,
Тозып кеткен ел-жұртын
Тегіс жиып алады.
Тентегі мен телісін
Түзетіп жөнге салады.*

Тағы бір ерекше айта кететін нәрсе – «Орхон», «Алпамыс» жырларында жеті санының жиі қайталануы жайлы. Бірнеше мысал келтірейік.

1. Әкем қаған он жеті ер ертіпті.
2. Жиылып жетпіс ер бопты.
3. Қосыны жеті жүз ер бопты.
4. Қырық жеті рет аттанды,
Жиырма шайқас жасады.
5. Әкем өлгенде інім Күлтегін жеті жаста қалды
6. Күлтегін қой жылы он жетінші күні дүниеден ұшты.
Тоғызыншы айдың жиырма жетісінде жерледік.
Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы жетінші
айдың жиырма жетісінде тегіс аяқтадық.
Күлтегін өлгенде қырық жеті жаста еді.

«Алпамыста»:

1. Жеті жыл жаттым мен деймін

Жеті мың қалмақ өлтірмей

Сірә де кезек бермеймін.

2. Жеті жылдың ішінде

Көрінбеді кісіге.

3. Енділігі жеті кез

Темір үйді салдырды.

4. Жеті күн мен жеті түн

Қолыма менің бер,- деді.

5. Отырған орны жер болып

Жеті күн ұдай түнеді.

Бұл туралы толып жатқан пікірлер бар. Қазақтың жеті өткізу, жеті атадан бері санауы да қызық.

Бірақ бізге керегі әзірге ол емес. Бізді қызықтыратыны VIII ғасыр мұрасы – «Күлтегін» мен «Алпамыс» эпосында өсімтал (7-70-700-7000) жұмбақ жеті санның жиі қайталануы.

Мұның өзі бір жағынан «Алпамыстың» көнелігін дәлелдесе, екінші жағынан «Алпамыс» пен Орхон жырларының шыққан уақытының жалғас, іргелес екендігін, бір дәстүрдің мұрасы екендігін тағы да растайды.

* * *

Сонымен, жинақтай келе айтарымыз: Біріншіден, Орхон ескерткіштері – түрк халықтары тарихының көп деректерінің әсерлі желісін жеткізген, эпикалық шығармалардың шағын фабулалық өрістерін қамтыған тарихи - ерлік жырлардың ең әдепкі үлгілері.

Эпостық баяндауға негізделген бұл ескерткіштерде жеңілуді білмеген ежелгі жыр батырларындай, Күлтегіннің басынан кешкен ерлік қимылдары, жорық сапарлары қаншама? Тілсіз тасқа сыйғызған сол жойқын соғыс суреттерінен біз Күлтегіннің жекпе-жек шайқастарын анық елестетеміз.

Орхон жырларының негізіне түрк руларын біріктіру, нығайту, сыртқы жаулардан қорғау идеясы алынған. Әлбетте, сонымен бірге біз олардан рулық дәуірдің әлеуметтік теңсіздігін де көреміз.

Сарай өкілдерінің, ақсүйектердің (бек) төменгі бұқарамен (қара будун) қалай қарым-қатынаста болғаны жайында да елеулі деректер табамыз.

Бұл жайында Орхон жырлары: «Бек ұлдарың құл болды. Пәк қыздарың күң болды» деп жазды.

Аталмыш ескерткіштерде жырды шығарушылардың өмірден түйген, білген философиялық толғаныстары да жоқ емес: «Тағдырды тәңірім жасар, адам баласы өлмекке жаралған», «Қай халық болмасын, сол елдің ішінен пәтуәсіз (жұғымсыз, жалқау) табылса, (онда ол халықтың қаншама соруы бар десеңізші» деген данышпан Тоныкөктің сөзі қалыптасқан қағида, қазақ арасында кең етек алған толғаудың түпкі сағасы тәрізді.

Екіншіден, Орхон ескерткіштері мен ежелгі қазақ эпостарын салыстырудың нәтижесі олардың арасындағы дәстүрлік байланыстың барлығын дәлелдейді деп білеміз. Бұдан шығатын қорытынды – қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған.

ОБРАЗДАР ЖҮЙЕСІ

Орхон жырларында бір топ қағандар образы бар. Олар: Бумын, Естеми, Білге қағандар. Алғашқы екеуінің түрк қауымына иелік етуін адамзаттың жаратылысынан бастайды да, оларды ақылды қаған, алып батырлар дәрежесінде бейнелейді.

Қырық жеті рет аттанып, жиырма шайқас жасаған Елтерістің де есімі ерекше аталады.

Ескерткіште дербес образ дәрежесіне көтеріліп, жырланғандардың бірі – *Білге қаған*.

Білгенің жырда қайда, қандай жорықтарға барғаны, қандай, қаншалықты ерлік көрсеткені толық суреттеледі: ол халықты жинап, ұйымдастырушы ретінде бейнеленеді.

Жырда Білгенің іс-әрекеттері ғана емес, көңіл-күйі де баяндалады. Ол табғаштар салған ылаң мен іріткіге ырық беріп, жалған сөздің жетегінде кетіп, қырылып-жойылып бара жатқан халқына қатты назаланады.

Шығармада оның образы түрк халқының иелігін молайтқан, тұрмысын жақсартқан батырдың бірі ретінде суреттеледі.

Жырдың соңында Білгенің түрк халқын біріктірудегі еткен еңбектерін, азаптарын баяндай келе, түрк руларының үстем тап өкілдерін, бектерін жаңылғыштығы (қателескіштігі, ақылсыздығы), жағымпаз таққұмарлығы үшін айыптайды.

Жырдың негізінен суреттеген кейіпкерлері тектіден шыққан батырлар болса, сонымен бірге шығармаларда «ұлдары - құл, қыздары - күң болған»; ұшарын жел, қонарын сай білген; ілгері-кейін бұлттай жөңкілген; «қаны судай аққан», «аш-жалаңаш, жаяу-жалпы босыған», титықтаған қара халықтың – жалпы бұқараның жиынтық образы жасалған.

Аз күн бейбіт өмірдің дәмін татып, рақатын сезген, сәл тыныстап ес жиып, көзін ашқан қарапайым халықтың басына табан астында-ақ қаралы күн, ақырзаман орнап жатады.

Сол қорлыққа төзе алмай, шыдамы таусылған көпшіліктің енді бір сәт бектермен айқасқа шыққанын көреміз.

Әлбетте, бұл мақсаты айқын, бітіспес күрес емес, сол дәуірдің шындығынан өршіген әлеуметтік ахуалға келіспес наразылық қана болатын. Ол туралы Орхон ескерткіштерінде «Бек пен халқы жауласты» деп жазады.

Қоғамның негізгі құрамы, басты күші – осы кедей халықты соншалықты ауыр азапқа салып жүргендер – ақылсыз ел билеушілер. Мұның дәлелі ретінде ескерткіштен мынадай жолдарды оқимыз.

*Біліксіз қағандар отырған екен,
Жалтақ қағандар отырған екен.
Әміршілері де біліксіз екен,
Жалтақ болған екен.
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,
Табғаш халқының, алдауына сенгендігінен,
Арбауына көнгендігінен,
Інілі-ағаның дауласқандығынан,
Бекті - халқының жауласқандығынан,
Түрк халқы елдігін жойды.*

Міне, ел ішіндегі бақталастық, ымырасыздық; билеген хандардың, олардың атқамінер әміршілерінің ақылсыздығы салдарынан халық осылай қатты күйзеліске ұшырайды, титықтайды, быт-шыт болып тозады.

Орхон шығармаларында эпостық образ дәрежесіне жеткен басты әрі ең өзекті тұлға – *Күлтегін*.

Ат жалын тарта халқына қорған болған бала батыр, қазақ эпостарындағыдай жырда үнемі беку, өсу үстінде суреттеледі.

Жеті жаста атадан жетім қалған Күлтегін он жасқа келгенде ер атанады. Он алты жаста қару-жарақ асынып, ел намысын, халық кегін қуып табғаштарға аттанады.

Жиырма бір жаста Тадықын чурдың Боз атына мініп, чача Сеңүнмен айқасады. Шайқастың тепкісіне төтеп бере алмаған Боз ат та, одан соң

мінген Торы ат та қан майданда жан тапсырады. Осы соғыста Күлтегін өзіне жау оғының бірін де дарытпай шығады.

Жиырма алты жасында қырғыздарға қарсы аттанып, найза бойлар қардан өтіп, қырғыздарды ұйқыда басады.

Қырғыздардың жөйіт батырларының бірін оққа ұшырып, екеуін найзаға ілген Күлтегін астындағы байырқылық Ақайғырдың белін мертіктіреді, бірақ жауды жеңіп тынады.

Одан соң түргештерге жойқын соғыс жасайды. Алып Шалшы ақ атқа мінген ер Күлтегін түргешті түгел талқандайды.

Отыз жасында – қарлұқтарды, отыз бір жасында аздарды алады.

Бұл жойқын кескілестерде Күлтегіннің астынан баяғы Алып Шалшы атты көреміз. Оғыздармен, Ізгілдермен айқаста Күлтегін Азман ақ пен Қаракерді алма-кезек мінеді.

Сөйтіп, қырық жеті жасында дүние салған Күлтегін ылғи жорықты сапар, қанды майдан үстінде, жекпе-жек айқастарда, теңдесі жоқ қолбасшы-кемеңгер бейнесінде көрінеді.

Батырдың сырт пішіні, портреттік суреті жырда берілмегенмен, жаумен бетпе-бет келіп найзаласқан сәттерден қазақ эпостарындағыдай «Буырқанған, бусанған, мұздай темір құрсанған» ер-жүрек алыптың келбетін елестету қиын емес.

Бір ғана Күлтегін жырында сан атаулы сәйгүлік аттар Күлтегіннің мінісіне шыдамай бірінен соң бірі құлап жатса – бұл-дағы батырдың соқталы образын аша түсетін, айқындай түсетін айшықты мотив.

Ал, талай қырғынға Күлтегінмен бірге кіріп, жеңіске ортақ болған атақты Алып Шалшы мен Азман ақтардан «Алты айлық жерді алты аттаған», «Бір төбенің тозаңын бір төбеге қосқан», «Суға салса батпайтын, отқа салса жанбайтын» жүрісте - көлік, жауда - серік өзіміздің сүйікті Тайбурыл, Байшұбарларды көргендей боламыз.

Күлтегін – түрк халқының ерлік сыпаттарын бойына дарытқан жиынтық образ. Оның тұлғасында бір кездерде жалпақ даланы еркін билеген түрктәйпаларының өршіл, қайтпас мінезі бар. Оның тұлғасында жойқын соғыстардан жанышты, ерқашты болып, титықтаған халықтың сондай батырым болса деген арманы бар. Батыр мерт болғанда,

қазасына досы ғана емес, дұшпандарының да қосыла жылауы оның сол – бұлжымас ерлік қасиеттерін танытады.

Батыр дүние салған күндері әр рудан басшы алып, жылап-сықтап келіп жатқан халықта есеп болмаған. Күлтегіннің қазасымен байланысты түрк жеріне орнаған ауыр түнек пен есепсіз қара шеруді жыр өте жақсы бейнелеген.

Күлтегіннің дұшпаны дегенде айтарымыз кім?

Жырда оның өзімен теңдес, иықтас батырдың аты аталмайды. Бірақ сүңгіге ілінбей берілмеген, есімі аталмаған атсыз ерлер өте көп. Күлтегіннің алып келбетін ашатын да солар. Күлтегін батыр бастаған түрк халқымен шайқасқа түскен елдің ішінде осалы жоқ. Олар бірінен соң бірі қол қусырып, құлдық ұра бермеген, ақтық деміне дейін айқасқан.

Күлтегінге қарсы шыққан жаудың сондай сұсты кейпін Орхон ескерткіштері аз сөзбен-ақ жеткізіп береді. «Қорқынышты кісілер, алып кісілер шабуыл жасады». «Жауымыз жыртқыш құстай еді», «Отша, боранша келді» дейді Орхон жырларында.

Бұл отша жанып, боранша құйындатқан, жыртқыш құстай улы тырнағын жайған үрейлі жау қолын көз алдымызға әкеледі.

Міне, мұның бәрі де жырдың басты тұлғасы - Күлтегін образын жан-жақты толықтырып, аша түсетін ақиқатты, жанды кескіндер.

Күлтегіннен басқа Орхон ескерткіштерінде жиі аталатын өзгеше кейіп, оқшау бейнеленетін образ – Тоныкөк.

Ол – Елтеріс, Білге қағандардың ақылгөй дем берушісі, талай жорықтарға бастап, жауды талқандаған қолбасшы, батыр.

«Мен – кемеңгер Тоныкөкпін деп басталып, соның өз атынан баяндалатын ескерткіште Тоныкөктің барлық айла-тәсілі толық қамтылған.

Ол көбіне, бірнеше ханға ақылгөй болған, телегей жыр тудырған Бұқар тәрізді ғұлама жырауларымызды еске салады. Ол оғыз батырлары жайындағы мол жырларды шығарған Қорқытқа да ұқсайды. Өйткені, Орхон ескерткіштеріндегі Тоныкөк жыр авторы ретінде де белгілі. Мұның өзі, қырғыз халқының әйгілі эпосы «Манастың» тууы жайындағы академик М.Әуезовтің: «Алғашқы жырды атышулы

жорыққа өзі қатысып, көзімен көрген адам шығарған» дейтін өте құнды тұжырымын бекіте түседі.

Ғалым айтып отырғандай, Орхон жырларындағы Тоныкөк те небір жорықтардың куәгері, ізінше сол соғыстар жайында әсерлі дүниелер тудырған эпикалық өнердің иесі. Сонда біздің Тоныкөк деп отырғанымыздың өзі, алдымен жырау болып шығады.

Екіншіден, Тоныкөк – ақылды қолбасшы. Оның есімімен білге эпитеті (Білге Тоныкөк) үнемі егіз аталып отырады. Біздіңше бұл Тоныкөктің сондайлық ақылдылығына сәйкес халықтың бертіндегі қосып берген аты. «Ақыл иесі, сөз иесі болдым» - дейді бір сөзінде Тоныкөк. Соған қарағанда оның әрі ақылды, әрі сөзге шешен болғандығы аңғарылады.

Тоныкөк – ұр да жық асығыстың келте адамы емес, алдағыны күні бұрын болжап білетін сергек ойшыл.

Не бір қиын-қыстау күндерде қай мәселенің тұсында да асықпай-аптықпай: «осылай етсем ше?» деп, өзіне сауал қойып барып, шешімін содан соң іздейді.

Әлсіреп жойылып бара жатқан түрк халқын қайта біріктіріп, қайтадан ел ете алатын басшыны сайлаудан бұрын Тоныкөк: «Арық бұқаның, семіз бұқаның барын білер ме екен?» деп толғанады. Бұл - оның ақсүйектер мен бұқараны өштестірмей, жауықтырмай ұстай алар ма екен, жақсы мен жаманды ажырата алар ма екен дегені еді.

Тоныкөктің данышпандық қасиетін түрк халқының жаулары да мойындайды. Түрктерден сескенген қидандар, табғаштар, оғыздар өздерінің одақтастарына елші жіберіп, ақыл қосып, күш біріктірудің қажеттігін қайта-қайта пысықтап, әбіржіп жатады. Өйткені, олардың айтуынша: түрк халқының «Қағаны – алып, ақылгөйі – кемеңгер. Осы екеуі тірі болса бізге жеңу жоқ» деп налиды. Мұндағы түрк халқының ақылгөйі деп отырғаны – Тоныкөк.

Тоныкөк – айлакер, әскери әдістердің жетік білгірі. Оғыздар, табғаштар, құтандар түрк халқына қарсы аттану үшін күш қосқалы жатыр дегенді естіген Тоныкөк күні-түні алдағы болғалы тұрған апаттан құтылар жолдарды, тәсілдерді іздейді. Ақыры күллі ел болып соның дегеніне көшеді.

Тоныкөктің ойынша: «жұқаны бүктеу оңай, жіңішкені - ұзу оңай, ендеше ол үшеуі бірігіп күшеймей тұрғанда шабуылға түрк жауынгерлерінің өзі шығып, оларды шетінен біртіндеп талқандау керек».

Көпті көрген, көп жасаған, өмірден түйгені мол Тоныкөктің ақыл-айласы, сөйтіп, түрк халқына жеңіс әпереді.

Жауға ойламаған жерден, дәл осылай, тұтқиылдан шабуыл жасау, бұл да қатал сындардан қапысыз өткен ең сүйікті әскери әдістерінің бірі.

Тоныкөк – саясаттың адамы. Осы қасиетіне байланысты академик Бартольд оны француз тарихындағы Талейранмен салыстырады. Көзі тірісінде өз атынан өзіне ескерткіш орнаттыруы да, тексте басынан аяғына дейін үнемі «мен», «мен» деп сөйлеуі де, оның тарихта өз атын қалдыруға қам жеген саясатшылдығынан еді.

Жоғарғы айтылғандардың үстіне Тоныкөк – жауапты, шешуші жорықтарға қол бастаған ерен батыр.

Ел шетіне жау келгенде түрк халық үшін ол түн төсегінен түңіліп, ұйқысын төрт бөледі.

*Түнде ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.*

*Қызыл қанымды ағыздым,
Қара терімді төктім, -*

деп жазады.

Ол – қорқуды білмейтін, жауға намысын жібермейтін ержүрек батыр. Оның қайсар, батырға тән ерлігін мына бір үзіндіден айқын көреміз:

*Алтын тауын асып келдік,
Ертіс өзенін кешіп келдік,
Көп екен деп неге қашамыз,
Азбыз деп неге қорқамыз,
Неге басындырамыз?
Шабамыз, –*

дейді.

Мұнда мұқалмас жігер, орасан батылдық бар. Білге қаған таққа отырғанда, оған кеңесші болған қарт данышпан жетпіс жаста еді.

Өзім қартайдым

Ұлық болдым, –

деген жолдардан біз оның сол ұлғайған шағын көреміз.

Бірақ кәрі тарлан қартайдым деп отырмаған, өле-өлгенше түрк халқының қамында болған:

Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым,

Бүкіл түрк халқына

Қарулы жау келтірмедім,

Атты әскер жолатпадым, –

деген жолдар Тоныкөк өмірінің мақсаты мен нәтижесіндей. Орхон ескерткіші суреттеген көне дәуірдің жырауы, батыры, білгірі Тоныкөк міне, дәл осындай.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ ТӘН ҚАСИЕТТЕР

Ғалым Ғ.Мұсабаев былай деп жазады: «VIII ғасырдың бірінші жартысында эпикалық дастанның өзіне лайық көне дәстүрі болған. Соның ең басты ерекшелігінің бірі – әнге құрылуы еді. Мейлі ол сарын, әлде қара өлең болсын, белгілі бір әуенге құрылған. Ерте кездегі ән, өлең сөзі, музыкасы бөлінбейтін дәстүр түрк халықтарында біздің заманға дейін келгені анық».

Орхон жырларының қандай әуенмен орындалғандығын бүгінде айқындау өте қиын. Шынында да қазақ жыршылары жырды белгілі бір мақам, әуенмен орындап келген ғой. Келешекте бұл бағытта да зерттеу жүргізу керек.

Ал, әзірше біз Орхон ескерткіштеріне тән мынадай ерекшеліктер атар едік:

1. Біз талдап отырған Орхон ескерткіштері түгелімен түрк халқына арналған үндеу - жыр үлгісінде жазылған да, ондағы суреттелетін оқиға баяндауға құрылған. Тек Тоныкөк жырындағы Тоныкөктің терең толғаныс үстіндегі ойлы сөздері мен жау елшілерінің, басқа да кейіпкерлердің сөз кезектесуін, сөз алмасуын (диалог) айтпасақ, күллі әрекет, соғыс қимылдары, халықтың әрқилы хал-ахуалы – бәрі де автордың атымен баяндалады.

Мәселен,

*Мен өзім қаған болып отырғанда,
Әр жерде босыған халық өліп-жітіп,
Жаяу-жалпы келіп жатты. (КТ ү)*

немесе

*Күлтөгін Байырқылық ақ айғырына мініп
Шабуылға ұмтылды.
Бір ерін оққа ұшырды,
Екі ерін найзаға ілді.*

*Сол шабуылда Байырқылық ақ айғырдың белі мертікті.
Қырғыз қағанын өлтірдік,
Елін алдық. (КТ ү)*

Алғашқы келтірілген мысалдарымыздай жер-жерден, жан-жақтан, жаяу-жалпы келіп жатқан босқын халықтың титықтаған мүшкіл халін автор кеңінен сыпаттап, суреттеп жатқан жоқ.

Сол сияқты, екінші үзіндіден Күлтегіннің ақ айғырға мініп шабуылға ұмтылғанын, бір батырын оққа ұшырып, екі ерін найзамен түйрегенін, астына мінген атының белі мертіккенін, қырғыз қағанының өлгенін, халқының жеңілгенін білеміз. Ал, шындығында, ойға шомып, көзге елестетіп байқаса, осы аз ғана жолдарда қаншама оқиға, қаншама қантөгіс бар?

Біз бұдан бергі эпостарымыздағы жойқын жорық суреттерін, қанды майдан көріністерін, жеңілген халықтың басына туған ауыр күндерді көз алдымызға елестетеміз. Басқасын былай қойғанда, бір ғана Тайбурылдың шабысының өзі «Қобыланды» жырының үлкен бөлігін құрамаушы ма еді?

Ендеше, соншалықты қырғын жасап, қырғидай тиіп жүрген Күлтегіннің айқас үстіндегі сұсты кейпін, қайтпас қаһарын, ұрыс-қимылдарын бір ғана жолға сыйғызу мүмкін бе? Бұл сауалдар: «Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып, таралған әрі бұдан да толық нұсқалары болмауы мүмкін бе?» деген Мұхтар Әуезовтің тамаша сөзін еріксіз еске түсіре береді.

Шынында да, М.Әуезов айтқандай, тасқа қашалған осы бір жырлардың ел ішінде кеңінен жайылған ұзақ жыр нұсқалары болмауы мүмкін емес. Өкінішке орай, қазіргі кезде мұны анықтау өте қиын.

Орхон жырларында батырдың жорықтары, шайқастары, соғыс нәтижесі біркелкі ұқсас болып келеді де, үнемі қайталанып отырады. Әдетте жау жеңіліп, олардың ханы өлтіріледі. Түрк халқының батыры жеңіске жетеді; оның үстіне батырдың астындағы ат өледі, не белі мертігеді. Мысалы:

*Ізгіл халқымен соғыстық,
Күлтегін Алып Шалшы атын мініп,
Шабуылға ұмтылды.
Ол ат сонда құлады,
Ізгіл халқы қырылды (КТ ү)*

яки, Күлтегін Байырқының Ақ айғырын мініп, шабуылға шықты. Сол айқаста Байырқылық Ақ айғырдың белі мертiктi. Қырғыз қағанын өлтірдік, елін алдық. Тағы бір мысал:

*Соғыстық.
Талқандадық.
Ханын өлтірдік.*

Сол сияқты, Күлтегіннің жау батырларын жеңу әдісі де бір сарындас болып келеді. Бірнеше мысал келтірейік:

*Бір ерін оққа ұшырды,
Екі ерін найзаға ілді.
Қос батырын найзамен шанышты,
Қарлықтарды қырдық, алдық.
Алты ерін шанышты,
Жетінші ерін қылыштады.*

Бұл келтірілген үзінділер Орхон жырларында қайталаудың жиі кездесетіндігіне көз жеткізеді.

3. Орхон ескерткіштерінде, жоғарыда айтқанымыздай, қара сөз араласып отырады. Ондай жолдардың өзі қазақ эпостарында кездесетін прозалық үлгілердей, мейлінше, көркем болып келеді, кейде ұйқасып жатады.

Мысалы, «Беглері, будуны түзсіз үчін, табғач будун теблігін күрліг үчүн, армақчусун үчүн, іні-еңілі кіншіртүкін үчүн, беглі-будунлығ йоншуртікін үчүн түрк будун ілледүк ілін учғуну ыдмыс, қазғанладуқ қағанун йітірү ыдмыс». (КТ ү).

Жаңашасы: «Бектерінің, халқының ымырасыздығынан, табғаш халқының алдауына сенгендігінен, арбауына көнгендігінен, інілі-

ағаның дауласқандығынан, бекті-халқының жауласқандығынан түрк халқы елдігін жойды, хандығынан айрылды».

Дәл осындай көркем әрі ішкі ұйқасқа құрылған қара сөзді «Алпамыс» жырынан да оқимыз: «Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, ыстық ішкен, сұйық тышқан, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, дамбалы бұтына қатқан, өзін туғаннан құдай атқан; бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар; тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген; басы мүйіз, арты киіз бір мыстан кемпір келеді».

Асты сызылған сөздер көнгендігінен, сенгендігінен, дауласқандығынан-жауласқандығынан; ұрысқан-тырысқан, жетпеген-кетпеген, мүйіз-киіз деп өлең тәрізді ұйқасып тұр.

4. Орхон жырлары риторикалы сұрақтарға толы болып келеді. Олар шығармаға ерекше әуез, көтеріңкі леп беріп, жырдан асқақ ерлік сазын танытады.

*Елліг будун ертім,
Елім амты қаны,
Кемке еліг қазғанұрмен? -*

тір ерміс.

*Қағынлығ буду ертім,
Қағаным қаны,
Не қағанқа ісіг-күчіг бірүрмен? -*

тір ермес»

Жаңашасы:

*Елді халық едім,
Елім қазір қайда,
Кімге ел-жұрт іздермін? -*

десті.

*Қағанды халық едім,
Қағаным қайда,
Қандай қағанға күш-қуатым берермін? -*

десті.

Немесе

*Азу бу сабымды ігің барғу?
Түрк беглер, будун, буны есідің?*

Жаңашасы:

*Осы сөзімде өтірік бар ма?
Түрк бектері, халқы, бұны тыңдаңдар!*

Бұл жырлардың риторикаға құрылғанына анық көз жеткізу үшін Қ.Мырзалиев аударған «Күлтегін» жырына тағы бір зер салса да жеткілікті.

* * *

Ескерткіштердің құрылысы да назар аударуды қажет етеді. Орхон жазуларын пәлендей тарауларға бөлу қиын-ақ. Дегенмен, олардағы оқиғаның баяндалуына қарай төмендегідей шағын бөліктерден тұрады дер едік.

К ү л т е г і н (кіші жазу):

1. Қарамағындағы халыққа үндеуі;
2. Түрк қағанатының суреттелуі;
3. Әскери жорықтар;
4. Табғаш халқының араға іріткі салу әрекеттері;
5. Түрк халқының өзіне тағылар кінәлары;
6. Ескерткіштің қойылу себебі;

К ү л т е г і н (үлкен жазу):

1. Түрк халқының ата-тегі жайындағы әңгіме;
2. Табғаштардың түркілерді жаулап алуы;
3. Елтеріс ханның тұсында ел тұрмысының қайта өрлеуі;
4. Қапаған, Білге қағандар жайындағы әңгіме;
5. Күлтегіннің жорықтары.

Ескерте кететін бір нәрсе, үлкен жазудағы оқиғалар кіші жазудағыдан гөрі әлде қайда кең, серпінді баяндалған. Айырмашылығы осында ғана.

Ал Тоныкөк құрметіне арналған жырдан аз да болса желілік айырым тауып, ажырату өте қиын. Мұнда Тоныкөктің жақсылықтары мен әр елге жасаған жорықтары үнемі қайталанып отырады. Сондықтан, бірінен бірінің айырмашылығы шамалы, белгілі бір тақырыпшаларға топтастыруға келмейтін оқиға желілерін бөліп жатуды тиімді деп таппадық.

ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ КӨРКЕМДІГІ

Орхон жырларындағы арнайы сөз етуді қажет ететін және осы күнге дейін зерттелмеген келелі мәселенің бірі олардың көркемдік ерекшеліктері.

Көне түрк әдебиетінің ең әдепкі нұсқаларындағы өлеңнің жасалу тәсілдерін егжей-тегжей талдамай, анықтамай тұрып қазақ өлеңінің тууы, қалыптасуы, дамуы жайында жүйелі, дәлелді сөз айту мүмкін болмас еді. Басқаша айтқанда, Орхон ескерткіштеріндегі поэтикалық заңдылықтарды ашу халқымыздың өлең жасаудағы алғашқы адымдарын, ұйқастың қалыптасқан, жетілген кездері мен оған дейінгі өлеңдік тіркестердің барлық қатысын негіздеумен барабар болып шықпақ.

И.Б. Стеблованың айтуынша, Орхон ескерткіштері түрк халықтары поэзиясына ортақ төрт тармақты өлең принципіне негізделген. Мұның дұрыс еместігін және Орхон жырларының төрт тармақты шумақтардан ғана тұрмайтындығын жоғарыда айттық.

Орхон ескерткіштерінің үш, төрт, бес, алты, сегіз тіпті онан да көп жолды шумақтардан тұратындығын, әр алуан ұйқасты, әр буынды, көбіне 7-8 буынды болып келетін жыр өлшеміне негізделгенін байқауға болады.

Ескерткіштегі өлең жолдары жыр тәрізді бірімен-бірі тығыз байланысты болып келеді де, негізінен бір ой түйдегіне бағынады. Демек, Орхон ескерткіштері жыр өлшемімен жазылған. Мұның дәлелі ретінде «Күлтегін» жырындағы батырдың айқастарын суреттеген жолдарды алуға болады. Онда өзара байланысты ұзақ бір түйдек өлеңдер тобы «оплайу тегді» (шабуылға ұмтылды), «бініп тегді» (мініп шапты), «ол ат анта өлті» (ол ат сонда өлді) тәрізді тіркестердің жиі қайталану арқылы айқас туралы бүтін бір жыр циклін құрайды.

Орхон ескерткіштерінде жетілген өлең ұйқастарының өте аз ұшырасатындығы да біздің пікірімізді дәлелдей түседі. Өйткені өлеңдегідей емес, жырдағы ұйқас көбіне ойға құрылады.

Біздің есебіміз бойынша, Орхон ескерткіштері 727 жыр жолынан тұрады. Жыр жолдарының буын сандары түрліше болып келеді (3-тен 15 буынға дейін кездеседі).

Кестеге қараңыз.

Буындар	үш буынды	төрт буынды	бес буынды	алты буынды	жеті буынды	сегіз буынды	тоғыз буынды	он буынды	он бір буынды	он екі буынды	он үш буынды	он төрт буынды	он бес буынды	барлығы
жыр жолдары	3	32	82	102	119	101	80	71	61	28		13	7	727
пайыз есебімен	0,4	4,4	11,3	14,0	16,4	13,9	11,0	9,8	8,4	3,9	3,9	1,9	0,9	100%

Келтірілген кестеден Орхон ескерткіштерінде жеті-сегіз буынды жыр жолдарының (оларды қосып есептегенде бүкіл ескерткіштердің 30,3 пайызын қамтиды) басымырақ екенін байқаймыз. Мұның өзі Орхон ескерткіштерін құрылысы жағынан қазақ жырларына тағы да жақындата түседі.

Тегінде Орхон жырларында өте жиі ұшырасатын: іші-тысы (ішін-ташын), ел-жұрты (ел-төрүсі), жылаған-сықтаған (йұғчы-сығытчы), інілі-ағалы (інілі-еңілі), бейнет-күші (ісіг-күшіг), ата-баба (ечүм-апам), ілгері-кейін (ілгері-құрығару), атақ-даңқы (аты-күші), от-су (от-суб), ойда-қырда (йер-сайу), өлім-жітім (өлү-йіту), жаяу-жалпы (йодағын-йалаңын), жер-көк (теңірі-йір), қасы-көзі (көзі-қашы), ою-өрнек (барқ-бедіз), күні-түні (күн йеме-түн йеме), қыз-қырқын (қыз-қыдыз) тәрізді тұрақты-мағыналық бірлікті білдіретін қос сөзді егіз тіркестер мен ыңғайлас мәндес синонимді сөздер тізбегі өлең жасаудың ең әдепкі тәсілдері болғанға ұқсайды.

Ондай қос сөзді тіркестердің өзі кейде бір жағы мәнді, бір жағы мәнсіз (қыз-қырқын, жылаған-сықтаған, өлім-жітім тәрізді); кейде екі сыңары да мағыналы (қасы-көзі, ойда-қырда, ата-баба) болып келеді.

Енді ыңғайлас мәндестерге мысал келтірейік:

Тәтті сөз, асыл қазынасы – Сүңіг сабын, йымшақ ағын;

Ақылды кісілерді, батыл кісілерді – Едгү білге кісіг, едгү алп кісіг;

<i>Жоқ, кедей халық –</i>	<i>Йоқ, чығай будун;</i>
<i>Қалыптастырған, иелік еткен</i>	<i>Тұта бірміс, іті бірміс;</i>
<i>Қырылайық, жойылайық –</i>	<i>Өлүрейін, урығырайун;</i>
<i>Бейшара, мүсәпір халық –</i>	<i>Йабыз, йаблақ будун;</i>
<i>Бағынды, жүгінді –</i>	<i>Ічкді, йүкүнті т.с.с.</i>

Кейде осы тәрізді ыңғайлас сөздердің бір ғана қатар емес, екі тармақ құрап, өлеңге ұқсас болып келетін түрлері де ұшырасады.

Елсіз қалған, хансыз қалған халықты – Елсіреміс, қағансырамыс будунуғ; Күң болған, құлданған халықты – Күндемiс, құлдемiс будунуғ; Ата-баба мекеніне қайта орнатқан – Ечүм-апам төрүсүнче йаратмыс, болғұрмыс.

<i>Білместігі үшін,</i>	<i>Білмедүкін үчүн,</i>
<i>Бізге жауыздығы үшін</i>	<i>Бізіңе йанлұқын үчүн</i>
<i>Ханы өлді.</i>	<i>Қағаны өлті</i>
<i>Көтерген тәңірі,</i>	<i>Көтүрміс теңрі,</i>
<i>Ел берген тәңірі,</i>	<i>Ел бірігме теңрі</i>
<i>Іші – ассыз,</i>	<i>Ічре ашсыз,</i>
<i>Тысы – тонсыз</i>	<i>Ташра тонсыз,</i>
<i>Ханы алып екен,</i>	<i>Қағаны алп ерміс,</i>
<i>Ақылгөйі данышпан екен.</i>	<i>Айғұчусу, білге ерміс т.с.с.</i>

Мұндағы бірде қатарласа, қабаттаса келетін, бірде ыңғайласа келетін сөздер тіркесі мен тізбегі белгілі бір ойды күшейтіп, әсерлі жеткізу үшін қолданылған. Бұлар сөз жоқ, халқымыздың бейнелі ой, кестелі сөз жасаудағы әдепкі адымын танытады.

Біз жоғарыда Орхон ескерткіштерінің әлденеше тармақты шумақтардан тұратынын, түрліше ұйқасқа құрылатындығын ескерткен едік. Бұл бір.

Екіншіден, егер өлеңде буын саны, ұйқасы нақпа-нақ, дәл келіп отыру бұлжымас заң болатын болса, мұнда біз ондай ерекшелікті көрмейміз.

Ескерткіштердегі тізбектердің өлшемі де, ұйқасы да түрліше болып,

кейде ұйқаспай жатады. Күлтегінге, Тоныкөкке арналған жазуларды жырға жатқызуымыздың басты себептерінің бірі осында. Өйткені, профессор Б.Кенжебаев айтқандай: «Жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады. Көп жерлері, тіпті ұйқассыз да келеді»[55].

Ескерткіштердегі үш тармақты сыңар (ааб яки бба ұйқасты) жыр үлгілері төмендегіше болып келеді:

<i>Құтым бар үчүн (а)</i>	<i>Бағым болғандықтан,</i>
<i>Үлігім бар үчүн (а)</i>	<i>Сәті түскендіктен,</i>
<i>Өлтечі будунуғ тірігсү ігітім (б)</i>	<i>Өлімші халықты тірілттім.</i>
<i>Түрк будун үчүн (а)</i>	<i>Түрк халқы үшін</i>
<i>Түн удымадым (б)</i>	<i>Түнде ұйықтамадым,</i>
<i>Күнтүз олурмадым (б)</i>	<i>Күндіз отырмадым.</i>

Үш тармақты жыр үлгілері үнемі дәл осылай бола бермейді екен. Аракідік олардың әрбір жолы бір ғана сөзден тұратын шумақтары да кездеседі.

Мысалы:

<i>Сүңсүдіміз (а)</i>	<i>Соғыстық,</i>
<i>Санчыдымыз (а)</i>	<i>Шаныштық,</i>
<i>Қанун өлтүртіміз (а)</i>	<i>Ханын өлтірдік.</i>

Біз келтіріп отырған шумақтардың бүгінгі поэзия тұрғысынан қарағанда тіпті өлеңге ұқсамауы да мүмкін, бірақ аталған ескерткіштің осыдан бір мың екі жүз жылдан астам уақыт бұрын жазылғандығын ескеруіміз керек.

Енді төрт тармақты жыр шумақтарына бірнеше мысал келтірейік. Олардың өзі ұйқасы, буын саны жағынан да түрліше болып келеді:

<i>Құл құлдығ болмыс ерті (7а)</i>	<i>Құл құлды болған еді,</i>
<i>Күң күнліг болмыс ерті (7а)</i>	<i>Күң күңді болған еді.</i>
<i>Інісі ечісін білмез ерті (10б)</i>	<i>Інісі ағасын білмес еді,</i>
<i>Оғлы қаңын білмес ерті (9б)</i>	<i>Ұлы әкесін білмес еді.</i>
<i>Соңүкүң тағча йатды (7а)</i>	<i>Сүйегің таудай үйілді.</i>
<i>Қаның субча йүгүрті (7а)</i>	<i>Қаның судай жүгірді,</i>
<i>Бегілік ұры оғлың құл болты (9б)</i>	<i>Бек ұлдарың құл болды,</i>
<i>Сілік қыз оғлың күң болты (8б)</i>	<i>Пәк қыздарың күң болды.</i>
<i>Иоруклығы қантан келіп (7а)</i>	<i>Қарулылар қайдан келіп,</i>
<i>Иана өлтді? (4б)</i>	<i>Тағы (сені) құлдыратты.</i>
<i>Сүңіліг қантан келіп (7а)</i>	<i>Найзалылар қайдан келіп,</i>
<i>Сүре елтді?</i>	<i>Қайта (сені) ыдыратты?</i>
<i>Теңрі йарулқазу (6а)</i>	<i>Тәңірі жарылқады –</i>
<i>Бүкүл түрк будунқа (6а)</i>	<i>Бүкіл түрк халқына</i>
<i>Йаруклығы йоғуғ келүрмедім (9в)</i>	<i>Қарулы жау келтірмедім,</i>
<i>Төгүнліг атуғ йүртмедім (8г)</i>	<i>Атты әскер жолатпадым.</i>

Бұл үзінділерден ұйқасы, буын саны түрліше болып келетін қазақтың жыр үлгілерін көріп отырмыз. Біріншісі мен екіншісі егіз (аабб) ұйқасты, үшіншісі шалыс ұйқасты (абаб) болып келсе, төртіншісінде тіпті, ұйқас жоқ. Ой шумағы, ой ұйқасы мықты болғандықтан мұны да жырға жатқызып отырмыз. Ал, осылардың қай-қайсысында да буын саны әртүрлі (4, 6, 7, 8, 9), айнымалы екендігі байқалады.

Орхон жазуларынан бес тармақты жыр шумақтарында кездестіреміз. Бірақ оларда өлең ұйқасынан гөрі ой ұйқасы, дыбыс үндестігі әлдеқайда басым жатады.

Мысалы:

<i>Елігім елсіретміс</i>	<i>Елдігін елсіз етті,</i>
<i>Қағанлығы қағансыратмыс</i>	<i>Хандығын хансыз етті,</i>

*Йағығ баз қылмыс
Тізлігіг сөкүрміс
Башлығығ йүкүнтірміс*

*Жауын бейбіт етті,
Тізеліні бүктірді,
Бастыны еңкейтті.*

Ескерткіштердегі алты жолдан тұратын жыр үлгілері мынадай болып келеді:

*Елліг будун ертім
Елім амты қаны
Кемке іліг қазғанурмен? –
тір ерміс
Қағанлық будун ертім
Қағаным қаны
Не қағанқа ісіг-күчіг
бірүрмін? – тір ерміс*

*Елді халық едім,
Елім қазір қайда?
Кімге ел-жұрт іздермін? –
десті.
Ханды халық едім,
Ханым қайда?
Қандай ханға күш-қуатым
берермін? – десті.*

Бір өзгешелігі мұнда бірінші мен төртінші, екінші мен бесінші, үшінші мен алтыншы жолдар ұйқасып отырады.

Ескерткіштерден сегіз, тоғыз, тіпті, одан да көп тармақты жыр шумақтарын көреміз.

Бірақ тоғыздан әргі жыр шумақтары, көбіне, үндестігі, қиюластығы әлі де түгелдей жетіліп бітпеген шұбыртпалы жыр ұйқасын еске салады. Ондай ұзақ шумақтарда да негізінен ой түйдегі, ой сәйкестігі басым жатады.

Эпикалық шығарманың табиғатына желісі ұзақ шумақтар өте-мөте тән болатындықтан, ескерткіштердегі сегіз, тоғыз тармақты жыр үлгілерінен бір-бір мысал.

*1. Ілгеру – Шаңтұң йазықа
тегі сүледім (а)
Талуйқа кічіг тегмедім (б)
Біргеру – Токуз Ерсенке
тегі сүледім (а)*

*1. Ілгері – Шаңтұң жазыққа
дейін жауладым,
Теңізге сәл жетпедім.
Түстікте – Тоғыз Ерсенге
дейін жауладым,*

Түпүтке кішіз тегмедім (б)
 Құрығару – йінчу үгіз кече
 Темір қапығқа тегі
 сүледім (а)
 Йырғару – йер Байырқу
 Йеріңе тегі сүледім,
 Бунча йірке йорытдым

2. Елтеріс қағанқа
 Түрк Бөгү қағанқа
 Түрк Білге қағанқа
 Қапаған қағанқа
 Түн ұдумату,
 Күндіз олұрмату,
 Қузул қанум төкті
 Қара терім йүгүрті,
 Үсіг-күшіг бертім ок

Тибетке сәл жетпедім.
 Батыста – Инжу өзенін кеше
 Темір қақпаға дейін жауладым,
 Терістікте – Байырқы
 жеріне дейін жауладым,
 Осыншама жерге дейін
 жорыттым.

2. Елтеріс қаған үшін
 Түрк Бөгі қаған үшін
 Түрк Білге қаған үшін
 Қапаған қаған үшін
 Түнде ұйықтамадым,
 Күндіз отырмадым.
 Қызыл қанымды төктім.
 Қара терімді ағыздым,
 Күш-қуатымды аямадым.

Осы келтірілген екі үзіндінің алдыңғысы – сегіз, соңғысы тоғыз тармақты. Бірінші мысалдың әдепкі төрт жолы кезекті ұйқасқа, соңғы төрт тармағы ерікті ұйқасқа құрылған. Ал, екінші шумақтың алдыңғы төрт тармағы ұйқасады да, қалған (соңғысынан бөлегі) жолдары екі-екіден ой ұйқасына бағынған.

Енді әдепкі үзіндінің тақ (1, 3, 5, 7) тармақтарының басында келетін ілгерү-біргерү, құрығару-йырғару тәрізді өзара үндесіп, жымдасып тұрған сөздерге назар аударыңыз. Сөз басында ұйқасып келген дәл осы сөздердің дербес шумағын Күлтегіннің кіші жазуынан кездестіреміз.

Ілгерү – күн тоғсықа
 Біргерү – түн ортұсыңару
 Құрығару – күн батсықыңа
 Йырғару – түн ортұсыңару

Ілгері – күн шығысында
 Оңымда – түн ортасында
 Кері – күн батысында
 Солымда – түн ортасында

Бұл үзіндінің бастапқы сөздері егіз (аабб) ұйқаспен жазылған. Қарап отырсаңыз, ортадағы сөздердің өзі де (күн, түн) өзара ұйқасып тұр.

Енді осы шумаққа басқа бір жағынан келсек, ілгерү-біргерү, құрығару-йырғару сөздерінің үндесіп, өлең болып естілетінін байқаймыз. Ондай үндестік пен әуезділік аллитерация түріндегі дыбыстық қайталауларға байланысты. Мұнда, тіпті, соңғы ұйқастардан гөрі әдепкі сөздердің дыбыс үндестігі, жарастығы әлдеқайда күштірек екені көрінеді. Демек, мұның өзі әуезділікке, үнділікке ерекше мән берген түрк халқының жырлары аллитерациялы болып келетіндігін яки ұйқастың басында жасалатындығын дәлелдейді.

Сонымен, жыр ұйқастары, жыр шумақтары жайындағы сөзімізді аяқтай келе мынадай тұжырым жасауға болар еді:

Біріншіден, өлең жасаудың, ойды көркем бейнелеудің әдепкі адымдары деп біз жырдағы жиі кездесетін: іші-сырты, қасы-көзі тәрізді қос сөзді тіркестер мен тәтті сөз, асыл қазына, бағынды, жүгінді секілді ыңғайлас мәндес сөздердің жарасымды бірлігін есептейміз.

Мұндай сөздер қатарласа, жапсарласа келіп, шешендік ыңғайға ойысып, содан мақал-мәтелге, қанатты жолдарға, әуезді, ырғақты жырға ұласады.

Екіншіден, Орхон жырларында екі, үш, төрт, бес, алты, сегіз, тоғыз және одан көп тармақты жыр шумақтары кездеседі екен және ұйқасы (сыңар, егіз, кезекті, шұбыртпалы) жағынан да, өлшемі (4, 6, 7, 8, 9, 10 буынды) жағынан да әртүрлі болып, кейде тұлғасы ұйқаспай да жатады екен.

БЕЙНЕЛЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Орхон жырларында «олар бізден төрт есе артық еді, есепсіз жау келді» деген тәрізді деректі-дерексіз ұлғайтулар болмаса, әсірелеу жоққа тән.

Бұл, біздіңше, аталмыш жырлардың өзін тудырған тарихи арналармен іргелес, жақын тұрғандығынан әрі олардың шежіре ретімен келетіндігінен болу керек. Өйткені, эпос неғұрлым өзін тудырған тарихи шындықтың желісінен қашықтаған сайын солғұрлым оларда әсірелеудің мол болатындығын аңғарамыз. «Қобыланды», «Алпамыс» тағы басқа қазақ жырлары осыны аңғартады.

1. Орхон ескерткіштеріндегі бейнелеу құралдарының ең молы эпитеттер :

Білге қаған (*Білге қаған*), кексіз түрк (анығ йоқ түрк), Темір қақпа (Темір қапығ), тәтті сөз (сүңіг саб), асыл қазына (йымшақ ағы), жырақ халық (йырақ будун), әдепсіз қылық (*аңыз біліг*), ақылды кісі, (білге кісі), батыл кісі (алып кісі) өш адам (аңығ кісі), жаман сыйлық (йаблақ ағы), жақсы сыйлық (едгү ағы), біліксіз адам (біліг білмез кісі), кедей халық (*чығай будун*), кіріптар бектер (көрігме беглер), мәңгі тас (бенгү таш), көк тәңірі (көк теңрі), қара жер (*йағыз иер*), жетім халық (өксіз будун), ұлы қаған (күліг қаған), жалтақ қаған (йаблақ қаған), бек ұл (бегіліг ер оғул), пек қыз (сілік қыз оғул), қасиетті жер-су (ыдуқ йір-суб), аш-жалаңаш халық (ічре ашсыз, ташра тонсыз будун), бейшара, мүсәпір халық (йаблақ йабыз будун), боз ат (*боз ат*), торы ат (*торығ ат*), арық ат (тұрұқ ат), ақ айғыр (*ақ адғыр*), шағын қол (аз ер), бүлікшіл ел (қамашығ іл), қара көл (*қара көл*), қаракер ат (*йағыз ат*), қырағы көз (*көрүр көз*), терең ақыл (білір біліг) жазба тас (бітіг таш), қара құм (*қара құм*), көшпелі ел (*йоруйур будун*), жасырын сөз (*ічре саб*), қызыл қан (*кузул қан*), қарулы жау (*йоруклуғ йағ*), атты әскер (төгүнліг атұғ), сары алтын (*саруғ алтун*), ақ күміс (*орұң күмүш*).

Ескерткіштердегі эпитеттерді түгел келтірумен қатар, ондағы тұрақты эпитеттерді баса көрсеттік. Жоғарыдағы мысалдарға қарап

отырып, көне түрк дәуірінде жасалған бейнелеуші тіркестердің бізге фонетикалық жағынан да пәлендей өзгеріске ұшырамай жеткендігін көреміз.

2. Орхон жырларында белгілі бір нәрсені көркемдеп жеткізу үшін оны басқа бір затпен де салыстыра суреттеуді кең қолданған. Ескерткіштердегі теңеудің үлгілері мынадай болып келеді.

<i>Қаным қаған сүсі бөрі тег ерміс</i>	<i>Әкем ханның әскері бөрідей</i>
<i>Йағысы қоң тег ерміс</i>	<i>еді,</i>
	<i>Жаулары қойдай еді.</i>
<i>Қаның субча йүгірті</i>	<i>Қаның судай ақты,</i>
<i>Сеңүкүң тағча йатды</i>	<i>Сүйегің таудай үйілді.</i>
<i>Түргіс қаған сүсі Болчуда</i>	<i>Түргеш халқының әскері</i>
<i>Отча, бороча келті</i>	<i>Болшыда</i>
	<i>Отша, боранша келді</i>
<i>Йағумуз төгіре учуқ төгерті</i>	<i>Жауымыз төгіс жыртқыш</i>
<i>Біз чег ертіміз</i>	<i>құстай¹ еді.</i>
	<i>Біз жемтік едік.</i>
<i>Екінті күн келті</i>	<i>Екінші күн келді.</i>
<i>Өртче кузуп келті</i>	<i>Өртше жанып келді.</i>

Бұл келтірілген мысалдардан соғыс суреттерін терең ашу үшін қолданылған теңеулерді көріп отырмаз.

¹ Қазақтың жыртқыш құс деуі осыдан шыққан болу керек. Жыртқыш құс, ит-құс деп қазақ қасқырды да атай береді.

Ит-құстың бізде екінші мағынасы және бар. Ол құмай тазы. Құмай тазы халықтың айтуынша ит пен құстан жаралған. Қазақтың осы құмайы туралы Сергей Марков өзінің «Земной круг» (изд. Советский писатель, Москва, 1966, 21-22 беттер) атты кітабында өте орынды айтқан. Бұл сөздің атауын Шөжеден кездестіреміз:

Ақ серкесі Бошанның Алшынбай таз,

Жаз шілдеде ұшады итала қаз.

Екі сөздің бірінде соқыр дейсің,

Кепиетің бар болса басыңды жаз.

Халықтың айтуынша ұшқыр құмай тазы осы Шөже ақын айтып отырған итала қаздың (сарыала қаз деп те айтыла береді) жұмыртқасынан шығады.

Өз әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін түрк халқының жауынгерлерін – бөріге, жауларын қойға теңейді. Сұрапыл майданнан жосылған қан – селдеп аққан суға, өліктер жоталы тауға теңеледі.

Ескерткіштердегі түрк халқына қарсы тұрған жаудың бәрі қой аузынан шөп алмас момақан емес. Өйткен жағдайда Күлтегін, Тоныкөк көрсетіп жүрген теңдесі жоқ делінетін ерліктерден қадір-қасиет қалмас еді. Сол үшін де (түрк батырларының ерлігін дәлелдеу үшін) жырларда жау қолы – жыртқыш құсқа, лаулаған өртке, ашқарақ бөріге теңеледі. Түрк елінің ерлері осындай тажалдарды жеңіп барып зор даңққа ие болады.

3. Орхон жазуларында троптың түрлерінен – *аллегория* мен *метонимия* кездеседі.

Аллегорияны біз Тоныкөкке арналған жырдан көреміз.

<i>Тұрұқ буқалу</i>	<i>Арық бұқаның,</i>
<i>Семіз буқалу</i>	<i>Семіз бұқаның</i>
<i>Арқада білсер</i>	<i>(Артта) барын білсе де,</i>
<i>Семіз буқа</i>	<i>Семіз бұқаны,</i>
<i>Туруқ буқа тійін</i>	<i>Арық бұқаны</i>
<i>Білмез ерміс – тійін</i>	<i>Айыра алмас – дедім.</i>
<i>Апча сакунтум</i>	<i>Осылай ойладым.</i>

Бұл – метафораның ұлғайтылған түрі.

Бұл жерде Тоныкөк табғаштарға талай жыл кіріптар болған, өз ішінде бақталастық, күншілдік өріс алған түрк халқын ол азаптан құтқарар жолды іздеп отыр. Басқаша айтқанда, Тоныкөк: егер Құтлығты хан етсем, ел ішіндегі жақсы мен жаманды, күйлі мен күйсізді ажыратып, соның бәрін өштестірмей біріктіріп отыра алар ма екен деген ойға келіп отыр.

Ескерткіштерде троптың бір түрі метонимия да ұшырасады.

Мәселен:

1. Будун боғзу тоқ (Халық тамағы тоқ еді).
2. Алтун, күміш, ісігті, құтай бұнсыз анча бірүр табғач будун сабы-сүгіг, ағысы йымшақ ерміс (Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті

соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі – тәтті, бұйымы жұмсақ еді).

3. Бірікі будунығ от-суб қылмадым (Біріккен халықты от-су қылмадым).

4. Тулуг, сабуғ алу олур тіді (Тіл, сөз алып отыр деді).

Міне, бұл келтірілген мысалдардың қайсысында да заттың не құбылыстың қасиет-белгісі тура өз мағынасында емес, басқа бір мағынамен алмастырылып алынған.

Осының бәрі-дағы – жырды әр жағынан безендіру, көркемдеу үшін алынған бейнелеу құралдары. Ескерткіштердің әсерлі, тартымды болуының өзі осыларға байланысты.

Күлтегін мен Тоныкөкке арналған жырларда мақал-мәтел секілді әдемі қиюласқан өнегелі-өсиетті жолдар бар:

<i>Едгүті есід</i>	<i>Мұқият тыңда,</i>
<i>Қатығды тыңла</i>	<i>Терең ұқ.</i>
<i>Ырақ ерсер йаблақ ағы бірүр</i>	<i>Жырақ тұрғанға жаман</i>
<i>Йағуқ ерсер едгү ағы бірүр</i>	<i>сыйлық берер,</i>
<i>Ачсық тосық емезсен</i>	<i>Жақын тұрғанға жақсы</i>
<i>Бір тодсар ачсық емезсен</i>	<i>сыйлық берер.</i>
<i>Өд төңірі йасар</i>	<i>Аштықта тоқтықты білмейсің.</i>
<i>Кісі оғлу көп өлгелі төрүміс</i>	<i>Бір тойсаң аштықты білмейсің.</i>
<i>Келүр ерсер күч үкүлүр</i>	<i>Тағдырды тәңірі жасар,</i>
	<i>Адам баласы бәрі өлгелі жаралған.</i>
	<i>Қол қосылса, күш өсер</i>
<i>Аруғ обуту иіг</i>	<i>Өлімнен ұят күшті.</i>
<i>Иуйқа ерікліг топлағалу үчүз</i>	<i>Жұқаны топтау – оңай,</i>
<i>Иінчге ерікліг үзгелі үчүз</i>	<i>Жіңішкені үзу – оңай.</i>

Талай тәжірибе негізінде қалыптасып барып тұрақты көркем сөз тіркесіне айналған бұл секілді мақал-мәтелдерден өмірдің өзінен туған ойлы тұжырымдарды, терең пайымдауды аңғарамыз.

Задында, мұндай өсиет-нақыл сөздер ертедегі жырларымызға рең, көрік, әр берген ең басты құралдардың бірі болса керек.

Мақал-мәтелдің бірер жылда ғана туа салмайтындығын, талай ғасырларды аттап барып бұлжымас қағидаға айналатындығын ескерсек, қазақтың: «Табы бірдің тәңірісі бір», «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес», «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге таралар», «Ұлың – Ұрымға, қызың – Қырымға», «Барар жерің Балқан тау, ол да біздің барған тау», «Күштіде тәңірі жоқ», «Жазған құлда шаршау бар ма» тәрізді мақал-мәтелдерін түрк дәуірінен келе жатқан көне мұралар деп есептейміз.

Тағы бір ерекше көңіл аударатын жәйт: сол ертеде туған мақал-мәтелдер дами келе бертінде ойы жағынан да, тіркесі жағынан да дами түскен.

Мәселен, «Ашта жеген құйқаны тоқта ұмытпа», «Тоқтың жоқтығы бар, аштың тоқтығы бар», «Аш бала тоқ баламен ойнамайды» немесе «Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес» тәрізді қазақ халқының мақалдары Орхон жырларынан өзіміз келтірген «Аштықта тоқтықты білмейсің, бір тойсаң аштықты білмейсің» деген секілді мақалды тіркестің дамыған, жетілген түрліше үлгілері деп білеміз.

Сол сияқты, түрк ескерткіштеріндегі «Жырақ тұрғанға – жаман сыйлық, Жақын тұрғанға – жақсы сыйлық» тіркесі қазақтың «Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала» дейтін мәтеліне көбірек ұқсайды.

Бір ғана мақал-мәтел емес, басқа да кейбір лепті, өлеңді тіркестердің өткірленген, ықшамдалған ұтымды түрлерін кездестіруге болады. Мысалы, Орхон жазуларындағы «Іші – ассыз, сырты – тонсыз» - дейтініміз дами келе бүгінде «аш-жалаңаш», «Түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым» тіркесі «Түнде ұйқы, күндіз тыным» яки «түн ұйқысын төрт бөліп» болып өзгерген.

Немесе, ол кезде «күн ортасы, түн ортасы, күн батысы, күн шығысы» деп сөйлейтін болса, бүгінде олар қысқартылып: түстік, терістік, батыс, шығыс деп қана айтылады.

Осы айтылғандардың бәрі де халық ойының, сөз саптау, тіл ұстартудың, сөйлеу мәдениетінің жетілуін, дамуын дәлелдейтін бағалы, деректі дүниелер.

Халықтың азаматтық тарихы, оның рухани байлық қоры бірден жасалмайды. Қазақ әдебиеті өзінің даму барысында сан ғасырларды, бірнеше дәуірлерді өткерген. Әрбір дәуірдің өзіне лайықты мәдениеті, салт-дәстүрі, ұғым-нанымы, әдебиеті болған еді.

Әдетте ертеде жасалған ежелгі мұраларда тарих, мәдениет, әдебиет белгілерінің араласа жүретіні анық. Сондықтан да байырғы ескерткіштерді тек тарих мұрасы, яки әдебиет үлгісі ретінде ғана танып бағалау дұрыс болмайды.

Сіз танысқан Орхон ескерткіштері сондай мұрамыз. Онда халық тарихының көптеген құнды деректері де, халықтың сол кездегі ұғым-нанымының, салт-дәстүрінің көріністері де, ежелгі әдебиет белгілері де аралас. Оның үстіне аталған ескерткіштер тіл тарихының аса бағалы мұрасы болып есептеледі.

Әрбір елдің тарихы, оның мәдениеті, әдебиетінің шежіресі жалаң ойдан жасалмайды, осындай ежелгі жазба мұраларға, шежірелерге сүйеніп жасалады.

Орхон жазбаларын оқи отырып түрк халықтарының алғаш қалыптасу процесін; өлең жасаудың, ақындық тәсілдің әдепкі адымдарын, бұл ескерткіштерді жасаған қауымның ой-дәрежесін анық байқауға болады. Тасқа басылып, еш өзгеріссіз жеткен Орхон жазуларының осындай деректік мәні өте-мөте күшті-ақ.

Ата-бабадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің үлкен мектебі бар. Бірі – өмір жайында терең толғанатын шежірешешендік, философиялық, данышпандық мектеп. Мұның аты сақталып бізге жеткен түпкі атасы Асанқайғы, одан бұл өнер ғасырлар аттап кешегі біздің ұлы Абайдың қолына тиді. Екіншісі – өле-өлгенше көмейі күмбірлеп, жағы сембеген дария-даңғыл жыраулар мектебі. Мұның әзірге жұрт білетін түпкі арнасы Сыпыра жырау. Оған іліктес Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар, Майкөт жыраулар аталады. Сондай ұлықты жыраулардың ең соңғы үздігі Жамбыл мен Нұрпейіс еді.

Ал, Асанқайғы, Сыпыра жыраулардан да бұрын талай-талай ойшылдардың, ақын-жыраулардың өткендігі даусыз.

Мәселен, біз сөз еткен Орхон жазуларында немесе одан беріректегі «Оғыз-нама», «Қорқыт» (IX-ғасыр) тәрізді түрк дәуірінің әр циклды тарихи-шежіре, ерлік жырларында әлі де қалыптасып бітпеген, дараланбаған ойшылдардың, ақын-жыраулардың аттары аталады. Орхон ескерткіштеріндегі Йоллығ-тегін мен Тоныкөк (VIII ғасыр), «Оғыз-намадағы» Ұлық Түрк (IX ғасыр), «Қорқыт» аңыз жырларындағы дана Қорқыт (IX ғасыр) осы ойымыздың айқын дәлелі бола алады.

Орхон ескерткіштеріндегі Тоныкөк талай ханға ақылшы болған, Күлтегіннің жорықтарына дем берген қарт данышпан ретінде көрінеді. Демек, жыраулардың ақындық өнері, ойшылдығы оларды сол тайпалық дәуірдің өзінде-ақ ел құрметіне бөлеп, ру-тайпаның ақсақалы, ақылгөйі дәрежесіне дейін көтерген. Ол дәуірдің бектері мен хандары алдағыны сол жырауларға болжатып отырған. Осы дәстүрді тіпті беріде (XVIII ғасыр) өмір сүрген Бұқар жыраудан да анық көреміз. Жорыққа шығар алдында Абылай үнемі алдағыны Бұқарға жорытқан. Ол Абылайдың түсін жорып, алдағы істі көбіне дәл болжап отырған.

Тоныкөкке, дана Қорқытқа жуық бейнені «Оғыз-намадан» да көреміз. Ол – Ұлық Түрк. Ұлық Түрк те көп жасап, көпті көрген көне көз ақылшы, батыр бастаған жорық-сапарлардың айнымас серігі. Жас шағында аттанып, жорықтан еліне қартайған шағында оралған Оғыз батырдың түсін жорып, Оғыздың тақтан тайып, тұғырдан түсетін мезгілінің жеткенін де болжайтын сол – Ұлық Түрк.

Егер, аты бізге жеткен ежелгі қазақ жырауларының әрі шетінен батыр болғандығын ескерсек, онда тапқырлығымен, болжампаздығымен, шешендігімен дараланатын Ұлық Түрк «Оғыз-наманы» тудырушы жыраудың өзі болуға тиіс.

Задында Тоныкөк пен Асанқайғы, Сыпыра жыраулардың екі аралығындағы жеті-сегіз ғасырдай уақыт мөлшерінде де сөз өнерін дамытуға ықпал жасаған басқа да көптеген ақын-жыраулар өткендігі даусыз. Өкініші – солар әлі күнге дейін анықталмай отыр.

Қазір әбден толысқан, кемеліне келген бүгінгі ғылымымыздың бұрынғы өткен ойшылдарды, ақын-жырауларды анықтап, олардың шығармашылығын шынайы бағалауға мүмкіндігі толық жетеді.

Орхон жазбалары, «Оғыз-нама», «Қорқыт» тәрізді ескерткіштерден бөлек түркология ілімі «Құтадғу-біліг» (XI ғасыр); Ахмет Яссауи, Ахмет Югнаки, Сүлеймен Бақырғани (XII ғасыр); «Мұхаббат-наме», «Жүсіп-Зылиқа», «Гүлстан» (XIV ғ) тәрізді түрк халықтарына ортақ асыл мұраларды, ақындарды атайды. Бұларды да арнайы зерттеп, әдебиетіміздің алтын қорын тереңірек байыта түсуіміз керек.

Орхон ескерткіштерін оқудан, танудан, зерттеуден туған ойлар, міне, осындай.



III. ҚАҒАЗҒА ТАҢБАЛАНҒАН ҚАҺАРМАНДЫҚ ДАСТАНДАР

ҚОРҚЫТ (VIII ғ.)**Қорқыт жайындағы аңыздар және Қорқыт жырлары**

Қорқыт есімімен байланысты аңыздар түрк тектес халықтар арасында әралуан түрде әңгімеленеді. Академик Ә.Марғұлан былай деп жазады: «Ол кісі туралы айтылатын қария сөз Орта Азиядағы түрк тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыздар, ән-күйлер қазақ пен түркпендерде көбірек жолығады». Қорқыт жайындағы деректердің белгілі бола бастауы XII-XIII ғасырлардан бермен қарай. Атақты тарихшы Рашидаддин қыр сахарасында Қорқыт пен «Оғыз-наманың» қатар хикаяланатынын жазған.

Қазақ арасына таралған аңыздардан Қорқытты бірде айтулы күй атасы ретінде көрсек, енді біразында ол өлім атаулыға қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Терең ойлар, ауыр мекнат азабымен өлместікті арман еткен Қорқыт мәңгілік өмір іздеп ел кезеді.

Қазақ арасындағы аңыздарда Қорқыт Ата – көпті көрген батагөй, сәуегей, атақты музыкант әрі ойшыл дария. Ол айтқан болжау дәл келіп отырған. Адам өмірі, мінез-құлық, тағдыр жайында тұңғық, кемелді толғаулар калдырған.

Әлішер Науаи Қорқыт жайында былай деп жазады: «Түрк ұлысы арасында Қорқыт атадан даңқты, одан асқан кісі жоқ еді. Оның даңқына ешкім тең келмейтін. Өзінен кейінгі көп жылғы келешекті болжап айтқыш данышпан еді, оның таң қаларлық нақыл сөздері осы күнге дейін бар».

Қорқыт атадан қалды дейтін шешендік нақыл, ойшыл, өсиет сөздер өмірден түйгені көп кәрі дананың алып бейнесін бүгінгі оқушы қауымға анық елестетеді: «Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді», «Ажал келмей кісі өлмес, өлген адам тірілмес», «Шыққан жан қайтып кірмес», «Бетеге биікке теңесе алмас», «Есекке қанша жүген салғанмен, ат болмас», «Қар қанша қалың жауғанмен, көктемнен қалмас», «Бақ қанша

гүлденгенмен, күзден қалмас», «Ескі темір біз болмас, ескі дұшпан дос болмас», «Ат шалдықпай, жол түгесілмес», «Қанжар тимей жау қайтпас», «Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас», «Қорқаққа қылыш жұмсаудың қажеті жоқ», «Шаба білмеген атты қинайды».

«Адам кірмес қара үйдің құлағаны мақұл. Жылқы жемес арам шөп, өспегені мақұл. Адам ішпес ащы су, ақпағаны мақұл. Даңқ әпермес баланың әкесінің белінен шықпағаны мақұл, құрсағынан ананың шықпағаны мақұл. Жалған сөздің дүниеге келмегені мақұл. Жер құнарын шөппенен қоректенген аң білер. Жер тегісін құлан білер, ауыр-ауыр сілемін түйе білер, жер жапсарын түлкі білер, ұлының кімнен туғанын анасы білер. Ел арасындағы ер мен езді қолына қобыз ұстап аралаған жыршы білер».

Қорқыттың толғаулары дәл осылай, өлең-жыр, даналық сөз болып ел жадында сақталған. Осы қасиетімен Қорқыт қазақтағы жыраулардың жырауы, жыраулардың атасы болып Сыпыра есептеледі. Аңыз-әңгімелер, әфсаналар, зерттеушілер Қорқытты 295 жыл жасаған деседі.

Қорқыт хан сарайында отырмаған, оны біз үнемі ел қамында, тарыққан панасыздың жанында, ізгілік істердің мұратында көреміз. Оның бұл мінезі ерте дәуірдің ойшылы, әрі жырауы Асанқайғыға, Сыпыра жырауға ұқсатады.

Қорқытты жұрт әруақ, бақсы, әулие ретінде де қадірлеген, ардақтаған; дерттен айығу мақсатымен кезінде оның қабіріне келіп түнейтін де болған.

Қорқыт атымен байланысты аңыздың дені оның өлімімен сабақтасады.

Қорқыт адам тіршілігінің тым қысқалығына, өлім деген опатқа наразы болып, содан құтылудың жолын іздеп шарқ ұрады, желмаяға мініп шартарапты кезеді. Қайда барса да алдынан аңырайған көр шығады. Жер шұқығанның бәрі оған: «Қазып жатқанымыз Қорқыттың көрі» деп жауап қатады.

Дүниенің төрт бұрышын кезген сапарында Қорқыт кісі өлімі ғана емес, жүгірген аң, ұшқан құстың жемтігін, тамыры қурап сұлаған бәйтеректі көреді. «Осының бәрі де кезінде тіршілік етті, тыныс алды, енді қысқа өмірі тәмамдалды» деп, соның бәрін көрге санайды. Осының бәрінен Қорқыт өзінің ажалын көргендей болады, «Қайда барсаң Қорқыттың көрі» дейтін сөз осыдан қалған.

Осының бәріне қатты қапа болып, налыған Қорқыт жападан жалғыз күңіренеді. Сөйтіп жүріп өзгеше бір өнер табады. Су үстіне кілем жайып, өзі жасаған жер бетіндегі тұңғыш күй аспабы – қобызбен күңірене сырлы күй шертіп, іштегі шерін ақтарады. Құдіретті күй сазы лезде дүниені түгел баурайды. Өлімге қарсы тартылған, мәңгі тіршілікті мадақтаған Қорқыт күйін естіген бүкіл адамзат, ұшқан құс, жүгірген аң тұра қалып Сыр үстіндегі ғажап күйге құлақ тосады; ұйып тыңдайды. Сөйтіп дүниеде тұңғыш рет музыкалық ләззат берген Қорқыт есімі, М.Әуезов айтқандай: «Қобыздың ішегінде, халықтың жүрегінде» мәңгілікке ұмытылмастай сақталады.

Екінші бір алуан аңызда Қорқыт әзірейілмен кездеседі. Әзірейіл Қорқыттың жанын салып алатын сандық істеп ала келеді. Қорқыт әзірейілмен сөйлесіп тұрып, сандыққа оның өзін алдап салады да, кілттеп суға ағызып жібереді.

Кей аңыздарда жер ортасы Сырға қайтып оралған Қорқыт өлерін сезген соң, айнымас серігі – желмаясын сойып, соның терісін қайық қылып ертелі-кеш қобыз тартады. Өзінің жақын досы Дарабоз арқылы ол жар дегенде жалғыз қарындасы Ақтамаққа соңғы арыздасу-қоштасу сәлемін жолдайды.

Қорқыт ата күн демей, түн демей «Өмір жырын» толассыз тартады. Ажал талай рет төніп келеді, бірақ бебеу қаққан қобыз күйі оған Қорқытты алдыртпайды. Ұйқысыз өткен талай күн, талай түндерден қалжыраған Қорқыт ата бір сәт қалғып кеткенде, ажал «Қайрақ жылан» дейтін улы жыланның бейнесінде келіп Қорқытты шағып өлтіреді.

Міне, қазақ арасындағы Қорқыт жайындағы аңыздардың негізі осындай.

Халық тудырған көне аңыздың мағынасын бұрмалап, Қорқытты пессимист етіп, оның күйін өлім күйі етіп көрсеткісі келушілер де кезінде болған. Ал шындығында Қорқыт жайындағы аңыздарда оптимистік ұғым, толғам басым. Олардағы басты тақырып – Құдаймен алысу тақырыбы.

Дүниежүзі әдебиетінде, әсіресе ескі мифтік аңыздарда, ежелгі жырларда, көне эпостарда Қорқыт тәрізді өлімге қарсы күрескен соқталы бейнелер болған. Соның бірі грек мифіндегі Прометей, осетин аңызындағы Амран, үнді аңызындағы - Сидхарт.

Қорқыт өзі тапқан, өзі тудырған өнерімен халыққа қызмет етті, оның мәңгі өшпестігі осында.

Қорқыт Ата хикаялары VII-XIII ғасырларда Сыр бойын жайлаған оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, ауыздан-ауызға көшіп, түрк тектес халықтардың бәріне түгел жайылған.

Қорқыт тарихта болған адам. Ерте заманның білімпаз-ғұламаларының жазуына қарағанда, Қорқыт Сырдың аяғында Жанкент қаласында, Баят елінде дүниеге келген. Бұл жерден ақындар, жыраулар, даналар көп шықса керек. Солардың ішіндегі ең әйгілісі Әбунасыр әл-Фараби де, онан кейінгі алыбы осы Қорқыт. Ол – оғыз елінің ұлы басшысы, кемеңгер ойшылы, асқан күйшісі. Бірақ оның өз өмірі жайында жазылған деректер тым тапшы.

Солардың ішіндегі ең құндысы да, дәлірегі де атақты тарихшы Рашид-ад-Диннің Қорқыт, Оғыз, олардың ұрпақтары туралы жазбалары.

Академик Ә.Марғұлан Қорқыттың өмірбаянын, ол туралы ескі әфсаналарды келістіре жазған ойшылдардың бірі ретінде атақты тарихшы Абылғазының есімін ерекше атайды.

Абылғазының айтуынша: «Қорқыт – Оғыз қыпшақтарының ұлы атасы, оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, ақылшы, кеңесші. Ол Оғыз хан заманынан қалған тарихи отанға үлгі айтып, билік құрған, дана болған кісі. Оғыз елінің жұрттары: күн шығыста Ыстықкөл, Алмалық, Талас; ортасы Сайрам, Қазығұрт, Қарашық тауы (Қаратау), Темірқазық, Ұлытау, Кішітау, Мыстың кені (Жезқазған); күн батыста Сыр суының аяғы (қазақ жырында: су аяғы Қорқыт), Жанкент, Қарақұм. Осы

айтылған жерлерді Оғыздар бес мың жылдай қоныс етіп отырған. Қай ру мықты болса, хан солардан шықты. Оғыз дәуіріндегі ең күштілер: Қайы (Қаңлы) мен Баят еді, оларға тағы алты ру қосылған».

Оғыздарға ол кезде жақын отырған елдер қаңлылар, қыпшақтар, наймандар, қарлықтар болса керек. Оғыздар Жетісуды, Ыстықкөлді, Алмалықты, Сайрамды оларға қалдырып, өздері Сыр суының аяғын қоныстайды. Ал жаз түсе Ұлытау өңірін, Торғай, Тобыл бойларын жайлайды екен. Ол өзі туған Сырдың бойында дүние салған, бейіті Қызылорда облысы, Қармақшы ауданындағы Қорқыт станциясының түбінде, Сырдың жағасында. Басына жетпісінші жылдары ескерткіш орнатылды.

XII ғасырдан бастап Қорқыт хикаялары әр жерде көшіріліп, кітап болып тарала бастаған. Оның әдепкі жазбалары түгелге дерлік жойылып, бізге екі түрлі нұсқасы ғана келіп жетіп отыр: біріншісі және толығырақ нұсқасы Ватикан (Рим), екіншісі, көлемі шағын нұсқасы, Дрезден (ГДР) кітап қоймаларында сақталуда. Ватикан нұсқасында оғыз сөзі, Дрезден нұсқасында қыпшақ сөзі басым.

Тілі жағынан Қорқыт жырлары түркпен, әзербайжан, қазақ, башқұрт, қарақалпақ тілдеріне жақын да, ал сөз бастауы, баяндау жүйесі оғыз табындағы халықтардың, қазақтың белгілі эпостарымен сабақтас келеді. Жалпы хикая біріне-бірі тығыз байланысты, бір жүйелі (арналы) 12 дербес дастаннан тұрады.

«Расул Алла заманына жақын Баят руында Қорқыт Ата деген ер болыпты, ол кісі тамам оғыздың білікшісі еді, ғайыптан түрлі хабар айтар еді» деп басталатын «Кітаби дедем Қорқыт» «(Қорқыт Ата кітабы)» - ұзақ ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа таралып, үздіксіз әңгімеленіп келген эпикалық аңыздар негізінде туған түрк халықтары әдебиетінің аталған дәуірдегі ең елеулі ескерткіші. Ол сонымен бірге көшпелі түрк руларының әскери және бейбіт өмірін, әдет-ғұрпын, тұрмысын, исламға дейінгі идеологиясын, эпикалық дәстүрді тудырушы халық жырауларының асқан шеберлігін танытатын маңызды мұра болып есептеледі.

«Қорқыт Ата кітабы» орыс, неміс, түрік және итальян тілдеріне аударылған.

Қорқыт жырларын жан-жақты зерттеудің негізін салған кісі орыс ғалымы, әйгілі Шығыс тарихшысы академик Василий Владимирович Бартольд (1869-1930). Қорқыт шығармаларының орыс тіліндегі тұңғыш әрі үлгілі аудармасын жасаған да осы В.В. Бартольд. Бертіндегі зерттеушілердің бәрі де оны орыс тіліне қайта аударудың қажеті жоқ екендігін жиі айтады. Сол себептен де болар, академик В.М.Жирмунский мен А.Н.Кононов бұл шығармалардың В.Бартольд аударған нұсқасын аз ғана қосымшамен 1962 жылы қайта бастырып шығарды.

Қорқыт жырларының Мұхаррам Ергин аударған түрк тіліндегі нұсқасының алғысөзінде аудармашы былай деп жазады: «Мен оқырмандарға түсініктілеу оғыз сөздерін (*әңгіме Осман түркітеріне қатысты айтылып отыр – М.Ж.*) екі нұсқадан таңдап алып көбірек кіргіздім, ал сіздер қыпшақ тайпасына баулы сөздерді өздерің іріктеп алсаңдар, осы күнгі қазақ, қырғыз, тағы басқа халықтар толық түсінеді».

Міне, сондықтан да халқымыздың ертеде жасалған биік әдеби мұрасы – Қорқыт жырларының қыпшақ тіліндегі нұсқасын қазіргі ана тілімізге жаңашалаудың мәні зор. «Қорқыт Ата кітабы» қазақ тіліне де аударылған. Түпнұсқадан емес, орыс тіліндегі нұсқасынан аударылған. Сондықтан да онда орыс тілінде жіберілген қателер сол күйінде қалған. Мен бұл асыл жауһарды қазақ тіліне Дрезден нұсқасынан аударудамын. Оның транскрипциясын түсініктемесімен, сөздігімен қоса аяқтау үстіндемін.

Біз әзірге «Қорқыт Ата кітабынан» қазақ эпостарының табиғатына өте жақын деген үш жырды ғана алып мазмұндап отырмыз.

БҰҚАШ ЖЫРЫ

ЖЫРДЫҢ МАЗМҰНЫ

Хандардың ханы Баюндур аспан астына ала шатыр тіктіріп, қалың кілем төсетіп, жылдағы әдетінше төңірекке ат шаптырып той жасайды. Хан тойдың бір шетіне ақ ту, бір шетіне қара ту, бір шетіне қызыл ту көтертіп:

– Перзенті жоқ қу басты қара тудың, ұлы барды ақ тудың, қызы барды қызыл тудың астына жайғастырыңдар – деп әмір етеді.

Дерсехан деген бектің ұлы да, қызы да жоқ еді. Таңертең күн шыға қасына қырық жігіт ертіп Баюндур ханның тойына келеді. Баюндур ауылының жігіттері астына қара киіз жайып, Дерсеханды қара тудың түбіне отырғызып, алдына қара қойдың етін тартады. Бұған налыған Дерсехан:

– Өзімнен төмендер ақ, қызыл туға жайғасқанда, менің қара туда отыратындай не күнәм бар еді? – деп реніш білдіреді.

– Перзентсіз адам – құдайдың қарғысы атқан жаны. Оның орны Қара ту деп әмір еткен Баюндур ханның өзі, – деп жігіттер оған жауап береді.

Бұған налыған Дерсехан үйіне келіп әйеліне болған оқиғаның бәрін баяндап:

– Құдайдың ұл бермегеніне кінәлі мен бе, әлде сен бе, қылышпен басыңды шауып, қаныңды шашайын ба? – деп қатты ашуланады. Әйелі оған былай дейді:

– Жазғырма текке мені, Дерсехан, ашу шақырма, орныңнан тұр, ала шатырыңды орнат, жылқыдан айғыр, түйеден бура, қойдан қошқар сойдыр, той жаса, төңіректі түгел шақыр; ашты тойындыр, жалаңашты киіндір, қарыздының борышын өте. Таудай етіп ет үй, көлдей етіп қымыз сапыр; сөйтіп құдайдан ақ тіле, тілеуіңді беріп, ұлды боларсың.

Дерсехан әйелі айтқан шарттың бәрін орындап, тойға жиналған жұрт қол жайып құдайдан перзент сұрайды. Тілеуін беріп, көп кешікпей әйелі толғатып, арыстай ұл табады.

Бала алып, ержүрек батыр болып өседі. Жасы он беске жеткенде, жұрт жиналып, Қорқыт Ата баланың атын қояды.

Қорқыт Ата:

– Ей, Дерсехан, тағыңды дайында, еншісін бер, ұлыңды бек сайла. Алдына мал сал, астына құрық мойынды ат мінгіз. Баюндур ханның тажал бұқасын жеңді, баланың аты Бұқаш болсын, өмір жасы ұзақ болсын, – деп ат қойып, батасын береді.

Бала таққа отырады. Таққа отырған жас батыр Дерсеханның қырық нөкеріне көз салмайды. Қадірі кетіп, көңілден таса бола бастаған жігіттер әке мен баланың арасына от салады. Ақырында Дерсехан алда жүрген Бұқаштың ту сыртынан садақ тартып, ат жалын құшқан жас батырдың қызыл қаны жоса болып, төңірек күнәсіз батырдың жас қанына боялады.

Бұл кезде Дерсеханның әйелі мал сойдырып, қасына қырық қыз ертіп Дерсеханның алдынан шығады, бірақ ұлы әкесінің жанында көрінбейді. Бір сұмдықты іші сезген ананың кеудесі – шерге, жүрегі қайғыға толып, қияқтай қара көзінен қанды жас көл болып ағады. Тіршілікте зарығып көрген жалғыз ұлын іздемек болып, дерегін Дерсеханның өзінен сұрайды. Бірақ іштей қан-құса болған Дерсехан әйеліне жауап қатуға жарамайды, қырық батыры: «Ұлың аман, аңда жүр, ертең келіп қалар» – деп алдай салады.

Бұл кезде қансырап жатқан жас батырға Қызыр келіп аян беріп, жарақаттан айығудың емін айтып еді.

Тақат қыла алмаған байғұс ана қасына қырық қыз ертіп, Бұқашын іздеуге аттанады.

Шарқ ұрған ана қансыраған баласының үстінен шығып, тау шөбіне өзінің емшек сүтін қосып, Қызыр айтқан осы бір емді жасайды. Сөйтіп бала әбден айығады.

Бұқаштан қорыққан қырық зұлым Дерсеханды қыл арқанмен матап, басқа бір елге алып кетеді. Мұны естіген анасы Бұқашқа: «Әкең саған зұлымдық жасаса, сен жақсылық істе, жау қолынан азат ет» деп өтінеді. Ана өтінішін құп алып, Бұқаш әкесінің соңынан аттанады. Бір жерге келсе, әлгі қырық жігіт айдалада шатыр тігіп, шарап ішіп отыр екен. Бұқаш бәрін талқандап, әкесін босатып алып, еліне аман-есен оралып, қайтадан бек болады.

ИДЕЯСЫ

Жырдың басты идеясы қазақ эпостарындағы перзентке зарығу мотивімен сабақтасады. Қазақ жырларындағы бұл фабуланың деректі үлгісін «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қозы Қөрпеш-Баян сұлу» жырларынан айқын көреміз. Сексенге келгенше Байбөрі де, Тоқтарбай да, Сарыбай да дәл Дерсехандай бала көрмей, перзентке зарығып, неше түрлі қиямет-қиындықтардан өтіп барып жететін. Алпамыс, Қобыланды ат жалын тарта өзі елін қорғауға аттанса, Бұқаш аңға аттанады. Құралайды көзінен атқан мергендікті, аң аулау, аңмен ел асырау мәселесін жырлау қазақ жырларында ежелден бар. Тіпті мұның өзі дами келе бертінде «Қамбар батыр» жырына басты арқау болғанын білеміз.

Жоғарыда айтылғандардың үстіне «Бұқаш» жырындағы екінші бір өзекті идеяны да атап кеткен жөн. Ол – адамгершілікті ардақтау идеясы. Мұны біз Бұқаштың өзін жаралап кеткен әкесін жау қолынан азат етуінен анық көреміз.

Түптеп келгенде, жыр талай жойқын соғыстардан мезі болған түрк руларының өзіне қорған болғандай батырды, бейбіт өмірді аңсауынан туған. Оған жырдың соңындағы Қорқыт жыраудың мына сөзі дәлел бола алады:

*Қара орманың шайқалмасын,
Мәуелі ағашың құламасын,
Аққан суың сарқылмасын.
Шатырың қисаймасын,
Тұлпарың шалдықпасын,
Болатыңның жүзі қайрылмасын,
Найзаңның ұшы мұқалмасын,
Шырағың жана берсін.*

Жырдағы жаралы Бұқашқа Қызырдың келіп аян беруі, құдайдан медет сұрау – бұлар бергі дәуірдің қоспалары. Өйткені, жыр ислам діні тараудан біраз бұрын шыққан.

САЛОР ҚАЗАН ОРДАСЫНЫҢ ШАБЫЛУЫ ТУРАЛЫ ЖЫР*ЖЫРДЫҢ МАЗМҰНЫ*

Баюндур ханның күйеу баласы, күллі оғыздың бақыты мен тірегі Салор Қазан алтынды ала шатыр тіктіріп, бұрымы беліне түскен Құралай сұлулардың қолынан шарап ішіп отырып, жігіттеріне: «жата-жата жамбас шіритін болды, аң аулап, серуен құрып, көңіл көтерейік» дейді.

Үш жүз жігітпен ұлы Урузды Орда күзетуге қалдырып, аңға аттанады. Қазанбек аңға кетті дегенді естіген жау Шөклі ханның соңына еріп Қазанбектің ордасын шабады. Елін шулатып, малын айдап, кәрі шешесін, жас аруы Бурла-қатынды қырық күтушісімен, ұлы Урузбекті үш жүз нөкерімен байлап әкетеді.

Анда жүрген Қазан сол түні сұмдық түс көреді. Түсінде қолынан сұңқары ұшып, үйіне жай түсіпті.

Ұшқан құспен жарысып ауылына келген Қазанбек түсіндегісін өңінде көреді: – Ордасы ойран, жері талқан болған. Кекке булығып, қаны қайнаған батыр шапқыншылардың соңынан қуады.

Жол үсті келе жатып ордасының дерегін аққан судан, жортқан аңнан сұрайды, бірақ олар тіл қатпайды. Ақырында, мал жайып жүрген қара қойшыға кездесіп, дерегін содан алады. Қара қойшы кәрі шешесінің қара түйеге қосақтаулы, әйелінің матаулы, ұлының жалаң аяқ, жалаң бас айдаулы кетіп бара жатқанын баяндайды.

Ызалы Қазан атқа қамшы салады. Оның соңынан қара қойшы да аттанады. Қазанбек оған: «Қайда барасың, қайт» дейді. Қара қойшы: «Хан, мен сенімен бірге халқымның кегін алуға барам» дейді. Мұны ертсем жұрт: «Қазанбек жауларды қойшының арқасында жеңді деп мазақ етер» деп, Қара қойшыны зәулім бәйтерекке байлап кетеді. Қара қойшы ырғап-ырғап бәйтеректі түбімен қопарып, Қазанды қуып жетеді. Мұны көрген батыр қойшының бетінен сүйіп, арқасындағы таңулы ағашын шешеді. Бұл кезде жеңіске мастанған жау патшасы Шөклі тамашалауға Қазанның әйелі Бурла-қатынды алдырмақ еді, бірақ қырық қыздың арасынан бек падишасын таба алмайды. «Ендеше Қазанның ұлы

Уруздың етін турап, қуырып қырық қыздың алдына тартыңдар, кімде-кім жемесе, сол Қазанбектің әйелі болады», – деп әмір етеді патша. Мұны естіген Бурла-қатын әңгімені баласы Урузға жеткізеді. Жат елде, жасырын жерде, сөйтіп аналы-балалы екеуі ауыр қайғының ащы зарын тартады.

Анасын өлімге қимаған бала шешесіне былай дейді: «Егер де етімді қуырып алдарыңа апарар болса, сездірме, өзгелер бір жапырақ жесе, сен екі жапырақ же; әкем екеуің аман болсаң, мен секілді ұл табасыңдар» дейді.

Урузды алып келіп ағашқа асқалы жатқанда, Қазанбек пен Қара қойшы келіп жетеді. Олардың ізінше Қара Түне, Дундаз, Бейрек, Алып, Ерен, Емен, бұлар секілді тағы басқа да толып жатқан даңқты ерлер келеді. Гәуірлердің күлін көкке ұшырып, тұтқындарын босатып, жеңіспен еліне оралады. Еліне келіп Қара қойшыны бас атқосшысы етіп, жеті күн, жеті түн той жасайды.

ИДЕЯСЫ

Жырдың басты идеясы – өз елін, өз отанын шетел шапқыншыларынан азат ету, қорғау. Елін ойрандап шауып кеткен гәуірлерге қарсы Қазанбек өз намысын іздеп аттанады; жауын жеңіп, халқын босатып алып қайтады.

Бұл айтып отырғанымыз қазақтың ежелгі жырларының бәрінде де кездеседі. Алпамыс – Тайшыққа, Қобыланды – Алшағырға, Тарғын Ақшаханға ел кегі, халық намысы үшін аттанып, дұшпанын жеңіп, кек алып, мерейі үстем болып қайтатын.

Қазан батырға арналған жырда халық өкілі Қара қойшының соқталы бейнесі жасалған. Ол талай сыннан мүдірмей өткен әйгілі, алып ерлермен терезесі тең суреттеледі. Оның тұлғасы оқушының көз алдына халықтың жиынтық образын елестетеді.

Жыр, сонымен бірге, ата-анасына деген перзент махаббатын паш етеді. Ажал үстінде тұрған Уруздың анасы үшін өлімнен бас тартпауы соның айғағы.

«БАМСЫ-БЕЙРЕК» ЖЫРЫ*ЖЫРДЫҢ МАЗМҰНЫ*

Байындыр хан той жасап, төңіректі түгел шақыртады. Тойға Байбура дейтін қарт та келеді. Ол Байындыр ханның қаптаған үрім-бұтағын көргенде, өзінің перзентсіз қубас екендігі есіне түсіп, Төңіріден бала тілеп зарлайды. Көпшіліктің тілеуімен Байбура бек ұлды болады.

Байбижан дейтін бек құдайдан қыз сұрайды. Оның да тілеуін беріп, әйелі қыз туады. Қызының атын Бану-шешек қояды. Сөйтіп, Байбура мен Байбижан баласы мен қызын атастырып, бесік құда болады. Байбураның баласы арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты алып ер болып өседі. Ат жалын тарта аңға аттанады, талай ерлік істер көрсетеді. Жасы он беске жеткенде Байбура үлкен той жасап, халқы жиналып, Қорқыт Ата баланың атын Бамсы деп қояды.

Бамсы Бейрек шұбар айғырына мініп аңға шығады. Алдарынан бір топ киік шығады. Бамсы біреуін қуа жөнеледі. Қуа-қуа ақырында бір жерге келеді. Өлгі жерден жас батыр ғажап оқиғаны көреді: айдалада, көгалда қызыл шатыр тігілген, ішінде сұлу қыз отыр. Бұл өзімен бесікте атастырған Бану-шешек еді.

Бану қыз келген жігіттен жөн білуге жеңгесі Қасыршаны жұмсайды. Қасырша жеңге батырдан сауға сұрайды. Жігіт өзінің кім екенін таныстырып, іште отырған аруды көргісі келетіндігін айтады. Сол кезде отаудан бір сұлу қыз шығып: «Мен Банудың күтушісі боламын, үш түрлі шартым бар; менімен бірге аңға шығасың, атымнан атың озып келсе; садақты менен алысқа тартсаң; күресте жықсаң, онда Бану сендік болады, – дейді.

Сөйтіп екеуі аңға шығады. Батырдың аты бәйгіден келіп, тартқан оғы алысқа түседі. Ең соңында екеуі күресіп, бірін-бірі ала алмай, ұзақ алысады. Ақырында жігіт қыздың жауырынын жерге тигізеді. Сол кезде барып қыз: «Бану-шешек мен едім» дейді. Екеуінің арасындағы

сүйіспеншіліктің белгісі ретінде Бамсы қолындағы жүзігін шешіп қыздың қолына тағады.

Бейрек қызбен қош айтысып, ордасына келіп, үйленгісі келетінін білдіреді. Байбура ақсақал елімен ақылдасып, құдалыққа Қорқыт Атаны жібереді.

Әлқисса, бұл кезде Бану-шешектің тентек ағасы Қаршар шатыр тігіп, өзінің серіктерімен ел шетінде отыр еді. Қорқыт Ата келіп қол қусырып, бас иіп сәлем береді. Атышулы о жар Қаршар аузы көпіріп:

– Менің жерімді рұқсатсыз тірі жан басып көрген жоқ, сені ажал айдап келді ме? - деп долданады.

– Сенің айдан анық, күннен жарық қарындасың Бану-шешекті Бамсы-Бейрекке атастыра келдім, – дейді Қорқыт Ата.

Қатулы Қаршар:

– Бура шөкпеген мың түйе, биеге шаппаған мың айғыр, қашпаған мың қой; құлақсыз, құйрықсыз мың ит әкеліп берсеңдер ғана Бануды аласыңдар, - деп құдалыққа келгендерді кері қайтарады.

Қорқыт Ата Байбураға келіп Қаршар талап еткен қалың малды түгел айдап, қайтып барып Бамсы-Бейрек пен Бану-шешекті қосады.

Ол кезде үйленген жігіт садақ тартып, садағының оғы жеткен жерге шатыр тігіп, тойды сонда өткізеді екен. Дәстүр бойынша, Бейрек те садақ тартып, оғы түскен жерге шатыр тіктіріп, ұлан-асыр той жасайды.

Әлқисса, саған беремін деген қызын Байбижан Бейрекке аттандырғалы жатыр деген хабар гәуірлер бегінің құлағына шалынады. Олар жеті жүз сарбазбен келіп түн ортасында ұйқыда жатқан Бейректі тұтқындап әкетеді. Байбура мен кемпірі таңертең тұрып қараса, тойға тіккен шатыры жоқ, төбесінде айнала ұшып жүрген құзғынды ғана көреді. Қарт Байбура қасіреттен қан құсып, шешесі бетін жыртып, шашын жұлады. Ордада күлкі тыйылып, жеті қарындасы, қосағы Бану қара жамылады. Суық хабар лезде тарап, Бейректің елі азалы күндерді басынан кешіреді. Құсалы, қайғылы жылдар жылжып өтіп, Бейрекке деген жұрт үміті біржолата үзіледі.

Арада он алты жыл өткен соң қыздың ағасы Қаршар: «Кім де кім Бейректің өлі-тірісін біліп келсе, соған қарындасымды беремін» деп жар салады. Бұл сөзді естіген Ялаңшыұлы Ярташұқ дейтін «Мен барамын» деп шығады.

Ярташұқ кезінде Бейрекпен дос болған. Бейрек оған өзіне Бану арнайы тігіп берген жейдені сыйлаған болатын. Сол жейдені қанға малып: «Бейректің өлігінің куәсі» деп, Баюндур ханның алдына әкеліп лақтырып тастайды. Мұны көрген жұрт өгіздей өкіріп, қайта зарлайды.

Жылап-сықтағандарға тоқтау салып Байындыр: «Жә, жыламаңдар, жейдені алдымен Бануға көрсетіңдер, Бейрегіне арнап тіккен жейде екені анық болса тануға тиіс», дейді. Өлгі жейдені әкеліп көрсеткенде, көзіне оттай басылған Бану: «Көзімді ашып көргенім, жүрегімді бергенім» деп, алмадай бетін жыртып, зар еңіреді.

Сонымен Ярташұқ Бануды алмақ боп той қамына кіріседі.

Жалғыз ұлдан әлі де күдерін үзе алмаған қарт Байбура тірі шығар деген далбасамен саудагерлерін Бейректің дерегін іздеуге аттандырады. Олар талай жерді аралап, ең ақырында гәуірлер қамалына келеді. Мұнда гәуірлердің ұлы мейрамы өтіп жатады. Олар дәм жеп, шарап ішіп Бейректі зынданнан алдырып қобыз тартқызып отыр екен. Бейрек келген саудагерлерден елінде болып жатқан әңгіменің бәрін естиді; қабырғасы қайысып, амалсыз егіле жылайды.

Әлқисса, гәуірлердің бегінің бір қызы бар еді. Ол күніне Бейрекке бір рет келіп кетіп жүретін. Бүгін де дағдысы бойынша келіп, Бейректің көңілсіз отырғанын көріп, мұның себебін сұрайды.

– Қайғырмай қайтейін, әкеңе тұтқын болғаныма, міне табаны күректей он алты жыл болды, содан бері ата-анам, ел-жұртым қапалықтан қан құсуда. Мені өлді деп қалыңдығымды Ярташұқ дейтін біреу алғалы жатқан көрінеді, – дейді Бейрек.

Мұны естіген қыз жігітті өте аяп, бұрынғыдан да бетер ұната түседі:

– Егер босатсам, қайтып келіп мені аласың ба? - дейді. Бейрек уәде етеді. Қыз арқан әкеліп, батырды босатып жібереді.

Бейрек еліне келе жатып, жолда жайылып жүрген гәуірлердің жылқысының ішінен өзінің шұбар айғырын көреді. Айғыр да танып, жануар оқыранып келіп иесін иіскелейді.

– Қос жанарың түнде жанған шырақтай, қылшық жүнің жібектей, қос құлағың егіздей, жылқыдан шыққан тектім, заты жылқы дегені болмаса, жан серігім-қанатым, пырағым, – деп, сипалап көзінен сүйіп, Бейрек Шұбарына секіріп мініп, ел қайдасың деп тұлпардың басын қоя береді.

Бейрек ел шетіне келіп бір жыршымен кездеседі. Одан Ярташұқтың Бануды алғалы жатқанын біледі. Батыр қарт жыршының қобызын алып, оған өз атын мінгізіп, жыршы болып әкесінің ордасына кіреді.

Орданың ішінде түбінен сарқырап бұлақ ағып жататын бір бәйтерек бар еді. Бұлақтан су алуға ботадай боздап, көзінің жасы көл болып ең кіші қарындасы келе жатыр екен. «Хабарсыз кеткен жалғызым, ағатайым «Бейрегім» деп еңіреген қарындасының зары батырдың қабырғасын қайыстырады. Шыдай алмаған Бейректің көзінен жасы парлайды.

– Ағатайым деген сөзің жүрегімді елжіретіп, өзегімді өртеп барады, соншалықты не қайғың бар басыңда?

*Алдыңдағы Қаратау,
Кімге жайлау болды екен?
Ағып жатқан қара су,
Кімге сусын болды екен?
Өріс толған сәйгүлік
Кімге мініс болды екен?
Жібек шуда түйелер
Кімге көлік болды екен?
Алаулаған шатырлар
Кімге сая болды екен?*

деп жөн сұрайды.

Қарындасы:

– Бұл өңірдегі мал да, жан да – бәрі де жалғыз ағам Бейректікі еді, ол кеткелі кімге жайлау, кімге көлік, кімге сая болып жатқанын мен

білмеймін. Есінен адасқан мен бейбақтан не жөн сұрайсың, сәл жүрсең алдыңда той болғалы жатыр, сонда бар, - дейді.

Бейрек жолдан түйе жүнінен тоқылған бір кенеп қап тауып алып, айырып үстіне киіп, алба-жұлба диуана болып тойға келеді. Келсе той басында күйеусымақ садақ тартып жатыр екен. Диуана оны әбден қажайды. Намыстанған Ярташұқ:

– Сорлы диуана не деп тұрсың? Кел, менің садағымды тартып көр, тарта алмасаң басыңды аламын, - дейді.

Диуана тартып қалғанда, садақ екі бөлінеді. Сынықтарын жинап, мынауың торғай атудан басқаға жарамайды екен» деп, Ярташұқтың қолына береді. Қатты ашуланған Ярташұқ «Бейректің садағын әкеліндер» деп әмір етеді. Садағын әкеп қолына ұстағанда, Бейректің көзінен жас парлап, қай қайдағы есіне түседі. Садақты толғап, тартып қалғанда, күйеудің аспанда ілулі тұрған жүзігі быт-шыт болады.

Бұл өнерге айызы қанып, риза болған Қазанбек диуананы қасына шақыртып, оған бір күнге өзінің тағын береді.

Еркіндік алған Бейрек бірден барып қайта ұзатылғалы жатқан Банумен тілдеседі. Бану Бейректің даусынан танып, қуанышы қойнына сыймай, атқа мініп Бейректің қарт әке-шешесіне шаба жөнеледі. Келе:

*Құлаған тауың орнына қонды,
Сарқылған бұлағың қайта ақты,
Қураған терегің қайта көктеді,
Жылқың қайта құлындады,
Түйең қайта боталады,
Қойың қайта қоздады.
Он алты жыл хабар-ошарсыз кеткен
Бейрегің келді –*

деп, ата-енесінен сүйінші сұрайды.

Қымбаты табылып, өлгені қайта тірілген қарт ата-ананың сөйтіп сөнген шырағы қайта жанады.

Елінің мауқын басқан Бейрек соңына оғыз батырларын ертіп гәуірлердегі кегін алып қайтады. Еліне келіп қырық күн ойын, қырық күн тойын жасап, Бану-шешекті қайта алады.

ИДЕЯСЫ

Жырдың негізгі идеясы - батырдың өз елін сүйіп, ата-анасына, халқына деген махаббатын жыр ету. Сонымен бірге халыққа қорған болар батырды дәріптеу. Жыр Бейрек, Бану секілді екі жастың арасындағы адал махаббатты, Бейрек пен қарындастары арасындағы бауырластықты ерекше суреттейді. Шығармада әділетке қарсы тұрған зорлық күшінің қалайша күйрейтіндігі өте нанымды дәлелденген.

Жырдағы қарт ата-ананың перзентке деген шексіз ықыласы, ынтасы өз алдына дербес желі құрайды. Зарлап-еңіреп жүріп көрген Бейрегінен айырылған қарт Байбура қайғыдан көзі өз болады. Он алты жыл хабарсыз кеткенде де әке байғұс баласынан күдерін үзбейді.

Жырдағы ата-ананы баладан, сүйікті жарды тектісінен, қарындасты ағасынан, халықты қорғаны болған батырдан айырып жүрген зұлымдық, қас жау келбеті де ерекше суреттелген. Бірақ ол қаншалықты тырысып баққанмен, әділетті жеңе алған жоқ, өзі тапқан бақастық өзіне көр қазды.

Осы айтылғандардың бәрі де жырдың құнын арттыра түседі.

«Бамсы-Бейрек» жыры көптеген түрк халықтары эпосына арқау болған белгілі сюжеттік арнаға құрылған. Бұл жырға түп қазық болған басты желі түрк тілдес халықтардың арасында тамырлас, мазмұндас болып келетін басқа да белгілі жырларды тудырғанын білеміз.

Атап айтқанда, қырғыздың «Жаныш пен Байыш», «Манас» жырлары; қазақтың «Алпамыс», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырлары мен «Желкілдек» атты ерлік ертегісі; алтайдың «Алып Манаш» жыры; башқұрттардың «Алпамыша минән Барсын-хылуу», «Кузый Курпәс минән Маян-хылуу» атты ерлік ертегі-жырлары, татардың «Алпамша» халық ертегісі; өзбектер мен қарақалпақтардың «Алпамыш» жыры - бәрі де бір арнадан тараған желілер.

Осы аталған шығармалардың бәрі де қартайғанша сүймеген перзенттің ащы зарын, сол перзент жолында көрген есепсіз меңнат-азапты суреттеуден басталады. Сәл ғана өзгергені болмаса, «Алпамыс», «Алпамша», «Алып Манаш», «Алпамыша минән Барсын хылуу» жырларындағы кейіпкерлердің аты да (Байбөрі-Байбарақ-Байбура; Алпамыс-Алпамша-Алып Манаш-Алпамыш; Гүлбаршын, Гүлбарчын, Барсын хылуу), тағдыр, іс-әрекеттері де өте ұқсас.

Мәселен, жоғарыда мазмұны келтірілген «Бейрек» жыры мен қазақ жырларын салыстырып қарайық. «Қозы Көрпеш-Баян сұлудағы» Қарабай мен Сарыбай да, «Бамсы-Бейректегі» Байбура мен Байбижан да, «Алпамыстағы» Байбөрі мен Сарыбай да перзентке әбден зарығып жетіп, бір-бірімен бесік құда болды.

Бұдан арғы жыр жалғасы сюжеті жағынан «Алпамыс» пен «Бейректің» тіпті тектес, мазмұндас екендігін дәлелдейді. Алпамыс Гүлбаршынды алуға кеткенде, қалмақтың ханы Тайшық Байбөрінің елін шауып кетеді. Мал-мүлкін, елін азат еткелі барған Алпамыс қалмақтың қолына тұтқынға түседі. Ал, гәуірлер болса, Бейректі Бану-шешекке үйленген түні қапылыста тұтқындап әкетеді. Екеуін де жаулары зынданға тастайды.

Алпамысқа қалмақ ханының қызы Қаракөзайым ғашық болса, Бейрекке гәуірлер бегінің қызы ынтық болады; екі қыз да өздері асық болған тұтқын батырларды бір көруге күніне зынданға келіп тұрады. Алпамысты да, Бейректі де босататын тағы сол жау ханының қыздары. Екеуі де зынданға қырық құлаш қыл арқан тастап шығарып, батырдың қайтып келем, деген уәдесін алып қалады.

«Алпамыс», «Бейрек» жырларында тұтқыннан босанған батырдың ел шетіне келуі де, басына түскен ауыр тағдыр да өте ұқсас суреттеледі. Елінің халін өз көзімен көру үшін олар диуана болып келеді.

Ел шетіне келген Алпамыс Ұлтан құлдың күллі қоңыратқа бек болып, Құлтай бабасын – қойға, Байбөріні – түйеге, шешесін, қарындасын – күңдікке, Жәдігерін қозыға салып, сүйіктісі Гүлбаршынды алғалы жатқанын Тортайдан біледі. Ел шетіне келген Бейрек қарт әкесі мен

шешесінің жылай-жылай көр болғанын, қарындастарының қасірет шеккендерін, елінің әбігерге түскенін, әйелі Бану-шешекті Ярташұқтың алғалы жатқанын қарт жыраудан біледі.

Екеуі де той үстінде диуана болып айтысып, ерлікке тән үлкен өнер көрсетіп, халқын азат етіп, отыз күн ойын, қырық күн тойын жасап, сүйгендеріне қайта қосылады.

Қысқасы, бұл жырлар халыққа қорғаныш, пана болардай алып батырларға ділгір болған дәуірдің желілес туындылары. Бамсы, Алпамыс, Алпамыш, Алпамша, Алып Манаш, Алып Бамсы деген ер есімдерінің өзі де осыны аңғартады.

Академик В.М.Жирмунскийдің айтуынша, жоғарыда аталған ерлік ертегі-жырларына VI-VII ғасырларда туып, түрк руларының арасына кең таралған Алп (алып, ер) жайындағы аңыз негіз болған. Алып жайындағы аңыздың түрк тектес халықтардың ішінде, әсіресе оғыз, қыпшақ тобындағы халықтар арасында мол әңгімеленгені мәлім. Мұның өзі ерте дәуір мұраларын тарихи жағынан салыстыра зерттеудің қажет екендігін тағы да дәлелдейді. Сонда біз эпостарымыздың шығу төркініне, даму эволюциясына сәйкесті көптеген сұрақтардың жауабын таба алатын боламыз.

ҚОРҚЫТ ЖЫРЛАРЫНЫҢ СТИЛІ

Қорқыт жырлары стилі жағынан түрк халықтары тудырған «Күлтегін», «Тоныкөк», «Алпамыс» секілді ежелгі ерлік жырларымен сабақтас келеді. Мұнда да жыр тізбегі көркем қара сөздер түйдегімен үнемі алмасып отырады – оқиға қара сөзбен баяндалып, кейіпкерлер сөзі жырмен жеткізіледі. Өлшемі жағынан әртүрлі, қазақ эпосына тән 7-8 буынды жолдар да мол кездеседі.

Эпикалық шығармаларға тән басты ерекшеліктердің бірі – оларда дәстүрлі қайталаулардың кездесетіндігі. Мұның мысалын «Орхон», «Алпамыс», «Қобыланды» жырларынан кездестірген болсақ, Қорқыт жырларынан да табамыз. Мәселен, әр жыр Байындыр ханның шатыр

тігіп той жасалуынан басталатын болса, міндетті түрде Қорқыт Атаның келуімен және әрбір батырға ат қойып, оған арнап жыр шығаруымен аяқталып отырады.

Қысқасы, «Қорқыт Ата кітабындағы» жырлар – VI-VIII ғасырларда Жетісу өңірі, Сыр бойындағы жыраулар тудырған эпикалық аңыздардың біраз өзгерістерге ұшырап барып қағаз бетіне түскен үлгілері.

ҚОРҚЫТ АТАНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ МҰРАСЫ

Қорқыт атаның музыкалық мұрасының дені қазақта сақталғанымен, ол арнайы зерттеле қоймаған еді. Осы кемшіліктің орнын толтыру мақсатында менің жетекшілігіммен қобызшы Әлқуат Қазақбаев «Қорқыт атаның аңыздары мен күйлері» атты еңбегін аяқтады. Әр деңгейде әңгіме болған аңыздар жинақталып, шығу тарихы мен атауына байланысты бір жүйеге келтірілді. Қорқыт атаға қатысты бұл еңбекке кірген аңыздардың ішінде жарыққа шықпаған жаңа аңыздар да бар. Бұлардың қатарында – АҚШ дипломаты, тарихшы Ю.Скайлердің (Eugene Schuyler) «Turkestan: Notes of a Journey in Russian Turkestan, Khokand, Bukhara and Kuldja» кітабындағы аңыз. Кітап Франция ұлттық кітапханасында сақтаулы. Сергіз тараудан тұратын еңбектің екінші тарауы «Сырдария» деп аталады. Ю.Скайлер аңызды 1873 жылдың сәуір айында Сыр бойындағы Қорқыт ата мазарында болған кезінде жергілікті қазақтардан жазып алған. Тарихшы Қорқыт ата мазарында болып, ол туралы құнды деректермен қатар Сырдария өзенінің суретін жариялаған. Бұл Қорқыт ата туралы Сыр бойында айтылатын аңыздардың ең алғашқы деректерінің бірі болып табылады. Ю.Скайлер 1873 жылы 23 наурызда пойызбен Санкт-Петербургтен Орта Азияға сапарға аттанады. Оның осы сапардағы серігі «Нью Йорк гаралд» газетінің тілшісі Мак-Гахан (J.A. MacGahan) мырза. Ю.Скайлер Сыр бойында көрген, білгенін қағазға түсіріп, Қорқыт атаға қатысты тың деректер келтіреді. Ю.Скайлердің кітабынан мынадай жолдар оқимыз: «№2 бекініске таяғандағы ең соңғы бекетте осыған ұқсап қалатын, алайда қабырлардың көбісі тас кірпіштен салынған бір мазар кезікті, онда араб жазуымен жазылған көптеген құлпытастар бар екен. Жақын маңында көптеген төмпешіктер мен дөңдер байқалады, ол ежелгі Жент (Jend) қаласының көне жұрты болуы әбден мүмкін. Бізге мұндағы ең үлкен зираттың бірін (қазіргі таңда жартылай бұзылған)

«әйгілі әулие Қорқыттың зираты» деп көрсетті. Аталмыш әулие туралы мұндағы ел арасында мынадай бір таңғажайып аңыз бар екен: бойы 14 футқа жететін осы Қорқыт бір кезде дүниенің ең бір шетінде тұратын көрінеді. Бір күні түнде ол түсінде бірнеше адамның қабір қазып жатқанын көріп, «сендер мұны кімге қазып жатырсыңдар?» деп сұрайды. Сонда әлгі адамдар: «Қорқытқа» деп жауап берген екен. Таңқалған Қорқыт өзіне төніп тұрған өлімнен құтылу үшін келесі күні дүниенің басқа бір жағына барып тұрыпты. Сөйтсе, ол сол жерде де әлгі түсті көрген. Таң ата салысымен Қорқыт тағы да аттанған. Сөйтіп, артынан түсі де қуалап жүрген ол жер шарының бұрыш-бұрышын басып өткен. Ақырында, енді қайда барарын білмей торыққан ол әлемнің дәл ортасына барып тұруға бел буған, ал әлемнің ортасы Сырдың бойындағы дәл осы жер болып шыққан. Ол осылай ойлай салысымен дереу көшкен. Алайда оның түсі сонда да оған ілесіп алған. Қасиетті бұл кісі сонан соң «тағдырымды бір алдап көрейінші» деп ойлаған көрінеді. «Енді құрлықта мен аман қалатын жер қалмады-ау» деп ойлаған ол судың үстінде тұру туралы шешім қабылдайды да сыртқы шапанын Сырдың бетіне жайып алып, оның үстіне өзі барып отырады. Ол осылайша 100 жыл өмір сүріп, қайтыс болғанға дейін ылғи да қобыз тартып отырыпты. Сонан соң ыждағатты мұсылмандар оның денесін осында әкеліп көміпті».

Осы аңыздың В.В.Вельяминов-Зернов жеткізген бір нұсқасын ғалым-ориенталист И.А.Кастанье «Древности киргизской степи и Оренбургского края» атты мақаласында келтірген. Алғаш рет жарияланып отырған тағы бір аңызды «Қорқыт» күйін 1971 жылы қобызда орындаған дәулескер қобызшы Дәулет Мықтыбаев айтқан. Бұл аңызды Ә.Қазақбаев 1991 жылы Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының фольклорлық кабинетінен ұнтаспаға жазып алған. Ол 2000 жылы Астана қаласына келгеннен кейін Қорқыт атаның аңыздары мен күйлерін жинауға кірісіп, Қызылорда қаласындағы журналист Ахат Жанаевтың үйіне арнайы барып, Қорқыт бабамыздың күйлерін біздің заманымызға жеткізген

қобызшы Нышан Шәменұлының айтқан аңыздары мен күйлері туралы кеңінен мағлұмат алады. Ахат Жанаев 1975 жылы республикалық радионың Қызылорда облысындағы меншікті тілшісі болып қызмет атқарған, Қорқыт ата күйлерін үнтаспаға алғаш жазып алған кісі. Аңыздар бұрынғы нұсқаларымен салыстырылып, жүйеге келтіріліп жарияланып отыр. Ә.Қазақбаев 2004 жылы Мәскеу қаласында Қарашай-Шеркес Республикасының халық жазушысы Иса Капаевпен арнайы кездесіп, қобыз тарихы мен күйлер жайында сұхбат құрады. 1999 жылы жазушының тарихи әңгімелері, эсселері қамтылған «Уплывающие тени» атты кітабында Қорқыт ата туралы ноғай халқында сақталған аңыз жарық көрген. 1975 жылы академик Әлкей Марғұланның айтуымен, фольклоршы ғалым Мардан Байділдаев күй аңыздарын айтушы, қобызшы Нышан Шәменұлынан Қорқыт ата күйлерін шілде айының 20-сы күні жаздырып алған. Бұл күйлерді қобызшы, профессор Мұсабек Жарқынбеков нотаға түсірген. Соның нәтижесінде бұл күйлер Мұсабек Жарқынбековтің «Қорқыт. Елім-ай» кітабында жарық көрген. 1982 жылы Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасы «Қорқыттың күйлері» атты күйтабақ шығарды. М.Жарқынбеков 1975 жылы Нышан Шәменұлымен арнайы кездесіп, бабамыздың күйлері мен аңыздарын өзі үнтаспаға жазып алған. Ізденістер нәтижесінде Қорқыт атаның бұрын белгілі болған барлық күйлерін Ә.Қазақбаев түпнұсқадан қайта нотаға түсіріп шықты. 2009 жылы «Мәдени мұра» ұлттық жобасы аясында жарық көрген «Қазақтың 1000 күйі» атты үнтаспаға Қорқыт Атаның «Қорқыттың күйі» және халық күйі «Қорқыттың қобызы» сыбызғыда Құсман Мақмырзаның орындауында кірген. Ұлы қобызшының күйін Құсман Мақмырза өз кезегінде сыбызғыда тамылжыта орындаған екен. Әлқуат осы орындаудағы күйді нотаға түсіріп, алғаш рет кітапқа кіргізіп отыр. Қазақта қобызда орындалатын күйлердің домбырада да орындалу дәстүрі сақталған. Күйші Қалдыбек Өзбеков Қорқыт атамыздың атақты «Қоңыр» күйін домбырада орындаған. Бұл күйді қобызда дәулескер күйші Жаппас Қаламбаев та орындаған. «Қоңыр» күйіне әлемде тең келетін туынды жоқ. Домбырадағы орындаған

нұсқасының бұл еңбекте алғаш жариялануы – қазақ музыка тарихында айтулы жаңалық. Қазақтан шыққан дананың бірі Шәкәрім Құдайбердіұлы Қорқыт атаның сарынына өзі арнайы сөз жазған. Бұл сарын бірнеше ғылыми еңбектерде жарық көрген. Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясының фольклорлық зертханасының қорында қызмет атқарған музыкатанушы Асқан Серікбаева 1959 жылы Шәкәрімнің үнтаспаға жазылған әндерін нотаға түсірген. Қазақтың музыка тарихына Асқан апайымыздың сіңірген еңбегі орасан зор. Шалғай жатқан өңірлерге барып асыл мұраларымызды теріп, тізбектеп жинаған ғалым.

Шәкәрімнің музыкалық мұрасын зерттеуші Арғынбек Ахметжанов 1979 жылы Қорқыт атаның сарынын нотаға түсірген. Профессор Оразғали Сейтқазының қобызға өңдеген нұсқасы осы еңбекте жарияланды. «Қазақ күйлерінің тарихы» атты кітапта берілген «Тәңір күйі» Қорқыт атаның күйі деп жазылған. Бұл күйдің бабамыздың күйі екендігі туралы академик Әлкей Марғұлан да дерек қалдырған. Күйді орындаған қобызшы Дәулет Мықтыбаев. Нотаға түсірген профессор Базархан Қосбасаров. Сібірге жер аударылып, 1711-1722 жылдары Сібірдің тарихы, этнографиясы жөнінде материалдар жинаған швед офицері Табберт фон Иоган Страленбергтің (1676-1747) сызған географиялық картасы аса құнды. Картада Қорқыт ата мазары белгіленген. Бұл қазіргі таңда Сыр бойында өмір сүрген Қорқыт ата туралы ең алғашқы тарихи дерек. Сонымен, Қазақстанда Қорқыт ата мұрасын зерттеудің жаңа дәуірі басталды деуге болады.